



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

**Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
Шоғырландырылған қаржылық есептілік және
Тәуелсіз аудитордың есебі**

2020 жылғы 31 желтоқсан

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	5-6

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі	7
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері	7
3 Жаңа есепке алу ережелері	24
4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар	25
5 Сегменттер бойынша ақпарат	32
6 Байланысты тараптардың есептері мен операциялары	36
7 Негізгі құралдар	39
8 Материалдық емес активтер	40
9 Пайдалану және жалдау міндеттемелері түріндегі активтер	41
10 Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар	41
11 Өзге ұзақ мерзімді активтер	43
12 Тауар-материалдық қорлар	44
13 Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және басқа дебиторлық берешек	45
14 Өзге қысқа мерзімді активтер	46
15 Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	47
16 Капитал	47
17 Күл шығарындыларын жоюға арналған резерв	48
18 Қарыздар	48
19 Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	56
20 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	57
21 Түсім	57
22 Сатудың өзіндік құны	58
23 Іске асыру шығындары	58
24 Жалпы және әкімшілік шығындар	58
25 Өзге табыстар, таза	58
26 Қаржылық табыстар	59
27 Қаржылық шығындар	59
28 Табыс салығы бойынша шығындар	60
29 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	63
30 Бақыланбайтын үлес	67
31 Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар	68
32 Қаржылық тәуекелдерді басқару	69
33 Әділ құн туралы ақпаратты ашу	78
34 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар	80
35 Акцияға тиесілі пайда және бір акцияның теңгерімдік құны	80

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКЦИОНЕРІНЕ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ

Біздің Пікіріміз

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі «Компания») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп «Топ» деп аталады) 2020 жылдың 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі олардың қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес барлық маңызды жақтарынан анық көрсетеді.

Аудит тақырыбы

Біз Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік, ол келесілерді қамтиды:

- 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі пайда немесе шығын және басқа жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп;
- жоғарыда көрсетілген күнмен аяқталатын жыл ішіндегі ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп;
- есеп саясатының негізгі ережелеріне және басқа да түсіндірме ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертулер.

Пікір білдіру үшін негіз


Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік (ХАС). Осы стандарттарға сәйкес Біздің жауапкершілігіміз «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде төменде сипатталған.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізді қамтамасыз ету үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз халықаралық бухгалтерлер этика стандарттары Кеңесінің профессионалды бухгалтерлер этика Кодексіне (ХБЭСК) сәйкес Топқа тәуелсізбіз. Біз ХБЭСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық .

Біздің аудит тәсіліміз**Қысқаша шолу**



- Жалпы Топтың маңыздылығы: 2,550,000 мың теңге, 2020 жылдың 31 желтоқсанымен аяқталған жылдық табыстың 0.9% құрайды.
- Біз Компанияға, және оның Қазақстан аумағында орналасқан 5 еншілес кәсіпорындарына мен 2 бірлескен кәсіпорынына аудиторлық рәсімдер жүргіздік.
- Біздің аудиттың көлемі барлық активтердің 94%, жалпы түсімнің 96%-ын және Топтың таза пайдасының абсолюттік мөлшерінің 93% қамтыды.
- Негізгі құралдарының және материалдық емес активтердің құнсыздануы;
- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» (ЕГРЭС-2) бірлескен кәсіпорнына салынған инвестицияның құнсыздануы;

Біздің аудит методологиямыз маңыздылықты анықтау және шоғырландырылған қаржылық есептің маңызды бұрмалануының тәуекелдерін бағалауын қамтиды. Атап айтқанда, біз қай жерлерде басшылық субъективті пайымдау жасағанын талдадық, мысалы, жорамалдар мен табиғатына байланысты белгісіз болашақтағы оқиғаларды талдауды талап ететін маңызды бухгалтерлік бағалауларды. Біз сондай-ақ басшылықтың ішкі бақылауларды елемей тәуекелін қарастырдық, соның ішінде, басқа да мәселелермен қатар, алаяқтықпен туындалған елеулі бұрмалау қауіп белгілерінің барлығын бағаладық.

Маңыздылық

Аудит көлемін анықтауға маңыздылықты қолдануымыз септігін тигізді. Аудит қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаулардың болмауына жеткілікті сенімділік алу үшін жобаланған. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер салдарынан туындауы мүмкін. Олар маңызды болып саналады, егер жеке немесе жиынтығында, олар шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуіне негіз бар деп күтілсе.

Біз өзіміздің кәсіби пікірімізге сүйене отырып, маңыздылық үшін қажет төмендегі кестеде көрсетілгендей белгілі бір сандық мөлшердегі шектер орнаттық, соның ішінде тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржы есептілігі үшін жалпы топтық маңыздылық үшін. Осы мөлшерлердің арқасында, және де сапалы факторларды есепке ала отырып, біз аудиттің көлемін, түрін, мерзімін және біздің аудиторлық шаралардың ауқымын анықтадық, сондай-ақ бұрмалаулардың жеке немесе жиынтығында шоғырландырылған қаржылық есепке тигізетін септігін бағаладық, тұтастай алғанда.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деңгейіндегі маңыздылық

2020 жылға 2,550,000 мың теңге

Берілген деңгей қалай анықталды

Табыстың 0.9 %

Маңыздылық белгілерін қолдану негіздері

Біз базалық көрсеткіш ретінде табысты таңдадық. Біз салық салынғанға дейінгі пайданы оның ауытқуына байланысты қолданған жоқпыз. Оның орнына біз көп өзгеріске ұшырамайтын және Топтың қызметінің нәтижесін бағалау мақсатында Акционердің қолданатын табыс көрсеткішін қолдандық. Біз табыс көрсеткіші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің пайдаланушылары қолданатын көпшілік мақұлдаған бағдарлық көрсеткіш болып табылады деп сенеміз.

Біз табыстың 0.9% тең болатын маңыздылықты орнаттық. Біздің кәсіби пікіріміз бойынша бұл маңыздылық қолайлы сандық шектемелер ауқымына кіреді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Негізгі аудит мәселелері, біздің кәсіби пікіріміз бойынша, ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудит үшін маңызды деп есептелінетін мәселелер болып табылады. Біз бұл мәселелерді шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудит мәтінінде біртұтас алып қарастырдық, және бұл мәселелерге байланысты бөлек пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

Негізгі құралдарының және материалдық емес активтердің құнсыздануы

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің №4 ескертпені қараңыз.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ басшылығы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану индикаторларына талдау жүргізді. Жүргізілген талдау негізінде Топ басшылығы энергия өндіруші және таратушы кәсіпорындар үшін құнсыздану индикаторларын анықтаған жоқ. Алайда шикізат бағасының өзгеруі газды барлаумен және өндірумен айналысатын «Teric Мұнай» ЖШС-ның негізгі

Топ басшылығы «Болат Нуржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі - ЕГРЭС-1), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «АЖК») және «АлЭС» АҚ-ның негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздану индикаторларын талдау жасады және «Teric Мұнай» ЖШС-ның негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест жүргізді.

Басшылықтың негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану

Аудиттің негізгі мәселелері

құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздану ықтималдылығының факторы болып табылады.

Біз негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану мәселесіне олардың баланстық құнының маңыздылығына, сондай-ақ басшылықтың негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы мен оларды пайдалану құнының индикаторларына жасалған талдауды бағалау процесі күрделі болып табылатындығына байланысты ерекше назар аудардық, өйткені ол болашақ нарықтық және экономикалық жағдайларға және Топтың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне қатысты маңызды пайымдаулар мен бағалауды қолдануға негізделген.

Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

индикаторларын талдауға қатысты жүргізген біздің рәсімдерімізге мыналарды қамтыды:

- электр энергиясының тарифінде ескерілетін тіркелген пайданы анықтаудың жаңа әдістемесін зерттеу және жаңа әдістеменің негізінде басшылықтың тарифтің есебін тексеруі.
- құнсыздану индикаторларын талдаған кезде басшылық пайдаланған негізгі болжамдардың дәлдігі мен орындылығын тексеру;
- энергетика саласындағы экономикалық және нарықтық үрдістерді зерттеу;

«АлЭС» АҚ үшін қосымша мынадай рәсім өткізілді:

- электр қуаты нарығының тетігі есебінен Топқа Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту бойынша салынған инвестициялардың өтелімділігін қамтамасыз ететін «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілетін түзетулердің жобасымен танысу. Басшылықпен сұхбат жүргізіп, түзетулердің жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісіліп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына жіберілетінін білдік.

Біз активтердің құнсыздануын бағалау үшін басшылық тарапынан тартылған сарапшылардың қолданған модельін алып, зерттеп, бағаладық, сонымен қатар модельде қолданылған әдіснама мен негізгі болжамдарды, олардың бюджет пен бизнес-жоспарға, сыртқы ақпаратқа және саланың ерекшеліктерін ескере отырып, сарапшыларымыздың біліміне сәйкестігін бағаладық. Біз бағалау жөніндегі сарапшыларымызды құнсыздануды бағалаған кезде қолданылған болжамдар мен әдіснамаларға қатысты қорытынды жасау үшін тарттық.

Басшылықтың негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануын

Аудиттің негізгі мәселелері

Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды

бағалауына қатысты рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:

- басшылық тарапынан тартылған тәуелсіз сарапшылардың құзыреттілігін, біліктілігін, тәжірибесі мен объективтілігін бағалау;
- басқа активтердің қалыптастыратын ақша ағындарына қарамастан ақша ағындарын тудыратын активтердің сәйкестендірілетін топтарын анықтауға талдау жасау;
- басшылықтың тестілеуді өткізу кезінде пайдаланған негізгі болжамдардың дәлдігі мен орындылығын тексеру;
- модельдің басқа да кіріс деректерін қарастыру және оларды Даму жоспары сияқты растаушы құжаттармен салғастыру, сондай-ақ орынды жерлерде Даму жоспарын нақты нәтижелермен салыстыру;
- құнсыздануға арналған тесті бағалау үшін басшылықпен бірқатар сұхбат жүргізу;
- өткен жылдың болжамымен салыстырғанда жылдың нақты көрсеткіштерін бағалау;
- негізгі болжамдардағы мүмкін болатын негізгі өзгерістердің әлеуетті әсерін қарастыру.

Біз сондай-ақ (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» ХҚЕС талаптарына сәйкес, Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4-ескертпедегі ақпаратты ашып көрсетудің жеткіліктілігіне назар аудардық.

Аудиттің негізгі мәселелері**Негізгі аудит мәселелері бойынша қандай аудиторлық рәсімдер орындалды*****ЕГРЭС–2-ге жасалған инвестицияның құнсыздануы***

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің №4 ескертпені қараңыз.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басшылық жүргізілген құнсыздану индикаторына жасалған талдау нәтижесінде тарифтерді реттейтін заңнамадағы өзгерістер, № 3 энергия блоктың құрылыстың аяқталуы, және одан әрі № 3 энергия блогымен өндірілген электр энергиясын сату мәселесі сияқты белгісіздікке байланысты қаржылық емес активтердің құнсыздану ықтималдығының факторы болып табылады деген қорытындыға келді.

2020 жылдың 31 желтоқсанына Топтың ЕГРЭС- 2-ге жасалған инвестициясының баланстық құны 15,934,313 мың теңгені құрайды.

Біз осы инвестицияның құнсыздану мөлшерінің маңыздылығы мен оның өтелетін сомасын бағалау үдерісінің күрделілігін ескере отырып бұл сұраққа ерекше назар аудардық.

Біз компонент аудиторының жұмыс құжаттамасына шолу жасап, онымен ЕГРЭС–2-нің негізгі құралдарын құнсыздану тексеру моделінде басшылық қолданған әдіснамасы мен негізгі жорамалдарын талқыладық. Біз негізгі жорамалдардың біздің ЕГРЭС–2 операциялары туралы негізгі түсініктерімізге қаншалықты сәйкес келетінін бағаладық.

Сонымен қатар, біз Топтың басшылығымен және Аудит Комитетімен аталған инвестицияға қатысты болашақ жоспарларды талқыладық.

Біз сондай-ақ ХҚЕС (IAS) 36 «Активтердің құнсыздануы» сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептің 4-ескертпесіндегі ақпараттың ашылуының жеткіліктілігіне назар салдық.

Топ аудитінің көлемін анықтау

Біз аудит көлемін шоғырландырылған қаржылық есептілікке тұтастай Топтың құрылымын есепке ала отырып, және Топ қолданатын есептік процесстер мен бақылау құралдарын, сондай-ақ, Топ қызмет ететін саланың ерекшелігін есепке ала отырып, өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті жұмыс көлемін орындай алатындай анықтадық.

Топтық аудитке жалпы тәсілді айқындаған кезде біз өзіміз, топтық аудитор ретінде жасайтын немесе нұсқаулықтарға сәйкес жұмыс істейтін басқа да аудиторлық фирмаларды қоса алғанда компоненттік аудиторлар жасайтын жұмыстың түрін анықтадық. Жұмыстарды компонент аудиторлары жүзеге асырған жағдайда, біз тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептемесі туралы пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алынған деп тұжырымдау үшін осы компоненттердің аудитіне қатысуымыздың қажетті деңгейін анықтадық.



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

7 - бет

Топтың активтері мен операциялары 21 субъект (компонент) бойынша бөлінген, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар бар. Солардың ішінен біз 8-ін маңызды компонент деп таптық, құрамында Компания, және оның 5 еншілес компаниясы мен 2 бірлескен кәсіпорын бар.

7 маңызды компонентерге біз немесе өзге тәуілсіз аудиторлар Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін пайдаланатын компоненттердің қаржылық ақпаратын толық тексердік. Біз өзге аудиторлардың жасаған жұмыс құжаттамасына шолу жасап, олармен негізгі жорамалдарды және әдіснамаларды талқылап, олардың СМЭСБ Кодексі талаптарына сәйкес тәуелсіздігіне растау алдық. Сондай-ақ, біз негізгі аудит мәселелерін басшылықпен және Аудит Комитетімен талқыладық.

Топтың өзге компанияларын біз маңызды емес деп танып, олардың ең маңызды деп танылған қаржылық есептіліктің қатарларына аудиторлық рәсімдер мен жалпы аналитикалық рәсімдер жүргіздік.

Жалпы, біз жүргізген аудиттің көлемі Топтың барлық активтерінің 94%-ын, жалпы түсімнің 96%-дан көбін және таза пайданың абсолюттік мөлшерінің 93%-ын қамтыды. Жоғарыда айтылған біз жүргізген рәсімдер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты жеткілікті әрі тиісті дәлелдерді алуға және біздің аудиторлық қорытындының негізін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепті қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен оған тәуелсіз аудитордың қорытындысын қамтымайды. Бұл есеп, шамамен, біздің аудиторлық қорытындының күнінен соң бізге берілетін болады.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікіріміз өзге ақпаратты қамтымайды, және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір формада сенімділік білдіретін қорытынды жасамаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізілген аудитке байланысты, біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратты алған кезде, онымен танысып, және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есеп немесе біз аудит барысында алған біліміміз арасында маңызды келіспеушіліктердің бар болуы туралы, және өзге ақпараттың басқа мүмкін маңызды бұрмалаулары бар болуы туралы сұрақтарды қарастыру болып табылады.

Егер жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу барысында, оның маңызды бұрмалауы бар туралы қорытындыға келсек, біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға айтуға міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты адамдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалуына және дұрыс ұсынылуына, басшылықтың қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп санайтын ішкі бақылауына және алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан айтарлықтай бұрмаланбауына жауапты.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

8 - бет

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті даярлай отырып, басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті жағдайлардағы мәліметтерді ашуға, және есептіліктің қызметтің үздіксіздігі жорамалының негізінде жасалуына жауапкершілік алады, басшылық Топты жоюға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайды, немесе қызметті тоқтату мен жоюдан басқа нақты қандай да бір балама болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау процессін қадағалауға жауапкершілік алады.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікте алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан туындайтын елеулі бұрмалаулардың жоқ екендігі туралы сапалы кепілділікті алу, және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Сапалы кепілділік дегеніміз, жоғары деңгейдегі кепілділікті білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулардың бар болған жағдайында, оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік болып саналмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттер мен қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін, және егер олар, жеке немесе тұтастай қолданушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді деп негізді болжауға болатын болса, маңызды болып есептелінеді.

ХАС-на тиісті жүргізілетін аудит барысында, біз кәсіби пікір қолданып, кәсіби күдікшілдікті сақтаймыз. Бұдан басқа, біз төмендегілерді орындаймыз:

- алақол әрекеттер немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі айтарлықтай бұрмалаулардың тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді жобалаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін, жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алақол әрекеттердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелі, қателіктердің салдарынан болған елеулі бұрмалаулардың тәуекелінен жоғарырақ, себебі, алақол әрекеттерге келісу, жалғандық, қасақана жіберу, ақпаратты бұрмаланған күйінде беру немесе ішкі бақылауды айналып өтетін іс-әрекеттер жатады;
- тиісті жағдайларға қатысты аудиторлық рәсімдерді жобалау мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесіне түсінік аламыз, бірақ Топтың ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығын, басшылық дайындаған тиісті ақпараттың ашылуы мен бухгалтерлік бағалардың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалдың қолданылуының орындылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілеттілігіне елеулі күмәндар тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты маңызды белгісіздіктердің бар болуы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біздің қорытындыда маңызды белгісіздік болған жағдайда, біз өз қорытындымызда шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудару керекпіз, егер ондай ақпараттың ашылуы орынсыз болған жағдайда, біз өз пікірімізді өзгерту керекпіз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының шығарылу күніне дейінгі жиналған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, одан кейін болатын оқиғалар немесе шарттар Топтың қызметінің үздіксіздік қабілеттілігін тоқтатуына әкеп соқтыруы мүмкін;

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ (ЖАЛҒАСЫ)

9 - бет

- жалпы ұсынылуына, құрылымы мен мазмұнына, ақпараттың ашылуына, және де негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды осы шоғырландырылған қаржы есептілікте дұрыс ұсынылғанына баға береміз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін, Топқа кіретін ұйымдар немесе кәсіпкерлік қызметтердің қаржылық ақпараттарына қатысты жеткілікті аудиторлық дәлелдемелерді алу. Біз Топ аудитінің басқаруына, бақылауына және жүргізілуіне жауап береміз. Біз өз пікірімізге толықтай жауапкершілік аламыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты адамдармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижелерінен туындаған маңызды қорытындылар туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ, корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды ұстанғанымыз туралы хабарлаймыз, және аудитордың тәуелсіздігіне ықпал етуіне негізі бар деп санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге сұрақтар туралы, және қажет болған жағдайда, тиісті сақтық шаралары туралы мәлімдейміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты адамдарға берілген мәліметтердің ішінен, біз ағымдағы кезеңнің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін маңызды болып саналатындарын анықтаймыз және сондықтан олар аудиттің негізгі мәселелері болып есептеледі. Бұл мәселелерді өз қорытындымызда баяндаймыз, келесі жағдайлардан басқа кездерде: жария етуге заңды түрде немесе нормативтік актпен тыйым салынғанда, немесе сирек жағдайларда біз бұл ақпараттың біздің қорытындымызда хабарлануының қажет емес жағдайларда, өйткені бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оны хабарлаудың қоғамдық маңызы бар пайдасынан асып кетеді.

PricewaterhouseCoopers LLP

2021 жылғы 26 ақпан
Алматы, Қазақстан

Бекітілді және қол қойылды:



Дана Инкарбекова
«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Басқарушы директоры

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
1999 жылғы 21 қазандағы №0000005
Бас мемлекеттік лицензиясы)

Аудитор-орындаушы
(2000 жылғы 18 қаңтардағы №0000492
Аудитордың Квалификациялық куәлігі)

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	7	731,640,116	752,989,264
Инвестициялық меншік		247,283	350,401
Материалдық емес активтер	8	3,570,398	3,691,945
Пайдалану құқығы түріндегі актив	9	3,137,624	2,850,017
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы инвестициялар	10	60,611,199	54,143,504
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	11	13,667,103	4,597,856
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		812,873,723	818,622,987
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	12	11,674,146	10,572,869
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешек және өзге де дебиторлық берешек	13	37,660,312	28,923,422
Өзге де қысқа мерзімді активтер	14	12,308,536	17,687,371
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		1,294,554	1,403,568
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	15	9,893,878	12,007,037
Қысқа мерзімді активтер жиыны		72,831,426	70,594,267
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		885,705,149	889,217,254

2021 жылдың 26 ақпанында басшылықтың атынан қол қойылды.

Рыскулов Айдар Қайратұлы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі» – Бас
 бухгалтер

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгемөн	Ескертпе	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	16	376,045,927	373,314,888
Өзге резервтегі капитал	16	125,168,047	127,357,014
Өтелмеген залал		(11,882,206)	(16,823,598)
Топ акционерлеріне тиесілі капитал		489,331,768	483,848,304
Бақыламайтын акционерлер үлесі		1,243,868	1,168,066
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		490,575,636	485,016,370
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві	17	3,227,678	2,217,222
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		1,508,353	1,566,676
Қарыздар	18	208,645,370	212,584,076
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	19	3,952,150	4,331,376
Ұзақ мерзімді жалдау міндеттемелері	9	1,696,109	1,660,455
Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша міндеттемелер		78,743,252	80,529,427
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		297,772,912	302,889,232
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Күл үйінділерін жоюға арналған резерві	17	196,296	114,369
Қарыздар	18	55,307,806	57,355,607
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		177,689	99,197
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	20	35,772,454	38,738,066
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек		4,557,802	3,599,886
Қысқа мерзімді жалдау бойынша міндеттемелер	9	1,106,004	1,036,163
Төленетін табыс салығы		238,550	368,364
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		97,356,601	101,311,652
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		395,129,513	404,200,884
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		885,705,149	889,217,254
Бір жай акцияның баланстық құны	35	86,937	85,925

2021 жылдың 26 аяғында басшылықтың атынан қол қойылды.

Рыскулов Айдар Қайратұлы
 Экономика және қаржы жөніндегі
 басқарушы директор



(Handwritten signature)

Төлекова Сәуле Бекзадақызы
 «Бухгалтерлік және Салық Есебі» – Бас
 бухгалтер

7-беттен 81-бетке дейін қоса берілген ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**Пайда немесе шығын және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп**

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескертпе	2020	2019
Түсім	21	283,010,448	243,722,396
Сатудың өзіндік құны	22	(225,184,593)	(195,890,779)
Жалпы пайда		57,825,855	47,831,617
Іске асыру шығындары	23	(10,201,938)	(7,998,630)
Жалпы және әкімшілік шығындар	24	(15,825,858)	(12,709,701)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың табыстарындағы үлес	10	9,473,513	11,191,438
Активтердің құнсыздану (шығындары)/активтердің құнсыздануын қалпына келтіру табыстары		(1,329,454)	1,398,565
Өзге табыстар	25	4,060,599	3,221,259
Өзге шығындар	25	(1,576,498)	(1,598,778)
Қаржылық табыстар	26	2,916,161	2,811,986
Қаржылық шығындар	27	(31,603,590)	(32,319,252)
Салық салғанға дейінгі пайда		13,738,790	11,828,504
Табыс салығы бойынша шығындар	28	(5,655,365)	(4,717,155)
Кезеңдегі пайда		8,083,425	7,111,349
<i>Өзге де шығындар (залалы) (Қайта жіктеу салдарынан пайдалар немесе шығындар құрамына жатпайтын баптар)</i>			
Еңбек қызметін аяқтау бойынша сыйақылар міндеттемелерін қайта бағалау		(338,765)	(55,895)
Кезеңдегі жиынтық пайда		7,744,660	7,055,454
Тиесілі пайда:			
Топ акционерлеріне		8,007,623	6,834,875
Бақыланбайтын үлесіне	30	75,802	276,474
Кезеңдегі пайда		8,083,425	7,111,349
Тиесілі барлық жиынтық кіріс:			
Топ Акционерлеріне		7,668,858	6,778,980
Бақыламайтын үлеске	30	75,802	276,474
Кезеңдегі жиынтық кіріс		7,744,660	7,055,454
Топ иелеріне тиесілі акциялардың базалық және көбейтілген пайдасы	35	1,429	1,220

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгемен	Ескертпе	Топ акционерлеріне тиесілі					
		Акционерлік капитал	Өзге де резервтік капитал	Өтелмеген залал	Барлығы	Бақылмайтын үлес	Барлық капитал
2019 ж. 1 қаңтарындағы қалдық		373,314,888	127,412,909	(21,607,444)	479,120,353	891,592	480,011,945
Жыл ішіндегі пайда		-	-	6,834,875	6,834,875	276,474	7,111,349
Өзге жиынтық залал		-	(55,895)	-	(55,895)	-	(55,895)
Барлық жиынтық табыс/(залал)		-	(55,895)	6,834,875	6,778,980	276,474	7,055,454
Басқа капиталды бөлу		-	-	(10,029)	(10,029)	-	(10,029)
Дивидендтер	16	-	-	(2,041,000)	(2,041,000)	-	(2,041,000)
2020 ж. 1 қаңтарындағы қалдық		373,314,888	127,357,014	(16,823,598)	483,848,304	1,168,066	485,016,370
Жыл ішіндегі пайда		-	-	8,007,623	8,007,623	75,802	8,083,425
Өзге жиынтық залал		-	(338,765)	-	(338,765)	-	(338,765)
Барлық жиынтық табыс/(залал)		-	(338,765)	8,007,623	7,668,858	75,802	7,744,660
Акциялардың эмиссиясы	16	2,731,039	(1,850,202)	-	880,837	-	880,837
Дивидендтер	16	-	-	(3,066,231)	(3,066,231)	-	(3,066,231)
2020 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қалдық		376,045,927	125,168,047	(11,882,206)	489,331,768	1,243,868	490,575,636

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

Қазақстандық мың теңгемен	2020 ж.	2019 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражатының қозғалысы		
Салық салғанға дейінгі жалғасып отырған қызметтен түскен пайда	13,738,790	11,828,504
Мыналарға түзетулер:		
Тозу және амортизация	58,492,982	55,352,105
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің істен шығуынан болған залалдар	443,443	415,600
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған залалдар/(пайда)	131,207	(59,886)
Қаржылық активтердің құнсыздануынан болған залалдар/(пайда)	1,329,454	(1,338,679)
Қосымша қуаттарды іске қосудан түскен табыстардың амортизациясы	(248,828)	(260,055)
Қаржылық шығыстар	31,603,590	32,319,252
Қаржылық табыстар	(2,916,161)	(2,811,986)
Инвестицияның құнсыздануы және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табыстарындағы үлес	(9,473,513)	(11,191,438)
Өзге түзетулер	(108,278)	566,975
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражатының қозғалысы	92,992,686	84,820,392
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық берешектің және өзге дебиторлық берешектің, сондай-ақ өзге қысқа мерзімді активтердің көбеюі	(8,291,861)	(11,132,639)
Тауар-материалдық қорлардың көбеюі	(557,061)	(1,508,695)
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешектің және өзге кредиторлық берешектің, сондай-ақ өзге ұзақ мерзімді міндеттемелердің көбеюі	933,598	5,687,576
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша берешектің (азайуы)/көбеюі	(440,316)	90,326
Төлеуге бөлінген салықтың көбеюі/(азайуы)	1,692,349	(2,282,466)
Операциялық қызметтен алынған ақшалай қаражат	86,329,395	75,674,494
Төленген табыс салығы	(7,272,982)	(7,645,310)
Төленген пайыздар	(23,668,346)	(24,652,401)
Алынған дивидендтер	3,005,774	15,311,951
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты	58,393,841	58,688,734
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Негізгі құралдарды сатып алу	(49,448,146)	(27,181,681)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(123,242)	(181,489)
Акционерден «Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларын сатып алуға бөлінген қаражат (4-ескертпе)	-	70,196,400
«Балқаш ЖЭС» АҚ акцияларын сатып алу (4-ескертпе)	-	(70,196,400)
Қарыздық құралдарды (облигацияларды) сатудан түсетін түсімдер	384,601	-
Қауымдастырылған ұйымның жарғылық капиталын үлесін ұлғайтпай толықтыру	-	(2,403,501)
Алынған пайыздық табыс	994,113	1,198,867
Еншілес ұйымдардың істен шығуынан түскен түсімдер, олардың құрамында істен шыққан ақша қаражатын шегергендегі	2,259,088	2,085,454
Негізгі құралдарды сатудан түскен ақша қаражаты	16,695	47,012
Банктік депозиттер мен қолма-қол ақшаны, банктік салымдар қалдықтарын пайдалануды шектей отырып, азайту, нетто	2,249,766	13,184,771
Қаржылық дебиторлық берешекке ағымдағы депозиттерді айырбастау – ТОО «Тауба Invest» (14-ескертпе)	222,961	1,516,580
Өзге төлемдер	147,539	761,413
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	(43,296,625)	(10,972,574)

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы		
Несиелер түсімі	83,996,315	167,982,854
Несиелерді өтеу және шығарылған облигациялар бойынша негізгі қарызды төлеу	(97,142,953)	(212,412,073)
Қаржылық жалдау бойынша негізгі қарызды өтеу	(807,746)	(783,438)
Акционерлерге төленген дивидендтер	(3,066,231)	(2,041,000)
Бақыланбайтын акционерлердің үлесіне төленген дивидендтер	(754,700)	(200,476)
Акционердің пайдасына есептелген өзге төлемдер	-	(24,257)
Өзге төлемдер	(30,557)	(1,542,138)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты	(17,805,872)	(49,020,528)
Валюта айырбас бағамының ақша қаражатына және олардың эквиваленттеріне әсері	593,895	(312,847)
ХҚЕС 9 бойынша ақша қаражатының құнсыздануына қатысты резервтің минусы	1,602	87
Ақшалай қаражатының таза азаюы	(2,113,159)	(1,617,128)
Жыл басындағы ақшалай қаражат	12,007,037	13,624,165
Жыл соңындағы ақшалай қаражат	9,893,878	12,007,037

1 Самұрық-Энерго тобы және оның қызметі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Компания») мен оның еншілес компаниялары (бұдан әрі – бірлесіп «Топ» деп аталады) үшін 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС-ке) сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған. Топ Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – «ҚР») энергетикалық кешенінің кәсіпорындарын шоғырландыру мақсатында құрылды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады. ҚР Үкіметі – Компанияны түпкі бақылаушы тарап.

Негізгі қызмет

Топ қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіру, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су және жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу және пайдалану, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкіктік кешендерін беру болып табылады.

Топтың еншілес компаниялары мен оның бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар мен реттелетін нарықтар туралы», «Бәсекелестік туралы» ҚР заңдарымен реттеледі. Энергетикалық компаниялардың қызмет түрлеріне байланысты тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – ҚР Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына тарифтер Энергетика министрінің 2015 ж. 27 ақпандағы № 160 «Энергия өндіруші ұйымдар тобы үшін электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығымен және кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен бекітілген. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге белгіленген тарифтер тіркелген және ЖЭК технологиясына қарай (жел, күн және басқа электр станциялары үшін өз алдына бөлек) ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген, сондай-ақ жыл сайын индекстеуге жатады. Мұның үстіне есептеу-қаржы орталығы сатып алушы, ал энергия өндіруші ұйым сатушы ретінде. Энергия жеткізуші компаниялар үшін электр энергиясын жеткізу мен бөлуге, жылу энергиясын өндіруге белгіленген тарифтер мен энергиямен жабдықтауға (бұдан әрі – ЭЖ) бөлінген тарифтерді ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті реттейді. Комитет реттеу мен бақылау жасауды заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырады.

Тарифтер бойынша шешімдерге белгілі бір дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелердің де ықпалы тиеді. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге салалардағы іс-қимылдары мен шешімдерінің Топтың операциялық қызметіне айтарлықтай ықпалы болуы мүмкін.

Қызмет жүзеге асырылатын мекенжай мен орын

Компанияның бас кеңсесінің мекенжайы мен қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б Блок.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік бастапқы құн бойынша есепке алу қағидасы негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданылған есеп саясатының қағидаттары төменде берілген. Есеп саясатының бұл қағидаттары, егер өзгеше көрсетілмесе (5-ескертпе), барлық ұсынылған кезеңдердің есептіліктеріне қатысты жүйелі түрде қолданылды.

ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікті дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағаларды қолдануды талап етеді. Бұған қоса, басшылық Топтың есептік саясатын қолданған кезде өз пайымдауларына сүйенулері тиіс. Бағалаудың немесе күрделіліктің жоғары деңгейін талап ететін бухгалтерлік есеп саласы, сондай-ақ жорамалдар мен бағалар шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар 4-ескертпеде көрсетілді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)**Үздіксіз қызмет қағидасы**

Басшылық бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті тұрақты негізде дайындады. Басшылықтың шешімі Топтың қаржылық жағдайына, оның қазіргі ниеттеріне, операциялардың табыстылығына, қаржылық ресурстарға қолжетімділікке және мемлекеттік қолдау көрсетуге негізделген. 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерден 24,525,175 мың теңгеге асты (2019 жыл: қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерден 30,717,385 мың теңгеге асты). Қысқа мерзімді міндеттемелердің өсуінің негізгі факторы банктерден қысқа мерзімді несиелерді тарту болды, бұл Топтың жоғары пайыздық мөлшерлеменен ұзақ мерзімді несиелер деңгейін төмендету саясатымен байланысты болды. Сонымен қатар, есепті кезеңде Топ өз қаражаты есебінен несиелер бойынша мерзімінен бұрын төлемдер жасады.

Топтың таяу болашақта жұмысын жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мынадай факторлар ескерілді:

- Топ Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие. Басшылықтың және Топ акционерлерінің Топтың қызметін жоюға ниеті де, оған қажеттілігі де жоқ.
- Топтың 5,841,514 мың теңге мөлшерінде ағымдағы міндеттері Алматы қаласының өкімшілігі алдындағы қарызы бітімгершілік келісім бойынша ақша қаражатының жұмсалуды талап етпейді.
- Күрделі шығындарға кететін қаражатты шегергенде, 2021 жылы Топ операциялық қызметтен 41 миллиард теңге мөлшерінде ақша ағымын күтеді.
- 2020 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жаңартылатын кредиттік желі аясында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан жалпы сомасы 50 миллиард теңгеден астам, сондай-ақ «Сбербанк» АҚ ЕБ-тен жалпы сомасы 14 миллиард теңге игеруге несие алуға мүмкіндігі бар.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте активтер мен міндеттердің баланстық құнының, кірістер мен шығындардың, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыруға мүмкін емес болған жағдайда қажет болатын қаржылық есеп туралы шоғырландырылған есептік жіктелуінің түзетулерді жоқ, бұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік**(i) Еншілес компаниялар**

Еншілес компаниялар Топ бақылайтын құрылымданған кәсіпорындарды қоса алғанда, инвестициялық объектілерді білдіреді, өйткені Топ (i) инвестиция объектісінің тапқан табысына айтарлықтай ықпал ететін маңызды қызметті басқару мүмкіндігін беретін өкілеттілерге ие болады, (ii) инвестиция объектісіне қатысудан түскен өзгермелі табыспен байланысты тәуекелдерге ұшырайды немесе осындай табысты алу құқығына ие болады және (iii) инвестордың табысының шамасына ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өзінің өкілеттілерін пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Топтың басқа кәсіпорынға қатысты өкілеттілерінің болуын бағалаған кезде нақты әлеуетті дауыс беру құқықтарымен бірге нақты құқықтарының болуын және олардың ықпалын қарастыру керек. Егер ұстаушының инвестиция объектісінің маңызды қызметін басқаруға қатысты шешім қабылдаған кезде осы құқықты іске асыруға практикалық мүмкіндігі болса, құқық нақты болып табылады. Егер топтың инвестиция объектісінде басым дауыс беру құқығы болмаса да, ол инвестиция объектісіне қатысты өкілеттілерге ие бола алады. Мұндай жағдайларда инвестиция объектісіне қатысты нақты өкілеттілерінің болуын белгілеу үшін Топ басқа дауыс беру құқығын ұстаушылар пакеттерін ыдырату дәрежесі мен мөлшеріне қатысты өзінің дауыс беру құқықтары пакетінің мөлшерін бағалауы тиіс. Басқа инвесторлардың инвестиция объектісінің қызметіне түбегейлі өзгерістер енгізумен байланысты немесе ерекше жағдайларда қолданылатын қорғану құқықтары Топтың инвестиция объектісін бақылау мүмкіндігіне кедергі келтірмейді.

Еншілес кәсіпорындар шоғырландырылған қаржылық есептілікке Топқа олардың операцияларын бақылау функциясы берілген күннен бастап (сатып алу күні) қосылады және бақылау жасау тоқтатылған күннен бастап шоғырландырылған есептіліктен шығарылады.

Еншілес кәсіпорындар шоғырландырылған қаржылық есептілікке сатып алу әдісі бойынша қосылады. Сатып алынған сәйкестендірілген активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру аясында алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің шамасына қарамастан, сатып алған күнгі әділ құны бойынша бағаланады.

Топ тікелей қатысу үлесін білдіретін бақыланбайтын және кәсіпорын таратылған жағдайда ұстаушыға таза активтердің пропорционалды үлесіне құқық беретін үлесті әрбір операция бойынша жеке немесе а) әділ құны бойынша, не болмаса б) сатып алынған кәсіпорынның таза активтеріндегі бақыланбайтын үлесіне пропорционалды бағалайды.

Тікелей қатысу үлесі болып табылатын бақыланбайтын үлес әділ құны бойынша бағаланады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Гудвил сатып алынған компания үшін төленген сыйақылардың, алған сәтке дейін меншікте болған сатып алынған компаниядағы үлестің әділ құны мен сатып алынған компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесінің жалпы сомасынан сатып алынған компанияның таза активтерін шегеру арқылы бағаланады. Теріс сома («теріс гудвил») басшылық тағы да бір рет барлық сатып алынған активтер мен барлық қабылданған міндеттемелердің, шартты міндеттемелердің сәйкестендірілгенін анықтаған соң және оларды бағалау дұрыстығын талдаған соң пайда мен залал құрамында танылады.

Сатып алынған компания үшін төленген сыйақы шартты сыйақыны төлеумен байланысты активтердің немесе міндеттемелердің әділ құнын қоса алғанда, бірақ мысалы консультациялық, заң, бағалау және басқа ұқсас кәсіби қызметтер үшін төлеу секілді сатып алумен байланысты шығындарды жоққа шығара отырып, берілген активтердің, шығарылған үлестік құралдардың және қабылданған немесе көтерген міндеттемелердің әділ құнымен бағаланады. Мәміле бойынша үлестік құралдарды шығарған кезде келтірілген шығындар капитал сомасынан шегеріледі, борыштық міндеттемелерді шығарған кезде мәміле бойынша келтірілген шығындар олардың баланстық құнынан шегеріледі, ал мәміле бойынша сатып алумен байланысты қалған басқа залалдар шығыстарға жатады.

Топ компаниялары арасындағы барлық операциялар және осы операциялар бойынша іске асырылмаған пайда, сонымен қатар, Топ ішіндегі есептемелер бойынша сальдо алынып тасталады. Құнын өтеу мүмкін болмаған жағдайлардан басқа жағдайларда іске асырылмаған шығындар да алынып тасталады. Компания мен оның барлық еншілес компаниялары Топ саясатына сәйкес бірыңғай есептік саясатты қолданады.

Бақыланбайтын қатысу үлесі Компания қызметінің таза нәтижелері мен ол тікелей немесе жанама түрде иелік етпейтін үлеске сәйкес келетін еншілес компанияның капиталының бір бөлігі болып табылады. Бақыланбайтын қатысу үлесі Топ капиталының жеке компонентін құрайды.

(ii) Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес компанияларды сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынған еншілес компаниялар алдыңғы компанияны есепке алу әдісімен есепке алынады. Осы әдіске сәйкес біріккен компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілігінде кәсіпорындарды біріктіру оның ұсынылған есептің едәуір ерте кезеңнің басында шыққаны туралы болжамға сәйкес немесе кеш болса, онда біріктіруші компаниялар алғаш рет жалпы бақылауға алынғанда көрсетіледі. Тараптар арасында берілген жалпы бақылаудағы еншілес компаниялардың активтері мен міндеттемелері алдыңғы компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген баланстық құн бойынша ескеріледі. Алдыңғы компания еншілес компанияның қаржылық есептілігі шоғырландырылған ХҚЕС-ке сәйкес әзірленген есептілікті ұсынудың ең жоғары деңгейі болып саналады. Алдыңғы компанияны бастапқы сатып алған кезде туындаған гудвил сондай-ақ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы ұйымның гудвилін қосқанда, таза активтердің баланстық құны мен төленген сыйақының сомасымен арасындағы айырмашылық капиталдың құрамындағы басқа резервтердің өзгеруі ретінде көрсетіледі.

(iii) Бақыланбайтын қатысу үлесін сатып алу және сату

Топ бақыланбайтын қатысу үлесінің иелерімен жасалған келісімдерді есепке алу үшін бақылаудың жоғалмауына әкелетін экономикалық бірлік моделін қолданады. Бақыланбайтын үлесті сатып алу үшін төленген сыйақы мен оның баланстық құнының арасындағы айырмашылық есепте тікелей капитал шоттарындағы капиталмен жүргізілген келісім ретінде көрсетіледі. Топ бақыланбайтын үлесті сату үшін алынған сыйақы мен оның баланстық құнының арасындағы айырмашылықты капиталды өзгерту туралы есепте капиталмен жүргізілген мәміле ретінде таниды.

(iv) Бірлескен кәсіпорындар

ХҚЕС-11-ге сәйкес, бірлескен қызметке салынған инвестиция әрбір инвестордың шарттық міндеттемелері мен құқықтарына байланысты жіктеледі. Топ өзінің бірлескен қызметінің сипатын бағалап, оны бірлескен кәсіпорындар санатына жатқызды. Бірлескен кәсіпорындардың қызметі үлестік әдіс бойынша ескеріледі.

Бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесінің үлестік әдісі бойынша бастапқыда іс жүзіндегі нақты құны бойынша танылады, содан кейін сатып алғаннан және өзгерістерден кейінгі басқа да жиынтық табыстың пайдасы мен зиянындағы Топтардың үлестерін тану арқылы түзетіледі.

Бірлескен кәсіпорындардың залалдарындағы үлес оның осы бірлескен кәсіпорындардағы үлесіне (оның ішінде негізінен Топтың бірлескен кәсіпорындарға салынған таза инвестицияларының бір бөлігі болып табылатын кез келген ұзақ мерзімді қатысу) тең немесе одан артық болған жағдайда, Топ міндеттемелерді мойнына алған немесе осы бірлескен кәсіпорынның атынан төлем жасаған кездерден басқа жағдайларда кейінгі залалдарды мойындауды тоқтатады.

Топ пен оның бірлескен кәсіпорындарының арасындағы мәмілелер бойынша жүзеге аспаған пайда бірлескен кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесінің бөлігінен алынып тасталады. Берілген активтің құнсыздану белгілері болған жағдайдан басқа кезде жүзеге асырылмаған залалдар да алынып тасталады. Бірлескен кәсіпорындардың есептік саясатының Топтың есептік саясатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін түзетіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

(v) Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар

Қауымдасқан компаниялар Компания айтарлықтай ықпал ететін (тікелей немесе жанама), бірақ оларды қадағалай алмайтын компаниялар; әдетте осы компаниялардағы дауыс беру акцияларының үлесі 20%-50%-ды құрайды. Қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі және бастапқыда сатып алу құны бойынша танылады. Қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер Қауымдасқан компанияларға инвестициялардың баланстық құнын азайтуға жатады. Топтың Қауымдасқан компаниялардың таза активтеріндегі үлесін алғаннан кейін орын алған басқа да өзгерістер былайша танылады: (i) Топтың Қауымдасқан компаниялардың пайдалары мен залалдарындағы үлесі Қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлес ретінде шоғырландырылған пайда мен залалдар құрамында көрсетіледі, (ii) Топтың басқа жиынтық табысындағы үлесі басқа жиынтық табыстың құрамында танылады және жеке жолда көрсетіледі, (iii) Топтың Қауымдасқан компаниялардың таза активтерінің баланстық құнының үлесіндегі барлық басқа өзгерістер Қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлестердің құрамындағы пайда немесе залал ретінде танылады.

Бірақ Топтың қауымдасқан компаниялардың залалдарындағы үлесі қандай да болмасын басқа қамтамасыз етілмеген дебиторлық берешекті қоса алғанда, оның осы компанияға салынған инвестицияларына тең немесе одан артық болса, ол міндеттемелерді қабылдаған немесе қауымдасқан компанияның атынан төлемдерді жүзеге асырған жағдайдан басқа кезде Топ кейінгі шығындарын көрсетпейді.

Топ пен оның қауымдасқан компаниялар арасындағы операциялар бойынша іске асырылмаған пайда да Топтың қауымдасқан компаниялардағы үлесінің шегінде алынып тасталады; берілген активтің құнсыздану белгілері болған жағдайдан басқа жағдайларда іске асырылмаған шығындар да алынып тасталады.

(vi) Еншілес компаниялардың, қауымдасқан компаниялардың немесе бірлескен кәсіпорындардың істен шығуы

Топ бақылауды немесе айтарлықтай ықпалын жоғалтқан жағдайда, кәсіпорындағы сақталған үлес бақылауды жоғалтқан күн жағдайында әділ құны бойынша қайта бағаланады, ал баланстық құнындағы өзгерістер кірісте немесе шығыста көрсетіледі. Әділ құн - қауымдасқан компаниялардағы, бірлескен кәсіпорындардағы немесе қаржылық активтегі қалған үлесін одан әрі есепке алу мақсаттары үшін бастапқы баланстық құны. Бұдан басқа бұған дейін осы кәсіпорынға қатысты басқа жиынтық табыс құрамында танылған барлық сомалар Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей шығуын жүзеге асырғандай болып ескеріледі. Бұл бұған дейін басқа жиынтық пайда құрамында көрсетілген сомалардың пайдаға немесе залалға ауыстырылатынын білдіруі мүмкін.

Егер қауымдасқан кәсіпорындардағы қатысу үлесі азайса, бірақ солай бола тұрса да айтарлықтай ықпалы сақталса, онда тек бұған дейін басқа жиынтық табыс құрамында көрсетіліп келген пропорционалды сомалар үлесі қажетті жағдайларда пайдаға немесе залалға ауысады.

Шетелдік валютаны қайта есептеу

(i) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Егер өзгеше көрсетілмесе, онда осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген барлық сандық мәліметтер мың теңгемен көрсетіледі.

Ұйым өзінің қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортадағы валюта функционалдық валюта болып табылады. Еншілес компаниялардың, бірлескен кәсіпорындардың, қауымдасқан компаниялардың және бас компаниялардың функционалдық валютасы теңге болып табылады.

(ii) Шетелдік валютамен жасалған операциялар және қалдықтар

Шетелдік валютамен жасалған операциялар операция жасалған күнгі ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептелді.

Осы операциялар бойынша жасалған есептердің нәтижесінде, сонымен қатар, шетелдік валютамен көрсетілген жыл соңындағы айырбас бағамдар бойынша ақша активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу нәтижесінде туындаған бағам айырмашылығынан болған пайда немесе залалдар пайдада немесе залалдарда көрсетіледі.

2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шетелдік валютадағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 420.91 теңгені құрады (2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша: 1 АҚШ доллары үшін 381.18 теңге). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық шектеу мен бақылау ережелері жұмыс істейді. Қазіргі кезде теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық құралдар

(i) Бағалауға қойылатын негізгі ұстанымдар

Қаржылық құралдар жіктелуіне қарай әділ құн, бастапқы құн немесе амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Төменде осы әдістердің сипаттамасы ұсынылған.

Әділ құн – бұл бағалау күнінде нарыққа қатысушылардың арасында активті сатқанда немесе операцияларды ерікті негізде жүргізген кезде міндеттемелерді бергенде алынуы мүмкін баға. Белсенді нарықта белгіленетін баға әділ құнның ең жақсы дәлелі болып табылады. Белсенді нарық – активі немесе міндеттемелері бар операциялар тұрақты түрде баға туралы ақпаратты жеткілікті мөлшерде алуға мүмкіндік беретін әрі барынша жиілікпен жүргізілетін нарық.

Әділ нарықта айналымда жүретін қаржылық құралдардың әділ құны белгіленген бағаны кәсіпорын ұстайтын құралдар санына жеке активке немесе міндеттемеге көбейткенде алынған сома ретінде бағаланады. Нарықтың әдеттегі тәуліктік сауда айналымы кәсіпорында бар активтердің және міндеттемелердің санын қосып алу үшін жеткіліксіз, ал жайғасымдарды сату үшін тапсырыстарды орналастыру жеке операцияда белгіленетін бағаға әсер етуі мүмкін болғанда да жағдай осылай болады.

Нарықтық жағдайларда жасалатын дисконтталған ақша ағындары моделі, сонымен қатар, осы сияқты операциялардың мәліметтеріне негізделген модельдер секілді *бағалау әдістері* немесе инвестиция объектісінің қаржылық мәліметтерін қарастыру келісімдердің бағасы туралы нарықтық ақпарат қолжетімсіз болып табылатын қаржылық құралдардың әділ құнын анықтау үшін пайдаланылады.

Әділ құнды бағалаудың нәтижелері талданады және келесідей тәртіпте әділ құнның иерархиясының деңгейлері бойынша бөлінеді: (i) 1 деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда белгіленген бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалар жатады, (ii) 2 деңгейге – пайдаланылатын маңызды бастапқы мәліметтердің барлығы тікелей (мысалы, баға) немесе жанама (мысалы, бағаның негізінде есептелген) түрде активтер немесе міндеттемелер үшін бақылайтын болып табылатын бағалау әдістерінің көмегімен алынғандар, және (iii) 3 деңгейдегі бағалар, тек қана бақылайтын нарықтық мәліметтерге ғана негізделмеген бағалар болып табылады (яғни, бағалау үшін бақыланбайтын бастапқы мәліметтердің айтарлықтай көлемі қажет). Әділ құнның иерархиясының бір деңгейінен екіншісіне ауыстыру есептік кезеңнің соңында орын алған болып саналады (33- ескертпе).

Бастапқы құн төленген ақша қаражаты немесе олардың баламалары, не болмаса сатып алу күні жағдайы бойынша активті алу үшін берілген басқа да орнын толтырудың әділ құны болып табылады, және оған келісім бойынша шығындар кіреді. Өзіндік құн бойынша бағалау тек нарықтық котировкалары жоқ және әділ құны сенімді бағаланбайтын үлестік құралдарға инвестицияларға қатысты, сондай-ақ, ашық нарықта котировкалары жоқ, және осындай үлестік құралдармен өтелуге тиіс осындай үлестік құралдарға байланысты туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

Мәміле бойынша шығындар қаржылық құралдарды сатып алуға, шығаруға немесе істен шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындар болып табылады. Қосымша шығындар – мәмілелер жасалмаған жағдайда жұмсалмауы мүмкін шығындар. Мәміле бойынша шығындар агенттерге (сауда агенттері болып жұмыс істейтін қызметкерлерді қоса алғанда) консультанттарға, делдалдарға, дилерлерге төленген сыйақыларды, комиссиялық шығындарды, реттеуші органдар мен қор биржаларына төленетін алымдарды, сондай-ақ меншікті берген кезде алынатын салықтар мен алымдарды қамтиды.

Мәміле бойынша шығындарға сыйлықақылар немесе қарыздық міндеттемелер бойынша берілетін дисконттер, қаржыландыруға, ішкі әкімшілік шығыстарға және сақтауға жұмсалатын шығыстар жатпайды.

Амортизацияланған құн қаржылық құрал бастапқы тану кезінде бағаланған, есептелген пайыздар шамасына азайтылған немесе ұлғайтылған қарыздың негізгі сомасын өтеуге төленген төлемдер шегерілген шама болып табылады, ал қаржылық активтер үшін – құнсыздану шығындарының сомалары шегеріледі. Өсірілген пайыздарға келісім, сонымен қатар, пайыздың тиімді мөлшерлемесін пайдалана отырып өтелген сомадан кез-келген сыйақылардың немесе дисконттың бойынша бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизациялар жатады. Өсірілген пайыздық кірістер мен өсірілген пайыздық шығындар, соның ішінде өсірілген купондық кіріс пен амортизацияланған дисконт немесе сыйақы (соның ішінде ұсынған кезде кейінге қалдырылған комиссияны, ондай бар болса) жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы тиісті есеп баптарының баланстық құнына енізіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл құралдың баланстық құнына тұрақты пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету (тиімді пайыздық мөлшерлемені) мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл қаржылық құрал әрекет ететін күтілетін мерзімге, тиісті жағдайларда одан қысқа мерзімге қаржылық құралдың таза баланстық құнына дейін есептік болашақ ақшалай төлемдерді немесе түсімдердің (несиелер бойынша болашақ шығындарды қоспағанда) дисконттаудың нақты мөлшерлемесі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме осы құрал үшін көрсетілген ауыспалы мөлшерлеме бойынша несиелік спредті көрсетін сыйақы немесе дисконттан басқа немесе нарықтық мағынасына қарамастан белгіленбейтін басқа да өзгермелі факторлар бойынша пайыз өзгеретін келесі күнге дейін мөлшерлемесі ауыспалы құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйақылар немесе дисконттар құрал айналымда болған күтілетін мерзім ішінде тұтастай амортизацияланады. Дисконтталған құнын есептеуге барлық комиссиялық, төленген немесе келісімшарттың тараптармен алынған тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтындар жатады.

Кредиттік-құнсызданған (POCI) қаржылық активтер сатып алған немесе құрған активтер үшін бастапқы таныған кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетіледі, яғни келісімшартты ақша ағыны негізінде емес, бастапқы тану кезіндегі күтілетін ақша ағындары негізінде есептеледі.

*(ii) Қаржылық активтер**Бағалау санаттары*

Қаржылық активтер мына санаттар бойынша жіктеледі: i) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар, ii) өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар, iii) амортизациялық құн бойынша бағаланатындар. Қарыздық қаржы активтерін жіктеу мен кейіннен бағалау мыналарға байланысты: (i) Топтың тиісті активтер портфелін басқаруға арналған бизнес-модельдеріне және (ii) актив бойынша ақша ағындарының сипаттамасына.

Бизнес-модель

Бизнес-модель ақша ағындарын алу мақсатында Топтың активтерді басқару үшін пайдаланатын тәсілін көрсетеді: Топтың мақсаты (i) активтерден шартта көзделген ақша ағынын алуды ғана («шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап тұру»), немесе (ii) шартта көзделген ақша ағынын да алу, активтерді сату нәтижесінде туындайтын ақша ағындарын да алу («шартта көзделген ақша ағынын алу үшін активтерді ұстап тұру») болып табыла ма немесе (i) тармақты да, (ii) тармақты да қолдануға келмейтін болса, қаржылық активтер «басқа» бизнес-модель санатына жатады және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады. Бизнес-модель активтер тобы үшін Топ бағалау жүргізген күні қолда болатын портфель үшін белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін жүзеге асыруға ниетті қызметтің барлық тиісті дәлелдемелері негізінде (портфель деңгейінде) анықталады.

Ақша ағындарының сипаттамасы

Егер бизнес-модель шартта көзделген ақша ағынын алу немесе шартта көзделген ақша ағыны мен сатуларды алу үшін активтерді ұстауды көздейтін болса, Топ ақша ағындары тек қарыз бен пайыздың негізгі сомасы есебіне қатысты төлемдерді білдіретін/білдірмейтінін бағалайды («қарыз бен пайыздың негізгі сомасының есебіне қатысты төлемдерге арналған тест» немесе «SPPI-тест»). Бұл бағалауды жүргізген кезде Топ шартта көзделген ақша ағындарының базалық кредиттік шарт талаптарына сәйкестігін қарастырады, яғни пайыздар тек кредиттік тәуекелге, ақшаның уақытша құнына, базалық негізгі шарттың басқа да тәуекелдеріне және пайданың шегіне қатысты өтеуді білдіреді. Егер шарттың талаптары базалық кредиттік шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тәуекел мен құбылмалылыққа бейімділігін қарастыратын болса, тиісті қаржылық актив пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша жіктеліп, бағаланады. Тек қарыз бен пайыздың негізгі сомасы есебіне қатысты төлемдер бойынша тест активті бастапқы тану кезінде жүргізіледі, ал кейінгі қайта бағалау жүргізілмейді.

Қаржылық активтерді қайта жіктеу

Қаржылық құралдар осы портфельді басқарудың бизнес-моделі тұтастай өзгерген кезде ғана қайта жіктеледі.

Қайта жіктеу бизнес-модель өзгергеннен кейін бірінші есепті кезеңнің басынан бастап перспективті түрде жүргізіледі. Топ ағымдағы және салыстырмалы кезең ішінде өзінің бизнес-моделін өзгерткен жоқ және қайта жіктеуді жасамады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы: күтілетін кредиттік залалдарға байланысты бағалау резерві

Болжалдардың негізінде Топ амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қарыздық құралдармен байланысты күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды. Топ күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды және әрбір есепті күнге кредиттік залалдарға байланысты бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау мыналарды: (i) мүмкін болатын нәтижелерді бағалау арқылы ықтималдылықты ескере отырып анықталған алдын ала кесіп-пішілмеген және ойластырылған соманы, (ii) ақшаның уақытша құнын және (iii) есепті кезеңде шамадан тыс шығын және күш жұмсамай қолжетімді болатын өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжанатын болашақтағы экономикалық жағдайлар туралы барлық негізді және расталатын ақпаратты білдіреді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қарыздық құралдар күтілетін кредиттік залалдарға байланысты бағалау резервін шегергендегі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте беріледі.

Топ бастапқы таныған сәттен бастап кредиттік сапаның өзгерістері негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш кезеңдік» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржылық құрал 1-кезеңге жататын құрал ретінде жіктеледі. 1-кезеңнің қаржылық активтері үшін күтілетін кредиттік залалдар келесі 12 ай ішінде болуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын немесе шартқа сәйкес, егер ол 12 ай өткенше («12-айлық күтілетін кредиттік залалдар») болатын өтеу күніне дейінгі бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдардың тең бөлігіне тең сомаға бағаланады. Егер Топ бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюын сәйкестендірсе, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік залалдар осы бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар негізінде, яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін, бірақ егер ол көзделмеген болса, күтілетін алдын ала төлемді ескере отырып бағаланады («бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар»). Егер Топ қаржылық актив құнсызданған болып табылады деп анықтаса, онда актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік залалдар бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланады. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер үшін күтілетін қаржылық залалдар қашан да бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар ретінде бағаланады.

Қаржылық активтерді есептен шығару

Қаржылық активтер Топ оларды өндіріп алу бойынша өзінің барлық дерлік мүмкіндіктерін жойған және мұндай активтерді өтеуге қатысты үміттің негізсіздігі туралы қорытындыға келген кезде тұтастай немесе ішінара есептен шығарылады. Есептен шығару тануды тоқтатуды білдіреді.

Қаржылық құралдарды тануды тоқтату

Топ қаржылық активтерді тануды мынадай жағдайларда: (а) егер октиатер өтелген болса немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарына құқықтың күші біткен болса, немесе (б) Топ қаржылық активтерден түсетін ақша ағындарына қатысты құқықты берсе немесе оны беру туралы келісім жасаса, және мұндай жағдайда (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге қатысты іс жүзінде барлық тәуекелдерді және барлық сыйақыларды берген болса, немесе (ii) осы активтерді иеленуге қатысты іс жүзінде барлық тәуекелдерді және барлық сыйақыларды бермеген әрі сақтамаған, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығын жойған болса тоқтатады. Контрагенттің активті байланысыз үшінші тарапқа сатуға шектеу қоймай толық сатуға іс жүзінде мүмкіндігі болмаған жағдайда бақылау сақталады.

Қаржылық активтерді өзгерту

Кейде Топ қаржылық активтер бойынша шарт талаптарын қайта қарайды немесе өзгеше жолмен өзгертеді. Топ шартта көзделген ақша ағындарын өзгерту маңызды болып табылатын/табылмайтынын бағалайды.

Егер бастапқы актив бойынша ақша ағындарына қатысты құқық аяқталатындай болып, өзгертілген талаптар айтарлықтай ерекшеленетін болса, Топ бастапқы қаржылық активті тануды тоқтатады және жаңа активті әділ құны бойынша таниды. Талаптарды қайта қарау күні кейінгі құнсыздануды есептеу мақсаттары үшін, оның ішінде кредиттік тәуекелдің айтарлықтай көбею фактісін анықтау үшін бастапқы тану күні болып саналады. Топ сонымен қатар жаңа кредиттің немесе қарыздық құралдың төлемдерді қарыз бен пайыздың негізгі сомасының есебіне ғана төлеу критерийіне сәйкестігін бағалайды. Тану тоқтатылған бастапқы активтің баланстық құны мен елеулі түрде өзгертілген жаңа әділ құнның арасындағы кез келген алшақтықтар меншік иелерімен жүргізілетін капиталы бар операцияларға қатысты болмаған жағдайда пайданың немесе залалдың құрамынан көрінеді.

Талаптарды қайта қарау контрагенттің қаржылық қиындықтарына және оның бастапқы келісілген төлемдерді орындауға қабілетсіздігіне байланысты болған жағдайда Топ бастапқы және түзетілген күтілетін ақша ағындарын активтермен шарт талаптарының өзгеруі нәтижесіндегі активтер бойынша тәуекелдер мен пайданың айтарлықтай айырмашылығына қатысты салыстырады. Егер тәуекелдер мен пайда өзгермейтін болса, онда өзгертілген активтің бастапқы активтен айтарлықтай айырмашылығы болмайды әрі оны өзгерту тануды тоқтатуға әкеп соқпайды.

Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме жөніндегі шартқа (немесе сатып алынған не құрылған кредиттік құнсызданған қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша) өзгертілген ақша ағындарын дисконттау арқылы жалпы баланстық құнды қайта есептейді және пайданың немесе залалдың құрамындағы өзгерістен болған пайданы немесе залалды таниды.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)*(iii) Қаржылық міндеттемелер**Бағалау санаттары*

Қаржылық міндеттемелер (i) пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерден; (ii) кредиттер беру бойынша қаржылық кепілдіктер мен міндеттемелер шарттардан басқа амортизациялық құн бойынша бағаланатын салдарлар ретінде жіктеледі: бұл жіктелім сауда-саттыққа арналған туынды қаржылық құралдарға, қаржылық міндеттемелерге (мысалы, бағалы қағаздар бойынша қысқа ұстанымдар), бизнесті біріктірген кезде сатып алушы танитын шартты өтеуге және басқа бастапқы тану кезінде анықталған қаржылық міндеттемелерге қолданылады.

Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық міндеттемелерді тану оларды өтеген жағдайда тоқтатылады (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалған немесе тоқтатылған кезде, немесе оның орындалу мерзімі біткен кезде).

Топ пен оның бастапқы кредиторларының арасында айтарлықтай өзгеше талаптары бар қарыздық құралдармен алмасу, сондай-ақ қолда бар қаржылық міндеттемелер талаптарының маңызды өзгерістері бастапқы қаржылық міндеттемелерді өтеу және жаңа қаржылық міндеттемелерді тану ретінде ескеріледі. Егер ақша ағындарының дисконтталған келтірінді құнының жаңа талаптарға сәйкес, бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып алынған сыйақыларды шегергендегі дисконтталған барлық төленген сыйақыларды қоса алғанда, бастапқы қаржылық міндеттемелер бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірінді құнынан кем дегенде 10%-ға айырмашылығы болса, талаптардың елеулі айырмашылықтары бар болып саналады. Бұған қоса, басқа да сапалық факторлар ескеріледі.

Егер қарыздық құралдармен алмасу немесе талаптарды өзгерту өтеу болып есептелсе, онда барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден түскен пайданың не одан болған залалдың құрамында танылады. Егер алмасу немесе өзгеріс өтеу болып саналмаса, онда барлық шығындар немесе төленген сыйақылар міндеттемелердің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және өзгертілген міндеттемелер қолданылатын қалған мерзім ішінде амортизацияланады.

Міндеттемелерді өтеуге әкеп соқпайтын өзгерістер кумулятивтік амортизацияны кейінгі күнмен есептеу әдісі бойынша бағалау мәнінің өзгеруі ретінде ескеріледі, мұнда пайда немесе залал баланстық құндағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иелерімен жүргізілетін капиталы бар операцияларға жатпайтын болса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатқа жатқызылған қаржылық міндеттемелер

Топ кейбір міндеттемелерді бастапқы таныған кезде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемелер ретінде айқындауы мүмкін. Мұндай міндеттемелер бойынша пайда мен залалдар осы міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруімен байланысты әділ құнның өзгеру сомасынан (нәтижесінде нарықтық тәуекел пайда болатын нарықтық жағдайлардың өзгерістеріне жатпайтын сома ретінде айқындалады) басқа жиынтық кірісте көрсетілген және кейіннен пайда немесе залалға қайта жіктелмейтін пайданың немесе залалдың құрамында ұсынылады. Бұл жағдай, мұндай ұсыныс есептеуде сәйкессіздік тудырмаған немесе қиындатпаған кезде мүмкін. Бұл жағдайда міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне қатысты пайда мен залалдар сондай-ақ пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(iv) Өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады және қаржылық жағдай туралы есепте таза шама тек мына жағдайларда: көрсетілген сомаларды өзара есепке алуға, сонымен қатар, өзара есепке алуға ниеті болса немесе оны жүргізуге, не болмаса бір мезгілде активтерді сатуға және міндеттемелерді реттеуге заңды белгіленген құқығы болса ғана көрсетіледі. Қарастырылып отырған өзара есепке алу құқығы (а) болашақта болуы мүмкін жағдайларға байланысты болмауы тиіс, (б) мынадай жағдайларда жүзеге асыруға заңды мүмкіндігі болуы тиіс: (i) әдеттегі қаржы-экономикалық қызметті жүзеге асыру барысында; (ii) төлемдер бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайға; (iii) дәрменсіздік немесе банкротқа ұшыраған жағдайға байланысты болмауы тиіс.

Туынды қаржы құралдары

Туынды қаржы құралдары, оның ішінде валюталық келісімшарттар, пайыздық фьючерстер, болашақ пайыздық мөлшерлемелер туралы келісімдер, валюталық және пайыздық своптар, сондай-ақ валюта мен пайыздық мөлшерлемелер опциондары әділ құны бойынша көрсетіледі.

Барлық туынды құралдар осы құралдардың әділ құны оң болған жағдайда активтер ретінде, ал егер олардың әділ құны теріс болса - міндеттемелер ретінде есепке алынады. Туынды құралдардың әділ құнындағы өзгерістер жыл ішіндегі пайдаға немесе залалға қосылады (туынды қаржы құралдарынан болған залалды шегергенде). Топ хеджирлеуді есепке алуды қолданбайды.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелерге және басқа қаржылық емес келісімшарттарға енгізілген кейбір туынды құралдар, егер олардың тәуекелдері мен экономикалық сипаттамалары негізгі шарттың тәуекелдерімен және экономикалық сипаттамаларымен тығыз байланысты болмаса, негізгі шарттан ерекшеленеді.

Негізгі құралдар**(i) Тану және кейінгі бағалау**

Негізгі құралдар қажет болған жағдайда, бастапқы құнынан құнсыздану резервісі және жиналған тозуы алынып көрсетіледі. Бастапқы құн активті орынға жеткізумен және нысаналы мақсат үшін оны жұмыс жағдайына келтірумен тікелей байланысты сауда жеңілдіктері мен қайтарып алудан, сондай-ақ кез келген шығындар шегерілген сатып алу құнынан, оның ішінде импорт баждары мен сатып алу бойынша қайтарылмайтын салықтардан тұрады. Шаруашылық тәсілмен әзірленген немесе тұрғызылған негізгі құралдар объектілерінің бастапқы құнына орындалған өндірістік жұмыстарға жұмсалған материалдардың құны мен өндірістік үстеме шығындардың бір бөлігі жатады.

Кейінгі шығындар осы активтің баланстық құнына енгізіледі немесе Топтың осы активті пайдаланған кезде экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда және оның құны дұрыс бағаланғанда ғана жеке актив ретінде көрсетіледі. Ауыстырылған бөліктің баланстық құны шығынға жазылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар туындауына қарай есептік кезең ішіндегі пайдаға немесе зиянға жатқызылады.

Негізгі құралдардың істен шығуынан болған пайда немесе залал алынған өтем мен олардың баланстық құнының айырмасындағы сомада басқа да операциялық пайда мен зиянның құрамында жыл ішіндегі пайда мен залалда көрсетіледі.

(ii) Тозу

Жерге қатысты тозу есептелмейді. Негізгі құралдардың өзге объектілерінің тозуы олардың бастапқы құнын біркелкі шығынға жазу әдісі бойынша тиімді пайдалану мерзімі ішінде объектілерді жою құнына дейін есептеледі, атап айтқанда:

Тиімді пайдалану мерзімі (жылдар саны)

Ғимараттар мен құрылыстар	8-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-50
Басқалар	3-20

Активтің тарату құны Топ осы сәтте активтің жасы мен техникалық жағдайы оны тиімді пайдалану мерзімінің соңында күтілетін нәтижеге сәйкес келеді деген пайымдауға сүйене отырып, сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі сатудан алынуы мүмкін соманы бағалау болып табылады. Топ объектінің физикалық қызмет ету мерзімі аяқталғанша, оны пайдаланамыз деп шешсе, активті тарату құны нөлге тең болады. Активтердің тарату құны мен оларды тиімді пайдалану мерзімдері қайта қаралады және, қажет болса, әрбір есептік кезеңнің соңында түзетіледі.

(iii) Құнсыздану

Әрбір есептік кезеңнің соңында басшылық негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін анықтайды. Егер ең болмағанда осындай бір белгі анықталса, басшылық екі шаманың ең үлкені ретінде анықталатын өтелетін соманы бағалайды: активті сату үшін жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құн және оны пайдалану құндылықтары. Активтің баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды; құнсызданудан болған шығын жылдық пайда мен шығында көрсетіледі. Егер активті пайдалану құндылығын анықтауға негізделген есептік бағалауларды немесе сатуға жұмсалған шығындарды шегергенде оның әділ құны өзгерсе, өткен есептік кезеңде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі.

Материалдық емес активтер

Топтың барлық материалдық емес активтерін тиімді пайдаланудың белгілі бір мерзімі бар және оған негізінен капиталдандырылған жасақтамалар мен лицензиялар жатады. Сатып алынған бағдарламалық жасақтама оны сатып алуға және пайдалануға беруге жұмсалған шығындар сомасында капиталдандырылады.

Барлық материалдық емес активтер басшылық 2 – 25 жылға дейін деп бағалайтын тиімді пайдалану мерзімі ішінде тік сызықты әдіспен амортизацияланады.

Құнсызданған жағдайда материалдық емес активтердің баланстық құны шамалардың неғұрлым үлкеніне дейін шығынға жазылады: сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі оларды пайдалану мен әділ құн құндылықтары.

Егер Топ бизнес болып табылмайтын активтер тобын сатып алған жағдайда, Топ олардың топтың құнын сатып алған күнге сәйкес әділ құн негізінде жеке сәйкестендірілетін активтер арасында бөледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Тиімді пайдаланудың белгісіз мерзімі бар материалдық емес активтер немесе пайдалануға дайын емес материалдық емес активтер амортизацияға жатпайды және оларға қатысты жыл сайын құнсыздануға тестілеу жүргізіледі. Амортизацияға жататын негізгі құралдар мен материалдық емес активтер олардың баланстық құны өтелмейтіндігін куәландыратын қандай да бір оқиғалар орын алған немесе мән-жайлар өзгерген жағдайларда құнсыздану мәніне тестіленеді. Құнсызданудан болған шығын активтің баланстық құнының оның өтелетін құнынан асып кету мөлшерінде танылады. Өтелетін құн осы сомалардың қайсысы жоғары болуына байланысты істен шығуға немесе оны пайдалану құндылығына жұмсалған шығындарды шегергендегі активтің әділ құнын білдіреді. Құнсыздану шамасын айқындау үшін активтер ақша қаражатының ағынын генерациялайтын, басқа активтерден немесе активтер топтарынан ақша қаражатының ағынан едәуір дәрежеде тәуелсіз активтердің ең аз сәйкестендірілетін топтарға (ақша ағындарын генерациялайтын бірліктер) біріктіріледі. Өткен кезеңдерде көрсетілген қаржылық емес активтердің құнсыздануы (гудвилден басқа) әрбір есепті күнге қалпына келтіру мүмкіндігі тұрғысынан талданады.

Инвестициялық меншік

Инвестициялық меншікке жалға төленетін төлемдерді алу немесе капитал құнын ұлғайту, немесе оның біріншісіне де, екіншісіне де арналған, бірақ Топтың өзі қолданбайтын, оның иелігіндегі мүлік жатады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамына инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде болашақта пайдалануға арналған аяқталмаған құрылыс объектілері кіреді.

Қажет болған жағдайда, инвестициялық меншік шоғырландырылған қаржылық есептілікте жинақталған тозу және құнсыздану резервін шегергендегі бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Инвестициялық меншіктің құнсыздануы мүмкін екенін көрсететін белгілер болған жағдайда, Топ өтелетін құнның көлемін екі шаманың үлкенімен бағалайды: сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі оны пайдалану құндылықтары немесе әділ құны. Инвестициялық меншіктің баланстық құнының шамасы жылдық пайда немесе шығын арқылы өтелетін құнға дейін төмендейді.

Егер кейіннен оның өтелу құнын анықтау үшін пайдаланылған бағалар өзгерсе, өткен есептік кезеңдерде танылған активтің құнсыздануынан болған шығын қалпына келтіріледі. Кейінгі шығындар Топтың болашақта осы инвестициялық меншікпен байланысты экономикалық пайда табуы мүмкін болғанда және олардың құнын жеткілікті дәлдікпен анықтау мүмкін болған жағдайда капиталдандырылады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындарға олардың туындауына байланысты шығындар жатады.

Меншік иесі инвестициялық меншікке жататын активтерді иеленген жағдайда олар негізгі құралдар санатына ауыстырылады, ал олардың баланстық құны басқа санатқа ауыстырған күні осы сәттен бастап келесі амортизациялауға жататын осы активтердің шартты есептелген құнымен саналады. Инвестициялық меншіктің тозуы оларды тиімді пайдалану мерзімі ішінде бастапқы құнын оның тарату құнына дейін біркелкі шығынға жазу әдісі бойынша есептеледі, атап айтқанда:

Пайдалы пайдалану мерзімі (жылдар саны)

Бөгет және басқа гидрокұрылыстар	100
Басқалар	5-20

Алынған жалдаудан түскен табыс түсім құрамында жыл ішіндегі пайдада немесе шығында есептеледі.

Пайдалану құқығы түріндегі актив

Топ әр түрлі кеңсе заттарын, жабдықтар мен көліктерді жалға алады. Келісімшарттар жалға берілетін компоненттерді де, жалға берілмеген компоненттерді де қамтуы мүмкін. Топ жалдау компоненттері мен жалдауға жатпайтын компоненттердің арасында келісімшарттық сыйақыны олардың жеке мәміленің салыстырмалы бағасы негізінде бөледі. Алайда, Топ жалға алушы болып табылатын жылжымайтын мүлікті жалдау кезінде жалдау компоненттері мен жалгерлік емес компоненттерді ажыратпастан, оларды жалдаудың бір бөлігі ретінде көрсетуді ұйғарды.

Жалдау нәтижесінде пайда болатын активтер бастапқыда олардың ағымдағы құны бойынша бағаланады.

Пайдалану құқығы түріндегі активтер тарихи құны бойынша бағаланады, оның ішінде:

- жалдау міндеттемесінің бастапқы өлшеу мөлшері;
- жалгерлік жалдау төлемдерін шегергенде, жалдаудың басталу күніне дейін немесе одан бұрын жалдау төлемдері;
- лизинг шарттарының талаптарына сәйкес активті мемлекетке қалпына келтіру шығындары;
- кез-келген бастапқы тікелей шығындар.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Пайдалану құқығы түріндегі активтер, әдетте, активтің пайдалы қызмет мерзімі немесе жалдау мерзімі ішінде, қайсысы ертерек басталса да, тікелей әдіспен амортизацияланады. Егер Топ сатып алу опционын жүзеге асыруда сенімді сенімділік деңгейіне ие болса, Топ негізгі құралдың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде пайдалану құқығын тоқтатады.

Топ активтердің амортизациясын пайдалы қызмет мерзімінің ішінде сызықтық әдісті пайдалану құқығы түрінде есептейді, атап айтқанда:

Пайдалы пайдалану мерзімі (жылдар саны)

Жер	34 – 63
Ғимараттар мен құрылыстар	5 – 50

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең азымен есептеледі: өзіндік құны мен таза сату бағасы. Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісі арқылы анықталады. Дайын өнімнің және аяқталмаған өндірістің өзіндік құнына шикізат пен материалдардың құны, өндірістік жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуге жұмсалатын шығындар және басқа да тікелей шығындар, сонымен қатар, өндірістік жөнелтпе құжаттардың тиісті үлесі жатады, және несиелік қаражат бойынша шығындар жатпайды.

Таза сату құны – бұл өндірісті аяқтауға жұмсалатын шығындар мен сату бойынша шығындарды шегергендегі әдеттегі қызмет барысында ықтимал сатудың есептік бағасы.

Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық қарыз

Салықтар мен жеткізушілерге төленетін аванстар бойынша алдын ала төлемдерден басқа негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық қарыз, бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Жеткізушілерге төленетін аванстар құнсыздану резерві шегерілген соң есептілікте бастапқы құны бойынша көрсетіледі. Аванстар оларға жатқызылатын тауарларды немесе қызметтерді алудың күтілетін мерзімі бір жылдан артық болса немесе аванстар бастапқы тану кезінде есептілікте ұзақ мерзімді болып есепке алынатын активтерге жатқызылатын болса, онда олар ұзақ мерзімді болып жіктеледі. Активтерді сатып алу үшін берілетін аванстар сомасы Топ осы активтерді бақылауға алған кезде және олармен байланысты болашақ экономикалық пайданы Топтың алуға мүмкіндігі болған жағдайда олардың баланстық құнына енгізіледі. Өзге аванстар оларға жататын тауарларды немесе қызметтерді алған кезде шығынға жазылады. Егер аванстарға жататын активтердің, тауарлардың немесе қызметтердің алынбауына қатысты бір белгілер болса, аванстардың баланстық құны азайтылуы тиіс және құнсызданудан болған тиісті шығын жылдық пайда пен зиян арқылы көрсетіледі.

Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері

Ақшалай қаражатқа және оның эквиваленттеріне кассадағы ақшалай қаражат пен ағымдағы банктік шоттардағы қаржылар жатады. Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) шартта көрсетілген ақша ағындарын алу үшін ұсталатын болғандықтан және (ii) бұл ақша ағындары қарыз бен пайыздың негізгі сомасы есебіне төленетін төлемді ғана білдіретіндіктен, олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмаған.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының қалдығы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті жасау үшін ақша қаражатының және оның баламаларының құрамынан шығарылады.

Айырбас операцияларға есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі ай бойы шектеулер белгіленген ақша қаражатының қалғаны немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға өзге ұзақ мерзімді активтер құрамына жатқызылады; үш айдан артық, бірақ есептік кезеңнен кейін он екі айдан кем уақытқа шектеулер қойылған ақша қаражаты басқа қысқа мерзімді активтер құрамына енгізіледі.

Сатуға арналған ретінде жіктелетін ұзақ мерзімді активтер (немесе істен шығу топтары)

Егер олардың баланстық құны есептік кезеңнен кейін 12 айдың ішінде негізінен сату арқылы орны толтырылса, сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен істен шығу топтары (оған ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді активтер кіруі мүмкін) қаржылық жағдай туралы есепте «сатуға арналған істен шығу топтарының ұзақ мерзімді активтері» ретінде көрсетіледі. Активтердің жіктелуі төменде аталған барлық шарттар болған жағдайда өзгертілуі тиіс: (а) активтер олардың ағымдағы жағдайында дереу сатуға дайын; (б) топ басшылығы сатып алушыны іздеу бойынша қолданыстағы бағдарламаны бекітті және оны жүзеге асыруға кірісті; (в) олардың ағымдағы әділ құнына негізделген болып табылатын баға бойынша активтерді сату үшін белсенді маркетинг жүргізіледі; (г) сату бір жылдың ішінде жүзеге асырылады деп күтілуде, және (д) сату жоспарын айтарлықтай өзгерту немесе тоқтату күтілмейді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Акционерлік капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты қосымша шығындар капитал құрамында, салықтарды шегергендегі түсімдер сомасынан алынған шегерімдер ретінде көрсетіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен акцияларды әрбір жеке шығарған жағдайда әр акцияның құны, сонымен қатар, заңнамаларға сәйкес акцияның саны анықталады. Шығарылған акциялардың номинал құнынан алынған құралдардың әділ құнынан арту сомасы капиталда эмиссиялық табыс ретінде көрінеді.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар жарияланған және есептік кезеңнің соңына дейін қоса алғанда бекітілген жағдайда ғана есептік кезеңнің соңында капитал сомасынан шегеріледі.

Егер олар есептік кезеңнің соңына дейін ұсынылса, сонымен қатар, есептік кезең аяқталған соң, бірақ қаржылық есептілікті шығаруға бекіту күніне дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте дивидендтер туралы ақпарат ашылады.

Қосымша құн салығы

Сату кезінде туындайтын қосымша құн салығы (бұдан әрі «ҚҚС») тауарларды тиеу және қызметтерді көрсету кезінде салық органдарына төленуі тиіс. Тауарларды және қызметтерді сатып алу кезінде төленген ҚҚС жеткізушіден салықтық шот-фактура алған кезде төленуге тиіс ҚҚС есебіне ескерілуі мүмкін.

Салық заңнамасы ҚҚС төлеуді таза негізде жүргізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше, сату мен алу бойынша ҚҚС қаржылық жағдай туралы есептілікте таза негізде көрсетіледі. Егер оны өтеу есептік кезеңнен кейін бір жылдың ішінде қарастырылмаса, орнын толтыруға арналған ҚҚС ұзақ мерзімді актив ретінде жіктеледі.

Резервтер

Егер Топ бұрын болған белгілі бір оқиғаның салдарынан оны реттеу үлкен ықтималдылықпен ресурстардың сыртқа ағылуы мүмкін және ақшалай көрсеткіште барынша сенімді деңгейде бағалауға болатын заңды немесе практикада қалыптасқан міндеттемелерге ие болса, резервтер танылады. Резервтер болашақтағы операциялық залалдар бойынша танылмайды.

Күл үйінділерін жоюға арналған резерв

Күл үйінділерін жоюға арналған резерв олардың жиынтығын негізге сүйене отырып бағалаған кезде сәйкесінше міндеттемелер мен мүмкіндіктердің пайда болу ықтималдылығы жоғары болған кезде танылады. Күл үйінділерін жоюға жұмсалған шығындардың құрамына күл үйінділері инфрақұрылымының объектілерін бөлшектеуге немесе бұзуға жұмсалған шығындар, қоршаған ортаны тазарту, лас заттардың шығарындыларына мониторинг жүргізу жатады. Жоюға арналған резерв бағаланған болашақтағы шығындардың келтірілген таза құны негізінде қалдықтарды өндірудің тиісті фактісінен туындайтын міндеттеме пайда болатын сол есептік кезеңдегі негізгі құралдардың құнынан қалыптастырылады және оған қатысты болады. Күл үйінділерін жоюға арналған резервке болашақта залал келтіруге немесе бұзушылық фактілеріне байланысты туындайды деп күтілетін қандай да болмасын қосымша міндеттемелер жатпайды.

Шығындарды бағалау жою жоспарының негізінде жүргізіледі. Шығындар сомаларының бағалау мәндері жыл сайын пайдалану шамасына қарай белгілі өлшемдерді ескере отырып, есептеледі, мысалы, жаңартылған бағалау сомаларының және қайта қарастырылған активтерді немесе операциялық қызметті пайдалану мерзімдері, жүйелі түрде ресми тексерулер жүргізу.

Қажетті шығындардың нақты сомасы белгісіз болса да, Топ өзінің шығындарын қалдықтар полигондарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізудің қолданыстағы техникалық ережелеріне және нормаларына сәйкес техникалық-экономикалық негіздемеге және инженерлік зерттеулерге қарап бағалайды. Резервтердің келтірілген таза құнын анықтау кезінде қолданылатын дисконт амортизациясы немесе «жоққа шығару» сомасы әрбір есептік кезең үшін қызмет нәтижелеріне жатады. Дисконт амортизациясы қаржылық шығындар құрамында көрсетіледі.

Қызметкерлерге төленетін сыйақылар

(i) Қызметкерлерге төленетін ұзақ мерзімді сыйақылар

Ұжымдық еңбек шартының ережелеріне сәйкес, Топ компаниялары өз қызметкерлерін зейнеткерлікке шыққанға дейін, шыққан сәтте және шыққаннан кейін ұзақ мерзімді сыйақылармен қамтамасыз етеді. Келісімшарттарда зейнеткерлікке шығуы бойынша біржолғы жәрдемақы төлеу, еңбекке жарамсыз болып қалған, мерейлі жасқа толған немесе қайтыс болған жағдайда Топ қызметкерлеріне қаржылық көмек көрсету қарастырылған. Жекелеген жәрдемақылар алу құқығы әдетте зейнеткерлікке шыққанға дейінгі қалған мерзімге және қызметкердің мейлінше аз жұмыс өтілінің болуына байланысты беріледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Біржолғы жәрдемақылар төлеу бойынша күтілетін шығындарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде еңбек қызметінің аяқталуы бойынша белгіленген сыйақымен зейнеткерлік жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіс бойынша жүзеге асырылады. Топтың қаржыландырылатын зейнетақы сызбалары жоқ. Әрбір есептік кезеңнің соңында танылатын міндеттеме зейнеткерлік міндеттемелердің ағымдағы құны болып табылады. Жыл ішінде туындайтын актуарлік пайда мен залалдар жылдық жиынтық пайда мен шығында көрсетіледі. Осы мақсатта актуарийлік пайда мен залалдарға актуарийлік ұсыныстардағы өзгерістер де, актуарийлік болжалдардың іс жүзіндегі мөлiмeттерден өзгешелігіне қатысты өткендегі тәжірибенің ықпалы да жатады.

Еңбек қызметін аяқтау бойынша міндеттемелердегі барлық өзгерістерді олар туындаған сәтте тану былайша ескеріледі: (i) қызметтің құны мен таза пайыздық шығын пайдадан немесе залалдан; ал (i) қайта бағалау – өзге жиынтық табыстан көрінеді.

Зейнетақы міндеттемелерін есепке алуда пайдаланылған ең маңызды ұсыныстар, – бұл дисконт мөлшерлемесі және кадрлардың тұрақтамауы туралы болжамдар. Дисконт мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әрбір жылы осындай міндеттемелер бойынша дисконтты жоққа шығару қаржылық шығындар ретінде жылдық пайда пен залалға жатқызылады. Кадрлардың ағылуы туралы болжамдар кейіннен келтірілген таза міндеттемелердің құнын алу үшін дисконтталатын сыйақылар төлеудің болашақ ағынын болжау үшін қолданылады.

Мұндай міндеттемелер жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлермен бағаланады.

(ii) Еңбекке ақы төлеуға жұмсалатын шығыстар және оларға байланысты аударымдар

Еңбекақыға, зейнетақы аударымдарына, әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар мен еңбекке жарамсыздығы үшін жасалатын төлемдер, сыйақылар мен ақшалай емес жеңілдіктер Топ қызметкерлерінің тиісті жұмыстарды жүзеге асыруына қарай есептеледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Топ өзінің қызметкерлерінің атынан осындай зейнеткерлік жәрдемақыларын ұстап қалады және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ға (бұдан әрі БЖЗҚ) аударады. Ұжымдық еңбек келісімшартына енгізілмеген қызметкерлерге қатысты жұмыскерлер зейнеткерлікке шыққан кезде Топтың қаржылық міндеттемелері тоқтатылады және барлық төлемдерді БЖЗҚ жүргізеді.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау шарттары бойынша туындайтын міндеттемелер бастапқыда келтірілген құн бойынша бағаланады. Жалдау міндеттемелері келесі жалдау төлемдерінің таза келтірілген құнын қамтиды:

- алуға жалдау бойынша ынталандырушы төлемдерді шегергендегі тіркелген төлемдер (мәні бойынша тіркелген төлемдерді қоса алғанда);
- жалға алу басталған күнгі индексті немесе ставканы пайдалана отырып, бастапқы бағаланатын индекске немесе ставкаға байланысты ауыспалы жалдау төлемі;
- тарату құнының кепілдіктері бойынша Топтың төлеуі күтілген сомалар;
- топта сатып алуға арналған опционды орындауға жеткілікті сенімділік болған жағдайда осы опционды орындау бағасы;
- егер жалдау мерзімі Топтың осы опционды орындау мерзімін көрсетсе, жалдау шарттарын тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу.

Жалға алуды ұзарту және тоқтату опциондары Топтың ғимараттарды жалдаудың бірқатар шарттарында көзделген. Бұл шарттар Топ өз қызметінде пайдаланатын активтерді басқару кезінде барынша операциялық икемділікті қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Жалдауды ұзарту мен тоқтатуға арналған опциондардың басым бөлігін тиісті жалға беруші емес, тек Топ орындауы мүмкін. Ұзарту опциондары (немесе жалдауды тоқтатуға арналған опциондар шарттарында белгіленген мерзімнен кейінгі уақыт кезеңі) шарт ұзартылатынына (немесе тоқтатылмайтындығына) жеткілікті сенімділік болған жағдайда ғана жалдау мерзіміне енгізіледі. Міндеттемелерді бағалауға, егер жалдау ұзартылатынына жеткілікті сенім болса, ұзарту опциондарын орындау шеңберінде жүргізілетін жалдау төлемдері де енгізіледі.

Жалдау төлемдері жалдау шартында енгізілген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталады. Егер бұл мөлшерлемені, әдетте, Топта бар жалдау шарттары жағдайында орын алатын жағдайда айқындау оңай болмаса, Топ қосымша заемдық қаражатын тарту ставкасын пайдаланады – бұл Топ осындай мерзімге және ұқсас қамтамасыз ету кезінде ұқсас экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанында активтің құнына ұқсас құны бар активті алу үшін қажетті заемдық қаражатын тарта алатын мөлшерлеме.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Топтың қосымша қарыз қаражатты тарту мөлшерлемесін анықтау үшін:

- мүмкіндігінше үшінші тараптан жақында алынған Қаржыландыру тобы туралы ақпаратты бастапқы ретінде пайдаланады және оны үшінші тараптан қаржыландыру алған сәттен бастап кезеңдегі қаржыландыру шарттарындағы өзгерістерді ескере отырып түзетеді,
- несие тәуекелін ескере отырып түзетілетін есебі тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеден басталатын өсіру тәсілін қолданады, және есептеу әдісі қолданылады, онда есептеу несиелік тәуекел үшін түзетілген тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеден басталады
- жалға алу шартының ерекшелігін, мысалы жалға алу мерзімін, елін, валютасын және қамтамасыз етуді ескере отырып түзетулер жүргізеді.

Топ күшіне енгенге дейін жалдау міндеттемеде көрсетілмейтін индекске немесе мөлшерлемеге байланысты болатын ауыспалы жалдау төлемдерін ықтимал ұлғайту тәуекеліне ұшырайды.

Индекске немесе мөлшерлемеге байланысты жалдау төлемдерінің өзгерістері күшіне енген кезде пайдалану құқығы нысанында активтің құнын түзете отырып, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалау жүргізіледі.

Жалдау төлемдері міндеттемелердің негізгі сомасына және қаржылық шығыстарға бөлінеді. Қаржылық шығыстар әрбір кезең үшін міндеттемелердің өтелмеген қалдығы бойынша тұрақты мерзімдік пайыздық мөлшерлемені қамтамасыз ету үшін жалдаудың барлық кезеңі ішінде пайда немесе шығын арқылы көрсетіледі.

Жабдықтар мен көлік құралдарын қысқа мерзімді жалдау және құны төмен кез келген активтерді жалдау бойынша төлемдер пайда немесе шығын құрамындағы шығыстар ретінде желілік әдіспен танылады. Қысқа мерзімді жалдау 12 айдан аспайтын мерзімге жалдау шарты болып табылады.

Несиелер

Несиелер мен несиелер бастапқыда мәміле бойынша жасалған залалдарды шегергендегі әділ құн бойынша ескеріледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Нарықтық емес жағдайларда акционерлерден алған несиелерді есепке алған кезде Топ капиталға салым ретінде капиталдағы бастапқы танудан түскен табысты/(залалды) көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есепке алу тәртібі барлық ұқсас операцияларға жүйелі түрде қолданылады және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

Мақсатты пайдалану үшін немесе сату үшін дайындау міндетті түрде айтарлықтай уақыт қажет болатын тікелей активтерді сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты жалпы және нақты мақсаттарға тартылған несиелердің шығындары айтарлықтай уақытты талап етеді (белгілі бір талаптарға дауап беретін актив), мұндай актив құнының құрамына кіреді.

Капиталдандырудың бастапқы күні (а) Топ нақты талаптарға сай активпен байланысты шығындарды көтергенде; (б) несиелер бойынша шығындарды көтергенде; және (в) активті мақсатты пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті шараларды жүзеге асырғанда басталады. Несиелер бойынша шығындарды капиталдандыру активті пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін қажетті барлық дерлік шаралар аяқталатын күнге дейін жалғасатын болады.

Топ белгілі бір талаптарға жауап беретін активтер бойынша күрделі шығындарға ұшырамай, оны айналып өтетіндей болса, несиелер мен қарыздар бойынша шығындарды капиталдандырады. Несиелер бойынша капиталдандырылған шығындар белгілі бір талаптарға жауап беретін активті сатып алу үшін қаражат қарызға алынған жағдайларды қоспағанда (орта өлшемді пайыздық шығыстар жіктелетін активтердің шығыстарына қолданылады), Топты қаржыландырудың орташа құны негізінде есептеледі. Егер мұндай жағдай орын алатын болса, осы несие қаражатын уақытша инвестициялаудан түсетін кез келген инвестициялық табысты шегергенде кезең ішіндегі нақты несиелер бойынша шеккен нақты шығындар капиталданады.

Несиелер Топтың есептік кезеңнен кейін кем дегенде он екі айға алған міндеттемелері бойынша есептемелер мерзімін ауыстыруға міндетті құқығы болмаған кезде қысқа мерзімді міндеттемелер құрамында көрсетіледі.

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек контрагенттің өзінің шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Алынған аванстарды есептемегенде негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек, бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Алынған аванстар үшінші тараптардан алынған нақты сомалар бойынша көрсетіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Мемлекеттік субсидиялар

Егер субсидияның алынатынына және Топтың субсидияны берумен байланысты барлық талаптарды орындайтынына сенім болған жағдайда, мемлекет ұсынған субсидиялар әділ құны бойынша танылады.

Шығындармен байланысты мемлекеттік субсидиялар алдағы кезеңдерге жатады және олар өтемақыға бағытталған басқа операциялық қызметтер құрамында шығындарға сәйкес келтіру үшін қажетті кезең ішінде жылдық пайда немесе шығындар арқылы танылады.

Түсімді тану

Түсім – Топтың әдеттегі қызметі барысында туындайтын кіріс.

Түсім мәміле бағасының мөлшерінде танылады. Мәміленің бағасы Топқа үшінші тараптан алатын сомаларды есепке алмай, сатып алушыға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді бақылауды беруге алмастырып алуды күтетін құқықты беретін өтеуді білдіреді. Түсім қосылған құн салығы мен жеңілдіктерді шегеріп көрсетіледі. Электр энергиясын сатудан түсетін түсім кезең ішінде танылады.

Топтың шоғырландырылған түсімінің негізгі үлесі электр және жылу энергиясын сатудан және жеткізуден, сондай-ақ ыстық суды өндіруден түсетін түсімге байланысты. Қызметтердің/тауарлардың әрбір түрін сату жеке сатып алушымен жасалатын жеке, сәйкестендіруші шартпен ресімделеді.

Шарттың талаптарына сәйкес, Топтың еншілес ұйымдарының электр және жылу энергиясын сату мен жеткізуді орындау бойынша міндеттемелер шарт жасалған кезде анықталады. Топ бойынша электр және жылу энергиясын сату мен беру ілеспе және/немесе қосымша қызметтерді қамтымайды.

Топ сатып алушыға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді жеткізу мен сатып алушының оларды төлеуі арасындағы кезең бір жылдан асатын шарт жасауды қптамайды. Сәйкесінше, Топ ақшаның уақытша құнына мәміле бағасының тигізетін әсеріне түзету жасамайды.

Шарттың талаптарына сәйкес, электр және жылу энергиясын сату мен жеткізуге жұмсалатын шарт сомасы сатылған немесе жеткізілген электр немесе жылу энергиясының бағасы болып табылады, бұл шарттың/тауардың дербес объектісі болып табылады.

Электр және жылу энергиясын өндіру және сату

Түсім Топ электр станцияларының сатылған электр және жылу энергияларының нақты көлемі негізінде анықталады.

Түсім сомасы уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сүйене отырып анықталады.

Электр энергиясы мен жылу энергиясын сатудан түскен түсім электр және жылу энергиясын қадағалау тапсырылған сәттен, яғни сатып алушыға Топ станцияларын электр және жылу энергиялары желілеріне қосу орындары болып табылатын электр және жылу энергиясын жеткізу нүктелерінде берген сәттен бастап танылады.

Электр және жылу энергиясы Топ станцияларының электр және жылу энергиясын жеткізу желілеріне қосылатын нүктелерінде сатылған жағдайда дебиторлық берешек танылады, өйткені бұл кезде төлем мерзімінің келіп жетуі тек уақыттың ағымына байланысты болғандықтан өтеу сөзсіз болып табылады. Есепті кезеңдегі жеткізілген электр және жылу энергиясының нақты көлемі электр энергиясын босату туралы актімен/жылу энергиясының көлемін салыстыру актісімен расталады. Шот-фактуралар сатушыларға ай сайын жіберіледі.

Электр энергиясын жеткізу және тарату

Топ уәкілетті орган бекіткен тарифтерге сүйене отырып берілген және бөлінген 1 кВт. с. электр энергиясы үшін тіркелген сыйақысы бар шарт бойынша қызмет ұсынады.

Қызмет көрсетуден түскен түсім қызмет көрсетілген есепті кезеңде танылады. Түсім сатып алушы пайданы бір мезгілде алып, тұтынатын болғандықтан, есепті кезең ішінде жеткізілген электр энергиясының нақты көлеміне сүйене отырып танылады.

Есепті кезең ішінде жеткізілген және бөлінген электр энергиясының нақты көлемі сатып алушылармен бірге коммерциялық есепке алу құралдарының негізінде жасалып, қол қойылатын жеткізілген және бөлінген электр энергиясының көлемдерін салыстыру актілерімен ай сайын расталады. Шоттар сатып алушыларға ай сайын әр айдың соңғы күні беріледі және өтеу 5 жұмыс күні ішінде, шот келгеннен кейін төлеуге жатады.

Дебиторлық берешек шотты жіберген сәттен бастап танылады, өйткені бұл кезде төлем мерзімінің келіп жетуі тек уақыттың ағымына байланысты болғандықтан өтеу сөзсіз болып табылады.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Электр қуатының қол жетімділігін қолдау бойынша қызмет көрсетуден түсетін табыс.

Сондай-ақ, Топ электр қуатына қол жетімділікті қолдау қызметін ұсынады. Электр қуатының қол жетімділігін қолдау бойынша қызмет көрсетуден түскен кірістер есепті кезеңде осы қызметтер көрсетілген кезде танылады. Табыс нақты қол жетімді электр қуаты негізінде, сыйымдылық нарығының ережелеріне сәйкес бір сатып алушыдан электр қуаты бар екендігі туралы ай сайынғы есептер негізінде анықталады.

Келісім-шартта айына бір кВт қуат үшін төлем қарастырылған, ал Топ шот-фактураны алуға құқығы бар мөлшерде танылады.

Есепті айда қол қойылған акт негізінде Топ ай сайын Бірыңғай Сатып алушыға шот-фактураларды шығарады.

Электр энергиясын өткізу

Топ электр энергиясын уәкілетті органмен келіскен тарифтерге сүйене отырып, жеке және заңды тұлғалармен жасасқан шарттар бойынша электр энергиясын сатады.

Заңды тұлғаларға сатудан түскен түсім электр энергиясы есептеуіштердің көрсеткіштеріне сәйкес тұтынылған есепті кезеңде танылады. Заңды тұлғалармен жасасқан шарт бойынша түсім төлем құжатын жіберген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуді қарастырады. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғаларға арналған шарт есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін төлеуді қарастырады.

Жеке тұлғаларға сатудан түскен түсім электр энергиясы тұтынылған есепті кезеңде танылады. Жеке тұлғалармен жасалған шарт бойынша түсім есепті кезеңде сатылған электр энергиясының жалпы көлеміне барабар танылатын есептеуіш көрсеткіштерін алғаннан кейінгі айдың соңғы бірнеше күндерінің түсімінен тұрады. Жеке тұлғалармен жасалған шарт Компания жазып берген төлем құжатының негізінде есепті айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей төлеуді қарастырады. Есептесу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды.

Өзара есепке алу

Сатып алу-сату операцияларының бір бөлігі өзара есепке алуды, бартерлерді немесе ақшалай емес нысандағы басқа есеп айырысуларды қолдана отырып жүзеге асырылады.

Әдетте, бұл операциялар өнеркәсіптік және коммерциялық тұтынушылармен өзара есепке алу нысанында әр текті тауарлар қызметтерді алмасу нысанында жүргізіледі.

Есептеулерді өзара есепке алу, бартер немесе ақшалай емес нысандағы басқа есептеулер арқылы жүзеге асыру жоспарланған сатып алу-сату операциялары Топ компанияларының басшылығымен ақшалай емес есеп айырысу нәтижесінде алынатын немесе берілетін активтердің әділ құнын бағалау негізінде танылады. Әділ құн ашық нарықтық ақпарат негізінде анықталады.

Сенімсіз операциялар ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен алынып тасталды. Инвестициялық және қаржылық операциялар, сондай-ақ, операциялық қызметтің қорытынды нәтижесі осы есептегі ақша қаражатының іс жүзіндегі қозғалысына сүйене отырып ұсынылды.

Сегменттік есептілік

Сегменттер бойынша есептілік операциялық шешімдерді қабылдауға жауапты Топтың тұлғасына немесе органына ұсынылатын ішкі есептілікке сәйкес жасалады. Егер табыстары, қаржылық нәтижесі немесе активтері барлық сегменттердің жиынтық активтерінің кем дегенде он пайызын құраса, сегментті жеке ашуға болады.

Табыс салығы

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте табыс салығы қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында күшіне енген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген.

Егер олар осы немесе басқа кезеңдерде басқа жиынтық табыстың немесе тікелей капитал құрамында көрсетілген операцияларға жатуына байланысты басқа жиынтық пайда құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетілмеуі тиіс болса, табыс салығы бойынша шығындарға ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар жатады және жылдық кірістер мен шығында көрсетіледі.

Ағымдағы салық ағымдағы және өткен кезеңдер үшін салық салынатын кіріс немесе шығынға қатысты мемлекеттік бюджеттен өтелетін немесе оған төленетін сома болып табылады. Егер қаржылық есептілік тиісті салық декларациясын бергенге дейін бекітілсе, салық салынатын пайда немесе зиян бағалау көрсеткіштеріне негізделеді. Табыс салығынан өзге, басқа да салықтар операциялық шығындар құрамында көрсетіледі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Кейінге қалдырылған табыс салығы болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындары, активтер мен міндеттемелер және қаржылық есептіліктегі олардың баланстық құнының арасында туындайтын уақыт айырмашылығы бөлігінде баланстық міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Бастапқы тану үшін жасалатын ерекшелікке сәйкес, бизнесті біріктірумен байланысты емес операциялар бойынша активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын кейінге қалдырылған салықтар егер ондайлар бухгалтерлік, салық салынатын пайдаға әсер етпесе, уақыт айырмашылықтарына қатысты танылмайды. Кейінге қалдырылған баланстық шама қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында негізінен күшіне енген және уақыт айырмашылықтарын түзету кезеңінде қолданылады деп күтілетін немесе болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындарын пайдаланудың салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салық активтері Топтың жекелеген әрбір компаниясы аясында кейінге қалдырылған салық міндеттемелеріне қарсы есепке алынады. Кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін уақыт айырмашылығына және болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығындарына қатысты тек осындай шегерулер сомасына азайтылуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда табу ықтималдылығы жоғары болған жағдайда ғана танылады.

Топ еншілес компаниялардың дивидендтеріне салықтарға немесе оларды сатудан түсетін пайдаға қатысты уақыт айырмашылықтарын түзетуді бақылайды. Топ басшылық алдағы уақытта уақыт айырмашылықтарын түзетуді күткен жағдайлардан басқа кезде осындай уақыт айырмашылықтары бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін көрсетпейді.

Негізгі құралдардың құнына жатқызылған күл үйінділерін жоюға және күл үйінділерін жоюға арналған резервтің құнының салықтық базасын анықтаған кезінде Топ алдағы салықтық шегерімдерді міндеттемелерге бөледі. Осы тәсілге сәйкес бастапқы тану кезінде ескертпелер қолданылмайды.

Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме негізгі құралдардың құнына жатқызылған күл қоймаларын қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар бойынша салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты танылады, ал актив жоғарыда аталған күл қоймаларын қалпына келтіру резерві бойынша шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты тану шарттарын ескере келе табыс салығы бойынша танылады.

Басшылық әрбір есептік кезеңнің соңында Топтың анықталмаған салықтық жайғасымдарын қайта бағалайды.

Міндеттемелер басшылықтың бағалауы бойынша (қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында қабылданған салық заңнамасын немесе кез келген белгілі тиісті сот немесе басқа қаулыны интерпретациялауға негізделген) табыс салығының жайғасымдары бойынша көрсетіледі, бәрінен бұрын салық органдары осы жайғасымдарды даулаған жағдайда қосымша салық есептеулеріне әкелуі мүмкін. Айыппұлдар, өсімақылар мен салықтар бойынша міндеттемелер, табыс салығынан басқа, есептік кезең соңында міндеттемелерді реттеу үшін қажетті шығындарды басқаруды барынша нақты бағалау негізінде көрсетіледі. Табысқа салынған салық бойынша анықталмаған жайғасымдар бойынша түзетулер табысқа салынатын салық бойынша шығындардың құрамында көрсетіледі.

Анықталмаған салықтық ұстанымдар

Топтың анықталмаған салықтық ұстанымдарын басшылық әрбір есептік кезеңнің аяғында бағалайды. Табыс салығы жөніндегі жайғасымға қатысты көрсетілетін міндеттемелер егер салық органдары Топтың салық жайғасымымен келіспесе, басшылық қосымша салық міндеттемелерінің пайда болу ықтималдығы олардың болмау ықтималдығынан жоғары деп санаған жағдайда ғана ескеріледі.

Мұндай баға қолданыстағы немесе есептік кезеңнің соңында мәні бойынша қолданылатын салық заңнамаларын түсіндіру, сондай-ақ соттың кез келген белгілі қаулыларының немесе осыған ұқсас мәселелер бойынша өзге шешімдерінің негізінде жасалады. Пайдаға салынатын салықты қоспағанда, айыппұлдар, өсімпұлдар және салықтар бойынша міндеттемелер басшылықтың есептік кезеңнің аяғындағы міндеттемелерді реттеуге қажетті шығындарды барынша жақсы бағалауы негізінде көрінеді. Табыс салығы бойынша анықталмаған жайғасымдар бойынша түзетулер табыс салығы бойынша шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Акционермен жүргізілетін операциялар

Акционердің өкімі бойынша шығындарды есептеу немесе активтерді бөлу, негізгі құралдардың объектілерін, бизнесті біріктіруді, басқа кәсіпорынға немесе істен шығу тобына қатысу үлесін, ақша қаражатын және басқаларды қоса алғанда, «Акционерге өзге бөлулер» ретіндегі бөлінбеген пайда болып танылады.

3 Жаңа есепке алу ережелері

Төменде қайта қаралған стандарттар мен түсіндірмелер 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Топ үшін міндетті болды, бірақ Топқа айтарлықтай әсер еткен жоқ:

- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізіне түзетулер (2018 жылғы 29 наурызда жарияланған және 2020 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді).
- Бизнесі анықтау – 3 (IFRS) ХҚЕС-ке түзетулер (2018 жылғы 22 қазанда шығарылған және жылдық есепті кезеңнің басынан бастап немесе 2020 жылдың 1 қаңтарынан басталатын сатып алуға қатысты күшіне енеді).
- Нақтылықты анықтау - 1 (IAS) ХҚЕС және 8 (IAS) ХҚЕС-ке түзетулер (2018 жылғы 31 қазанда шығарылған және 2020 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді).
- Сыйақы мөлшерлемесін базалық реформалау - 9 (IFRS) ХҚЕС, 39 (IAS) ХҚЕС және 7 ХҚЕС -ке түзетулер (2019 жылдың 26 қыркүйегінде шығарылған және 2020 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын жылдық кезеңдерде күшіне енеді).

Жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

2021 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

- 10 ХҚЕС-ке (IFRS) және 28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасында жасалған мәмілелердегі активтерді сату немесе қосу (2014 жылдың 11 қыркүйегінде шығарылған және Кеңес ХҚЕС бойынша анықтайтын күннен немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.).
- 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру келісімшарттары» (2017 жылғы 18 мамырда шығарылған және 2021 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу - 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылған және 2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді деп жіктеу - күшіне енетін күнді ауыстыру - 1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- «Активті болжамды пайдалану басталғанға дейінгі түсім, ауыртпалықты шарттар - шартты орындау құны», «Тұжырымдамалық негіздерге сілтеме» - 16 ХҚЕС-ке (IAS), 37 ХҚЕС-ке (IAS) және 3 ХҚЕС-ке (IFRS) қолданыс аясы шектелген түзетулер және 2018-2020 жылдарға арналған ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер - 1 ХҚЕС - ке (IFRS), 9 ХҚЕС-ке (IFRS), 16 ХҚЕС-ке (IFRS) және 41 ХҚЕС - ке қатысты (2020 жылдың 14 мамырында шығарылған және 2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты).
- 17 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер және 4 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер (2020 жылғы 25 маусымда шығарылған және 2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты).
- Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау (IBOR) - 9 ХҚЕС-ке (IAS), 39 ХҚЕС-ке (IFRS), 7 ХҚЕС-ке (IFRS), 4 ХҚЕС-ке (IFRS) және 16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер, 2-кезең (2020 жылғы 27 тамызда шығарылған және 2021 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты). 2021 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірқатар жаңа стандарттар мен түсіндірмелер жарияланды.

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, бұл жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар

Топ келесі қаржылық жыл ішінде есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелерге ықпал ететін есептік бағалау мен пайымдарды пайдаланады және жорамал жасайды. Бағалаулар мен пайымдар тұрақты түрде сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесіне және басқа факторларға, соның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап ететін кейбір пайымдарды пайдаланады. Қаржылық есептілікте көрсетілген көрсеткіштерге ең көп ықпал ететін пайымдар мен келесі жыл бойынды активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасын біршама түзету қажеттілігіне әкелуі мүмкін бағалар мыналардан тұрады:

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Басшылық әрбір есептік кезеңнің соңында жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің бар-жоғын және гудвилден бөлек активтер немесе активтер топтары үшін өткен кезеңдерде танылған құнсыздану шығыны белгілерінің бұдан былай болмайтынын немесе азайғанын бағалайды.

Мұндай кез келген белгі анықталған жағдайда басшылық сату шығындары мен пайдалану құнын шегергендегі оның әділ құнының шамасының ең көбі ретінде анықталатын активтің өтелетін бағасын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайларға негізделген болып саналатын басшылық тарапынан бағалау мәліметтері мен кәсіби пайымдарды қолдануды талап етеді.

Қаржылық активтердің құнсыздану белгілерінің болуын анықтау да негізгі құралдар объектілерінің мүмкін болатын технологиялық ескіруін, қызметтің, олардың пайдалы қызметінің қалдық мерзімдерінің тоқтатылуын және пайдалану шарттарының басқа да өзгерістерін анықтауда пайымдар мен бағаларды пайдалануды талап етеді.

ХҚЕС (IAS) 36-ға сәйкес, құнсыздану белгілерінің бірі болып Топ қызметін жүзеге асыратын технологиялық, нарықтық, экономикалық немесе заңдық жағдайларда немесе актив сатылуы тиіс нарықта кезең ішінде болған немесе алдағы уақыттарда күтілетін, Топ үшін жағымсыз салдарлары бар маңызды өзгерістердің болуы болып табылады.

Активтің өтелетін құнын бағалаған кезде Топ бағаларды қолданады және пайым жасайды. Бағалаулар мен пайымдар тұрақты түрде сыни талдауға ұшырайды және басшылықтың бұрынғы тәжірибесі мен басқа факторларға, оның ішінде орын алған жағдайларда негізді болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты болжамдарға негізделген. Сондай-ақ, басшылық есептік саясатты пайдалану үрдісінде бағалауды талап ететін кейбір пайымдарды пайдаланады.

COVID-19-ның таралуы мен әсерін тежеуге бағытталған қабылданған шаралар Қазақстандағы экономикалық белсенділікті айтарлықтай шектейді және бизнеске, нарық қатысушыларына, топ клиенттеріне, сондай-ақ белгісіз уақыт кезеңі ішінде Қазақстан мен әлемдік экономикаға теріс әсер етеді және теріс әсер ете береді. Тиісінше, бұл жағдайлар болашақ ағындарды төмендетіп, қолма-қол ақша немесе операциялық және басқа шығындарды көбейтіп, сондай-ақ Үкіметтің экономиканы қолдау мақсатында электр энергиясының тарифтерін реттеуге әсер етуі мүмкін.

Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайта отырып жаңғырту

Қазақстан Республикасы Президентінің атмосфераға шығарылатын шығарындыларды мейлінше азайтуға арналған шаралар қабылдау жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Топ жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ТЭН) әзірлеуде. Жобаның бірінші кезеңінде ЖЭО-2-нің қоршаған ортаға әсерін азайта отырып, оны жаңғыртудың төрт нұсқасы қарастырылды: жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газ тазартқыш жабдықты орнату арқылы газбен жағуға көшіру, табиғи газға көшірмей-ақ бу-газ қондырғыларын салу және қосымша газ тазартқыш жабдықты орнату, сондай-ақ газбен жанатын жаңа станция салу арқылы ЖЭО-2-ні кеңейту. Қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың шығарындылары мен оны сату құнын салыстыру нәтижесінде жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газбен жағуға көшіру арқылы қайта құру жөніндегі бірінші нұсқа таңдалды. «Алматы электр станциялары» АҚ-ның (бұдан әрі - «АлЭС») қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту арқылы Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту» жобасының ТЭН-іне сәйкес таңдалған жобаның бағалау құны 131 миллиард теңгені құрайды. Осы есепті күнгі жағдай бойынша, ТЭН «Мемсарптама» РМК-ден алынған ескертулерді ескере отырып, қайта жетілдіру сатысында, жобаның құнын түзету қажет.

Премьер-министр А.Ұ.Маминнің басшылығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі 2020 жылдың 20 қазанында ЖЭО-2-де жұмыс істеп тұрған қазандықтарды газға көшіру және газ инфрақұрылымын салу арқылы жаңартудың бірінші нұсқасын мақұлдады. Кеңес барысында Премьер-Министр Энергетика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-мен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы туралы» Заңына жұмыс істеп жатқан энергия өндіруші ұйымдардың экологиялық жағдайды электр қуаты нарығының тетігі арқылы шешуге бағытталған жобаларды іске асыру мүмкіндігін беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені пысықтауды тапсырды.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Сондай-ақ, Премьер-Министр «Самұрық-Энерго» АҚ-ға Энергетика министрлігімен бірлесіп белгіленген тәртіппен ЖЭО-2-ні газға көшіру жобасын қаржыландыру үшін банктен қарыз тарту бойынша жұмысты жалғастыруды, оның ішінде газ инфрақұрылымын жүргізуді тапсырды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту жобасын іске асыру мақсатында «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер жобасын дайындады. Түзетулердің жобасы шығарындылар көлемін азайту үшін негізгі отын түрін ауыстыру мақсатында электр энергиясын өндіруге пайдаланылатын негізгі өндіруші және қосалқы жабдықты жаңарту және (немесе) қайта құру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыратын энергия өндіруші ұйымдарға қуат үшін жеке тариф ұсынуды көздейді. Осы есеп беру күніндегі жағдай бойынша «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулердің жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілді және ол қарау үшін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне ұсынылады.

Осы өзгертулерді «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізу Топқа электр қуаты нарығының тетігі есебінен қарыз қаражатының қайтарылымдығын және болашақта инвестицияның өтелімділігін қамтамасыз етеді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, басшылық Топ үшін елеулі жағымсыз салдарлар болады деп күтпейді.

Негізгі құралдардың құнсыздану белгілерін талдау

Топ басшылығы мына еншілес ұйымдардың - «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның (бұдан әрі - «ЕГРЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ мен «АлЭС» АҚ-ның 36 ХБЕС «Активтердің құнсыздануына» сәйкес жүргізілген негізгі құралдарының құнсыздану белгілеріне талдау жасады.

Құнсыздану белгілеріне талдау жасаған кезде қолданылатын негізгі фактілер мен болжамдар мыналар:

- есепті кезеңде еншілес ұйымдардың экономикалық тиімділігінде жағымсыз өзгерістердің болмауы;
- несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі және инфляцияның ұзақ мерзімді мөлшерлемесінің маңызды болып табылмауы;
- кезең ішінде болған немесе жақын болашақта болады деп күтілетін еншілес ұйымдарға жағымсыз әсер ететін маңызды өзгерістердің болмауы;
- Энергетика министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен 2021 жылдан бастап қолданысқа енгізе отырып, электр энергиясының тарифінде ескерілетін тіркелген пайданы анықтаудың жаңа әдістемесін (бұдан әрі - «Әдістеме») бекіту. Тіркелген пайда энергия өндіруші ұйымдардың іске қосылған активтері негізінде капиталдың орташа кірістілік мөлшерлемесін (WACC) ескере отырып есептеледі, бұл Топқа қолданыстағы активтер бойынша және жаңа активтерді пайдалануға берген кезде тіркелген пайда алуға мүмкіндік береді. (RAB реттеу).

Әдістеме өндірістік шығындарды, оның ішінде амортизациялық шығындарды және энергия өндіруші ұйымдардың іске қосылған активтер базасы деңгейінде капиталдың орташа алынған кірістілігінің мөлшерлемесіне көбейтілген тіркелген пайданы (WACC) қоса алғанда, жабуды қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, әдістеме пайыздық шығындарды қоспағанда, барлық шығындарды жапқаннан кейін тұрақты пайда алуды көздейді.

2020 жылы Топ жаңа әдістемеге сәйкес іске қосылған активтер базасына кіретін активтердің әділ құнын анықтау үшін тәуелсіз бағалаушыны тартты. Іске қосылған активтік базаның әділ құнына негізделген есептеулерге сүйене отырып, Топ басшылығы әдістемеге сәйкес табыстылық деңгейін қосу арқылы электр энергиясына шекті тарифтің айтарлықтай өсуін күтеді. Жаңа әдістемеге сәйкес, RAB-реттеуге және тарифтерді бекітуге толық көшу 2021 жылдың 1 шілдесінен басталады деп күтілуде.

«АлЭС» АҚ бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде қолданылған қосымша фактілер мен болжамдар:

- электр энергиясын сату көлемдері мен тарифтері, электр энергиясын, жылу энергиясын және химиялық тазартылған суды дайындауда ұстап тұру бойынша қызметтер, сондай-ақ күрделі шығындардың көлемі Компания активтерінің өтелетін құнын соңғы бағалау кезінде пайдаланылған Компания басшылығының бюджетке сәйкес келеді;

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

«ЕГРЭС-1» ЖШС бойынша құнсыздану белгілерін талдау кезінде қолданылған қосымша фактілер мен болжамдар:

- 2020 жылғы 31 желтоқсандағы негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштер бойынша жоспардың артығымен орындалуы;
- орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймақтарында электр энергиясына деген сұраныстың болжамды өсуі, сондай-ақ жеті блоктық режимде жұмыс істеуге және қолда бар қуатқа байланысты электр энергиясын сату көлемінің болжамды өсуі;
- қарызға алынған қаражат есебінен «Жаңа электросүзгілерді орнату арқылы №1 энергия блогын қалпына келтіру» инвестициялық жобасының аяқталуына байланысты 2025 жылдан бастап электр қуатын дайындықта ұстап тұруды қолдау қызметтері үшін жеке тариф алуды күту. Энергетика министрлігінің қағидаларына сәйкес, 2020 жылдың 30 қаңтарында Нарық кеңесіне өтініш жасалды. Қазіргі кезде Нарықтық кеңестен Энергетика министрлігінің электр қуатын дайындықта ұстап тұруды қолдау қызметтері үшін жеке тарифке өтінімді одан әрі қарауы туралы ұсыныс алынды.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілеріне жүргізілген талдау нәтижесінде Топ басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері болмаған деген қорытындыға келді. Сәйкесінше, Топ басшылығы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған еншілес ұйымдардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест жүргізу туралы шешім қабылдады.

Құнсыздануға жүргізілген тест

2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша жүргізілген талдау нәтижелерінде басшылық «Тегіс Мұнай» ЖШС мен оның еншілес кәсіпорны «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС (бұдан әрі - «Тегіс Мұнай») еншілес ұйымдарының және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі – «ЕГРЭС-2 ст.») бірлескен кәсіпорынның негізгі құралдарының және тиісінше ЕГРЭС-2 станциясындағы өзінің инвестицияларының құнсыздану индикторларын анықтады.

Топ Тегіс Мұнай және ЕГРЭС-2 станциясы активтерінің құнсыздануына тест жүргізу үшін тәуелсіз сарапшыларды тартты, ол ҚХЕС 36 "Активтердің құнсыздануына" (IAS) сәйкес жүргізілді. Басшылық Тегіс Мұнай активтерінің құнсыздануына арналған тестілеуді тәуелсіз сарапшылар Топтың басқа компанияларының құнсыздануына арналған тесте пайдаланылатын әдіснамаға ұқсас етіп өткізді. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің өтелетін құны болжанатын болашақ түсімдер мен активтерді пайдаланудан түскен ақша қаражатының жылжуын, дисконт мөлшерлемесін және өзге де көрсеткіштерді бағалауды негізге ала отырып анықталды.

Басшылық әрбір еншілес компанияның негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін ақша қаражатын бірыңғай генерациялайтын бірлікке жатқызады, өйткені бұл - басқа активтермен генерацияланатын ақша ағындарына қарамастан, едәуір дәрежеде ақша қаражатының ағынын генерациялайтын активтердің ең аз сәйкестендірілетін тобы және әрбір еншілес компания активтер құнының өтелуін бақылайтын мейлінше төмен деңгей. Басшылық Компанияның пайдаланудан алуын күтетін дисконтталған болашақ ақша ағындарының сомасы ретінде айқындалатын негізгі құралдардың өтелетін құнын пайдалану құнына сүйене отырып бағалады.

ЕГРЭС-2 басшылығы өтелетін соманы анықтау үшін ақша қаражатын қозғалысқа келтіретін бірлікті пайдалану құнын қолданды. Осылайша есептелген негізгі құралдардың өтелетін құны 2020 жылғы 30 қарашадағы жағдай бойынша, құнсыздану тестінің нәтижелері негізіндегі олардың баланстық құнынан асып түсті. Алайда, негізгі болжамдағы кез келген жағымсыз өзгеріс құнсыздануға әкелуі мүмкін. Өтелетін сомаға қатысты негізгі болжамдар төменде келтірілген:

Электр энергиясына белгіленген тарифтер - Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін Топ басшылығы электр энергиясына мынадай тарифтерді қолданды:

- 2020 жылғы орташа өлшемді тариф 1 кВтс.-қа 8.43 теңгені құрады, бұл 2020 ж. Топ қолданатын электр энергиясын сатуға белгіленген нақты тарифті білдіреді және Энергетика министрлігі 2019-2025 жылдарға 1 кВт.сағ. үшін 9.13 теңге мөлшерінде бекітіп, белгілеген шекті тарифінен аспайды.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

- Кейінгі кезеңдерге арналған болжамды орташа өлшемді тарифтер мынадай:

	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
Электр энергиясына белгіленген тариф (1 кВт.сағатқа теңгемен)	9.13	9.13	9.13	9.13	9.13	11.40	14.91	16.17
Қуатқа белгіленген тариф (айына 1 МВт.мың теңге)	590	622	655	690	726	3.711	3.675	3.641

	2029 ж.	2030 ж.	2031 ж.	2032 ж.	2033 ж.	2034 ж.	2035 ж.
Электр энергиясына белгіленген тариф (1 кВт.сағатқа теңгемен)	16.45	16.73	17.00	17.25	17.55	17.96	18.51
Қуатқа белгіленген тариф (айына 1 МВт.мың теңге)	3.609	3.579	3.555	3.534	3.525	1.136	1.199

Тариф болжамы басшылықтың 2023 жылы күтіліп отырған №3 энергия блогын салу жобасын жаңартуға байланысты болжалы негізінде жасалды. 2026 жылы тарифтің айтарлықтай өсуі күтіліп отырған № 3 энергия блогын іске қосуға және Қазақстан Республикасындағы электр қуаты нарығының жұмысына енгізуге қатысты тариф белгілеу құрылымының өзгеруіне байланысты. «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Топ электр қуатын сату үшін жеке тариф алу мүмкіндігіне ие. Жеке тарифті алу қуаты 630 МВт №3 энергия блогын салуды аяқтаған кезде және уәкілетті органмен инвестициялық келісімді жасағаннан кейін ғана мүмкін болады. Жеке тарифті есептеуде № 3 энергия блогының құрылысын аяқтауға кеткен инвестициялық компонентпен байланысты шығындарды жабу үшін қажетті сома ескеріледі. Электр энергиясын сату тарифінің рұқсат етілген шектерде 10%-ға төмендеуі инвестициялардың құнсыздануынан 17,632,291 мың теңгеден аспайтын мөлшердегі қосымша шығынға әкеледі.

Электр энергиясын өндіру және сату көлемі - Активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін Топ №3 энергия блогының электр энергиясын өндіру/сату бойынша болжамдық көлемі мен құрылысты аяқтау үшін қажетті тиісті инвестицияларды ескерді. Топ активтердің өтелетін сомасын есептеу үшін мынадай электр энергиясын сату көлемін қолданды:

ЕГРЭС-2	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.	2026 ж.	2027 ж.	2028 ж.
Электр энергиясын сату көлемі (млн. кВт.с)	6.427	5.923	5.921	5.922	6.039	5.926	6.066	6.209
Қуатты сату көлемі (МВт)	625	641	650	671	701	1.309	1.334	1.360

ЕГРЭС-2	2029 ж.	2030 ж.	2031 ж.	2032 ж.	2033 ж.	2034 ж.	2035 ж.
Электр энергиясын сату көлемі (млн. кВт.с)	6.355	6.505	6.658	6.815	6.976	7.141	7.309
Қуатты сату көлемі (МВт)	1.387	1.415	1.444	1.475	1.500	1.500	1.500

Басшылық болжамдық кезең бойында өндіру мен сату көлемі №3 энергия блогын пайдалануға бергенге дейін тұрақты болады деп болжайды. ЕГРЭС-2 ст. №3 энергия блогын іске қосқаннан кейін электр энергиясының көлемі айтарлықтай ұлғаяды деп болжамайды, бірақ электр энергиясын өндіру көлемі компанияның үш блогының арасында бөлінеді.

Дисконттау мөлшерлемесі - 14.19%-ға тең дисконттау мөлшерлемесі ЕГРЭС-2 станциясына тән тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағасының көрінісін ескере отырып есептелді және салаға арналған капиталдың орташа өлшемді құнының негізінде бағаланды. Болашақта салаға тән өзгеріп отыратын тәуекелдер мен капиталдың орташа өлшемді құнындағы өзгерістерді көрсету үшін дисконттау мөлшерлемесінің одан әрі қарай өзгеруі қажет болады. Дисконттау мөлшерлемесінің 1% -ға өсуі инвестициялардың құнсыздануынан 1,417,767 мың теңге мөлшеріндегі залалға әкеледі.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Тегіс Мұнайдың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына жүргізілген тест

Дәлелденген және ықтимал газ қорлары құнсыздануға тест кезінде пайдаланылады. Газ қорларын бағалаумен байланысты көптеген белгісіздіктер бар, атап айтқанда, бағалау кезінде жарамды жорамалдар жаңа ақпарат қолжетімді болған кезде айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Шикізат тауарларының болжамды бағаларындағы, айырбастау курстарындағы, өндірістік шығыстардағы немесе қайтару пайыздарындағы өзгерістер қорлардың экономикалық жай-күйін өзгертуі және ақырында қорлардың өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Басшылық болашаққа қатысты бағалар мен жорамалдар жасайды. Анықтама бойынша алынған бухгалтерлік бағалар тиісті нақты нәтижелерге сирек тең болады. Мұндай бағалар мен жорамалдар тұрақты түрде бағаланады және тарихи тәжірибе мен басқа да факторларға, оның ішінде қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды деп саналатын болашақ оқиғалардың болжалдарына негізделген. Өтелетін сома пайдалану құндылығын пайдалана отырып анықталды.

Газ өндіруді бастау мерзімі

Табиғи газды өндіру 2024 жылы басталады деп болжануда, ал газ өндірісінің 65%-ы 2024 жылдан бастап жыл сайын экспортталатын болады деп ұйғарылып отыр.

Газ өндіруді бастау мерзімін кейінге қалдыру келісімшарттық аумақтың Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағының аумағына кіруіне байланысты, мұнда аумақты қорық аймағынан шығарғанға дейін кен орнын салу және игеру бойынша жұмыстарды жүргізуге тыйым салынған. Қазіргі кезде уәкілетті мемлекеттік мекемелер келісімшарттық аумақтың алынуын ескере отырып, қорық шекарасын кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде.

Осыған байланысты Тегіс Мұнай Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне (бұдан әрі - ҚР ЭМ) өндіру кезеңінің басталуын ұзарту, газ өндіру үшін кен орнын дайындау, Жұмыс бағдарламасының орындалу мерзімі мен Келісімшарттың күшінде болу мерзімін ауыстыру қажеттілігі туралы мәселемен жүгінді, келісімшарт аумағынан шығару туралы мәселе аяқталған жоқ. 2020 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жер қойнауын пайдалану жөніндегі сараптама комиссиясы қаржыландыру бойынша міндеттемелерді - оқытуды; - ҒЗТҚЖ; - аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады; сонымен қатар Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттағы инвестициялық міндеттемелер бойынша жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізуден бас тартылды.

2020 жылдың 3 желтоқсанында Тегіс Мұнай Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жер қойнауын пайдалану келісімшартындағы инвестициялық міндеттемелер бойынша Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізуден бас тартуын заңсыз деп тану туралы өтініш жіберді. 2020 жылдың 30 желтоқсанында Компания «Атамекен» ҰКП құрамына кіретін «Қазақстанның сыртқы сауда палатасы» ЖШС-дан форс-мажорлық жағдайлардың туындағаны туралы, Тегіс Мұнай келісімшарттық аумақты қорық аумағынан шығарғанға дейін Жер қойнауын пайдалану келісімшарты бойынша міндеттемелерін орындай алмайтынын және жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізе алмайтынын растайтын куәлік алды. Форс-мажорлық жағдай келісімшарттық аумақ қорық аймағынан шыққанға дейін күшінде болады.

Өтелетін сома мұнай мен газдың болжамды бағалары мен 14.6% мөлшерінде салықтарды төлегеннен кейін дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, дәлелденген және ықтимал қорлар негізінде дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдалана отырып есептелген (2019 жылы: 13.9%). Құнсыздануды тестілеу нәтижелері бойынша активтердің өтелетін құны 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың баланстық құнынан 315.7 миллион теңгеге аз. Топ негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалды өзге шығындар құрамында көрсетті.

Пайдалану мөнін есептеу мұнайдың барреліне АҚШ долларымен сатылуының мынадай болжамды бағаларын болжайды, бұл Bloomberg-тің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы баға болжамына негізделді және басшылық сонымен қатар Қытаймен шекарадағы газ сатудың экспорттық бағасы олардың арасында корреляция жоғары болғандықтан, мұнай бағасына байланысты деп есептейді бұл талдауда расталды.

<i>АҚШ доллармен</i>	2024	2025	2026	2027
баррель үшін мұнай бағасы (Brent)*	56.76	64.57	65.93	67.31
Қытай шекарасында мың. м3 үшін экспорттық газдың болжам бағасы	195	208	224	229

*деректер көзі: *Bloomberg*

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

Негізгі құралдарды есепке алу

Теңгерімдік құны 16,160,877 мың теңге болатын негізгі құралдар Бірінші Жел Электр станциясының (бұдан әрі – БЖЭС) 15,115,505 мың теңге сомадағы және Қапшағай Күн Электр станциясының (бұдан әрі – Қапшағай СЭС) 1,045,372 мың теңге сомадағы активтерін білдіреді.

KEGOC-тің еншілес ұйымы – Есептеу-қаржы орталығы ЖЭК-тен электр энергиясын өндіретін компаниялардан өндірілген электр энергиясын түгел сатып алып, агент көмір мен көмірсутегіден электр энергиясын өндіретін станцияларға қайта сататын агент ретінде қызмет етеді. Бүкіл электр энергиясы станциядан құнсыздану мөлшерлемесіне қарай жыл сайын түзетіліп отыратын нарықтағыдан жоғары ескертілген тариф бойынша сатып алынады.

ХҚЕС (IFRS) 16 сәйкес, мұндай сипаттағы шарттар жалдау шартының белгілерінен тұруы мүмкін. Басшылық ХҚЕС (IFRS) 16 талаптарын бағалап, бұл шарт операциялық жалдау шарты болып табылады деген пікірге келді, мұнда БЖЭС пен Қапшағай СЭС жалға берушілер болып табылады. Сәйкесінше, бұл станциялардың электр энергиясын сатудан түскен түсімі электр станцияларын жалға беруден түскен табыстың құрамына енгізілді.

Электр энергиясын сатудан түскен түсімді тану

Топ электр энергиясын тұтынушылардың есептеуіштеріндегі көрсеткіштер деректеріне сәйкес электр энергиясын жеткізген сәттегі түсімді таниды. Есептеуіштердің көрсеткіштері тұтынушыларға ай сайын беріледі және Топ олардың дұрыстығын ішінара таңдай отырып тексереді.

Топ тұтынылған электр энергиясы үшін шоттарды ұсыну бойынша үрдістер кезеңділігінің нәтижесінде тұтынушыларға шоттар берілмеген есептік кезеңнің соңында электр энергиясының айтарлықтай бөлімін сатты.

Топ бағалау негізінде есептеуіш көрсеткіштерін соңғы рет алған сәттен бастап есептік кезеңнің соңына дейін сатылған электр энергиясынан түскен табысты таниды. Топтың ұстанымына сәйкес, сатып алынатын тұтынылған, бірақ сату бағасына көбейтілетін есептік айдың соңында қойылған электр энергиясының күн сайынғы сатып алу көлемі есептеледі.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері

Негізгі құрал-жабдықтардың пайдалы қызметінің мерзімін бағалау осыған ұқсас активтерге қатысы бар тәжірибе негізіндегі кәсіби пайымдауларды пайдалану арқылы жүзеге асты. Осы активтермен байланысты келешектегі экономикалық пайда негізінен оларды пайдалану нәтижесінде алынады. Дегенмен, технологиялық және коммерциялық тұрғыдан тозу, сондай-ақ, құрал-жабдықтың тозуы сияқты басқа факторлар көбінесе осы активтермен байланысты экономикалық пайданың азаюына әкеледі. Басшылық аталған активтер Топқа экономикалық пайда әкелетін есептік кезеңге сүйене отырып, активтердің ағымдағы техникалық жағдайына байланысты негізгі құралдарды табысты пайдаланудың қалған мерзімін бағалайды.

Және келесі негізгі факторлар назарға алынады: (а) активтерді пайдаланудың болжалды мерзімі; (б) техникалық қызмет көрсетудің эксплуатациялық сипаттамалар мен регламентіне байланысты құрал-жабдықтың болжалды физикалық тозуы және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде технологиялық және коммерциялық тұрғыдан алып қарағанда құрал-жабдықтардың моральдық тозуы.

Егер тиімді пайдаланудың есептік мерзімдері басшылықтың бағалауынан 10%-ға өзгеше болса, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған амортизациялық аударымдар 5,725,610 мың теңгеге ұлғаюу/азаюу тиіс еді (2019 жылғы 31 желтоқсан: 5,556,713 мың теңгеге ұлғаюу/азаюу тиіс еді).

Балқаш ЖЭС

2019 жылдың 29 қазанында Топ өтемақы алып, Samsung C&T міндеттеме сомасын төледі және «Балқаш ЖЭС»-тің АҚ (бұдан әрі «БЖЭС») 50% + 1 акциясын алды. Топтың басшылығы БЖЭС-тегі үлесті сатып алу нәтижесінде Топта БЖЭС-тің кредиторлары мен өнім берушілері алдында заңды міндеттемелері жоқ деп санайды. Топтың 100% үлесін сатып алу сәтінде БЖЭС банкроттық шегінде болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмаған. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен өнім берушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігі салдарынан бірнеше рет сотқа берген, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға әкеп соқты, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 2019 жылдың 6 желтоқсанында сот шешімі бойынша банкроттық процесін бақылау және жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

Карантиндік іс-шаралардың енгізілуін және ұлттық экономиканы қолдау бойынша мемлекет қабылдаған шараларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі №443 қаулысымен мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің банкроттығын тану туралы сотқа арыз беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұру туралы бұйрық шығарылды, соған байланысты БЖЭС банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЭС-ті тану туралы сот талқылауы әлі шешілген жоқ, сондықтан басшылықтың пікірі бойынша Компанияның бақылау құқығы жоқ әрі БЖЭС-ке салынған инвестиция толығымен құнсызданды.

4 Есептік саясатты пайдаланудағы маңызды есептік бағалау мен кәсіби пайымдар (жалғасы)

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бас компанияның ЕГРЭС-2 ст. үлесін сатып алуы»

2019 жылдың желтоқсанында Топтың бас компаниясы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ «Интер-РАО ЕЭС» ААҚ-дан ЕГРЭС-2 станциясы акцияларының 50% үлесін сатып алғаны туралы жариялады, осылайша 50% - тікелей иелік ету үлесі және Топтағы үлесі арқылы 50% иелену үлесі арқылы ЕРЭС-2-ге толық бақылау жасау құқығына ие болды.

2020 жылдың қыркүйегінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мен Топ бірлескен басқару туралы келісімге қол қойды, оның шарттары мен ережелері негізінен Топ пен «Интер-РАО ЕЭС» ААҚ арасындағы бірлесіп басқару туралы алдыңғы келісіммен бірдей. Бірлесіп басқару туралы келісімінің негізгі тармақтарының бірі - тараптар арасындағы «жедел және қаржылық басқарудағы мерзімді өзгерістер» туралы тараптардың келісімі болып табылады.

ЕГРЭС-2 Жарғысына сәйкес, Топтың тек ЕГРЭС-2-дегі пайда үлесін өзінің бірлескен кәсіпорынға қатысу үлесі шегінде ғана алуға құқылы, Топтың бірлескен кәсіпорынды басқарғаны үшін сыйлықақы алатыны туралы Жарғыда немесе Келісімде көзделмеген.

Жоғарыда аталған факторлар мен бірлесіп басқару келісімінің талаптарын ескере отырып, басшылық Топ ЕГРЭС-2 акционерлері құрылымының өзгеруі нәтижесінде ЕГРЭС-2-ге бақылау жасау құқығын ала алмады деп санайды. Сәйкесінше, Топ басшылығы үлестік қатысу әдісі бойынша ЕГРЭС-2-ге салынған инвестицияларды есепке алуды жалғастыруда, өйткені Топтың бірлескен кәсіпорындағы рөлі бас компания үлесті сатып алған күннен бастап есеп беру күніне дейін өзгерген жоқ деп санайды.

Әкімшілік алдындағы берешек

2017 жылдың тамызында және қыркүйегінде Компания бес жыл мерзімге 1 облигация үшін 1000 теңге номиналдық құны бойынша 20,000,000 мың теңге және 28,000,000 мың теңге жалпы сомасында облигацияларды тиісінше шығарды және жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме тиісінше жылдық 13%-ды және 12.5%-ды құрады және тиісінше жылына екі рет және тоқсан сайын төлеуге жатады. 2020 жылдың 18 ақпанында Қоғам 28,000,000 мың теңге сомасына екінші транш облигацияларын сатып алды. 2020 жылдың сәуірінде Компания нарықтық бағамен 17,655,846 мың теңге сомасына бірінші транштың 16,872,498 облигацияларын сатып алды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірінші транш бойынша негізгі қарыздың қалдығы 3,127,502 мың теңгені құрайды.

2018 жылғы қарашада Компания жеті жыл мерзімге 1 облигация үшін 1000 теңге номиналдық құны бойынша 21,736,200 мың теңге жалпы сомасында облигацияларды шығарды және жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11.2%-ды құрады және жылына екі рет төлеуге жатады.

Еуропалық қайта құру және Даму банкі

2016 жылғы желтоқсанында Топ еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро мөлшерінде жаңартылмайтын кредиттік желіні ашты. 2019 жылдың қыркүйегінде Компания осы несиелік желісі бойынша жалпы сомасы 39,114,450 мың теңгеге екі транш алды. Пайыздық мөлшерлеме инфляцияға негізделген, пайыздық мөлшерлеме негізінде жылдық 3.5% және жылдық 4.5% мөлшеріндегі тәуелсіз, индикативті несиелік мөлшерлеме негізінде белгіленеді. Тәуелсіз индикативті мөлшерлеменің өзгерістері тоқсан сайын тіркеледі. Негізгі қарыз жылына екі рет және мерзім соңында төленеді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірінші транштың номиналды негізгі қарызы 18,253,410 мың теңге құрайды.

«Қазақстан Халық банкі АҚ»

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ жаңартылатын несиелік желі шеңберінде несиелік желі бойынша жалпы сомасы 2,000,000 мың теңгені құрайтын 3 қысқа мерзімді транш алды. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өтеу мерзімі 6 айға дейін, оның 2,000,000 мың теңгесі есепті кезеңде бұрын өтелген. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы негізгі қарыз жоқ.

18 Қарыздар (жалғасы)

Азия даму банкі

2018 жылғы 8 қарашада және 5 желтоқанда Компания қызметтің негізгі түрлерінің операциялық тиімділігін және жаңартылатын энергия көздерімен байланысты мүмкіндіктерді сәйкестендіру мақсаттары үшін Азия Даму Банкінен 120 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылмайтын кредиттік желілерді ашты. 2019 жылы Компания жалпы сомасы 45,860,800 мың теңгеге А және Б траншы бойынша өтеу мерзімі 5 жыл, С траншы бойынша өтеу мерзімі 7 жылға Кредиттік желілер бойынша үш транш алды. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасы инфляциясының нақты көрсеткіштері негізінде белгіленеді, плюс банк айырмасы. Негізгі қарыз кредит мерзімінің аяғында төленеді.

«Сбербанк» АҚ ЕБ

2020 жылдың ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ жаңартылатын кредиттік желі аясында «Сбербанк» АҚ ЕБ-ден 3 ай мерзімге кредиттік желі бойынша жалпы сомасы 13,100,000 мың теңге 6 қысқа мерзімді транш алды. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ алдындағы негізгі қарыз жоқ.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ

Тұтынушылардан алынған қарызы

2007 жылғы 21 ақпандағы ҚР Үкіметінің шешіміне сәйкес, АЖК тұтынушылардан 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін электр желілерді салу мен электр желілерін қосуға арналған инфрақұрылымдар немесе қолда бар электр тарату желілері мен инфрақұрылымдарды қайта құру арқылы қосымша электр қуатына несие алды. Аталған несиелер пайызсыз және қандай да бір кепілмен қамтамасыз етілмеген. Тұтынушылардың несиесін Топ қаражатты алғаннан кейін 4-ші жылдан бастап тең үлестермен 20 жыл бойы өтелуі тиіс.

Тұтынушылардан алған несиелер бастапқыда басыңқы нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, дисконтталған ақша ағымы әдісінің көмегімен олардың әділ бағасы бойынша танылды және кейін амортизациялық баға бойынша көрсетіледі. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы қосымша қуат қосу бойынша тұтынушылар қарыздарының сомасы 1,399,367 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2019 ж.: 1,551,256 мың теңге). Алынған қаржының номиналды бағасы мен олардың әділ бағасы арасындағы айырмашылық алдағы кезеңдердегі табыстар ретінде танылды.

«Қазақстан Халық банкі АҚ»

2015 жылы Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен (бұдан әрі - Халық банкі) несиелік желі туралы келісім жасады (бұдан әрі - Келісім). Келісімге сәйкес несие желісінің жалпы сомасы 27,514,358 мың теңгені құрайды, оның ішінде:

- 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін 5 жыл мерзімге жылдық 12% мөлшерлемесі бар 1,745,211 мың теңге (бұдан әрі - 1-шектелім). 1-шектелімнің мақсаты - қайта құру және жаңа құрылыстағы құрылыс-монтаж жұмыстары РЭС-5 сәйкес ВЛ-0,4 кВ өзін-өзі ұстайтын оқшауланған сымға беріліп, жұмыс істемейтін ТП-6-10 / 0,4 кВ қайта құрылады және ТП-6-10 / 0,4 кВ салынады;
- 6,458,480 мың теңге, жылдық 12% мөлшерлеменен 5 жыл мерзімге 2020 жылдың 24 қарашасына дейін (бұдан әрі - «3-шектелім»). №3 шектелімнің мақсаты - қолданыстағы № 4 қосалқы станциядан жаңадан салынған «Алатау» 110 / 10-10 кВ қосалқы станциясына жүктің бір бөлігін ауыстыруға байланысты жұмыстар;
- 6,347,181 мың теңге, сыйақы мөлшерлемесі 12% 2022 жылдың 1 шілдесіне дейінгі кезеңге (бұдан әрі - 4-шектелім). 4-шектелімнің мақсаты қолданыстағы 6 кВ-ті РП-41-ден 10 кВ желілерге беру, қолданыстағы 6 кВ желілерді PS-1А аймағындағы РЭС-1 бойымен 10 кВ-қа беру, жүктемелердің бір бөлігін қолданыстағы PS-5А, PS-17А және Жаңадан салынған «Отрар» 110/10 қосалқы станциясы үшін PS-132А;
- 7,500,000 мың теңге, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 12.5% 2022 жылдың 1 шілдесіне дейінгі кезеңге (бұдан әрі - 6-Шектелім). 6-шектелімнің мақсаты - шығарылған облигациялар бойынша қарызды өтеу (қайта қаржыландыру);
- 800,000 мың теңге, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 12.0%, 2020 жылдың 1 наурызына дейін (бұдан әрі - 9-шектелім). 9 шектелімнің мақсаты - келісімшарттар бойынша төлем;
- 2023 жылғы 31 тамызға дейінгі кезеңге жылдық 12.5% пайыздық мөлшерлеменен 4,463,486 мың теңге (бұдан әрі - 10-шектелім). 10 шектелімнің мақсаты - шығарылған облигациялар бойынша берешекті өтеу (қайта қаржыландыру).

2019 жылы 25 қыркүйекте Қоғамның Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның пайдасына 1,458,468 мың теңгеге бір акция үшін 520 теңге орналастыру бағасымен 2,804,746 дана акцияны иеліктен айыру туралы шешім қабылдады.

18 Қарыздар (жалғасы)

2019 жылы 29 қазанда акцияларды сатудан алынған қаражат «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға тартылған 1,458,468 мың теңге сомасындағы қарызды өтеуге бағытталды.

Осы келісімге қосымшаға сәйкес, 2020 жылғы 20 ақпаннан бастап сыйақы мөлшерлемесі 6, 10 шектелімдер бойынша – 12 %-ға өзгерді.

Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін жылжымалы мүлік - Халық банкіндегі ағымдағы шоттардағы ақша Халық банкі кепілдік ретінде берілді.

Несиелік лимит аясында - жалпы сомасы 2,945,009 мың теңге болатын 4 шектелім алынды, қалған шектелімдер 3-шектелімді қоспағанда толық көлемде төленді. Қарыздың сомасы қарыз берілген күннен бастап ай сайын, тең бөліктермен төленеді. Төлемдер қарыз шарттарына сәйкес өтеу кестесімен реттеледі.

«Ereumentau Wind Power» ЖШС

Еуразия Даму банкі

2019 жылғы 31 қазандағы № 193 жаңартылмайтын кредиттік желі туралы кредиттік шарт аясында «Ereumentau Wind Power» ЖШС (бұдан әрі - «EWP») Ақмола облысында жел электр стансасын салуға ұзақ мерзімді қарыз тартты. Кредиттік шарт күшіне енген күннен бастап жеті жыл ішінде берілген транштар үшін пайыздық мөлшерлеме жылдық 11.5%-ды құрайды, келісімнің алғашқы жеті жылы аяқталғаннан кейінгі транштар үшін - маржаны қосқанда базалық мөлшерлеме сомасы.

«Алматы электр станциялары» АҚ

«Қазақстан Халық банкі» АҚ

2014 жылғы 26 қарашада Компания «Қазақстан Халық банкі» АҚ-пен кредит желісін беру туралы келісім жасады (бұдан әрі – Келісім). Тиімді сыйақы мөлшерлемесі жылына 12.7% – 15.2% құрайды. Қарыздың өтеу мерзімі 2021-2025 жылдары құрайды.

Қарыздың негізгі мақсатты Компанияның ««АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-2 станциясын реконструкциялау мен кеңейту. III кезек. №8 ст. қазандық агрегаты» инвестициялық жобасымен байланысты берешегін қайта қаржыландыру, шығарылған индекстелген облигациялар бойынша берешегін қайта қаржыландыру, «БанкЦентрКредит» АҚ берешегін қайта қаржыландыру, «3-ЖЭО күл үйіндісін қайта құру» инвестициялық жобасын қаржыландыру болып табылады. Қаражаты қамтамасыз ету ретінде болашақта контракт бойынша «Алматыэнергосбыт» ЖШС және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматы жылу желілері» ЖШС- тан түсетін ақшалай белгіленді.

«Мойнақ СЭС» АҚ

«Қазақстан Даму банкі» АҚ

Компания 2005 жылғы 14 желтоқсанда және 2008 жылғы 16 қаңтарда «Қазақстан Даму банкі» АҚ-тан жылына 1.15*6MLIBOR+1.15% және 8% пайыздық мөлшерлемесімен тиісінше 25,000,000 және 26,058,000 АҚШ доллары сомасындағы қаржыны екі транш түрінде несие алды. Қарыз 20 жыл мерзімге берілді. 2012 жылғы 6 желтоқсанда МСЭС қосымша келісімге қол қойды, оған сәйкес өтелмеген 1,563,053 АҚШ доллары сомасындағы қаржыға қатысты пайыздық мөлшерлеме 8%-дан 7.55%-ға дейін төмендеді.

2011 жылғы 17 маусымда МСЭС жылына 12% мөлшерлеменен 12,285,000 мың теңге сомасындағы үшінші траншты беру туралы келісімшартқа қол қойды. Несие 17 жыл мерзімге берілді. 2012 жылғы 6 желтоқсанда МСЭС қосымша келісімге қол қойды, оған сәйкес үшінші транштың 8,924,392 мың теңге сомасына қатысты пайыздық мөлшерлеме 12%-дан 7.55%-ға дейін төмендеді. 2015 жыл ішінде МСЭС қосымша келісім шарттар №22 и №23 сәйкес үшінші транш бойынша 1,867,551 мың теңге алды. 2020 жыл ішінде қарыз бойынша төлемдер сомасы 3,508,415 мың теңгені құрады (2019: 3,449,546 мың теңге).

Банк қарыздары келесі қаржымен қамтамасыз етілген:

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 25,000,000 АҚШ доллары сомасындағы мемлекеттік кепілдемесі. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кепілдігіне 2,785,184 АҚШ доллары сомасындағы «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-тың өтелмеген контркепілдік бар;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-тың 2012 жылғы 13 желтоқсандағы 1,079,213 мың теңге сомасындағы кепілдеме;
- 2011 жылғы 1 шілдедегі Самұрық-Қазынананың 12,285,000 мың теңге сомасындағы кепілдеме;
- «Самұрық-Энерго» АҚ-тың 2020 жылғы 28 қарашадағы 4,545,554 мың теңге сомасындағы кепілдеме;
- Теңгерімдік құны 6,036,147 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар (2019 ж.: 6,172,543 мың теңге).

18 Қарыздар (жалғасы)**«Шардара СЭС» АҚ**

Еуропалық қайта құру және Даму банкі

2012 жылғы 24 тамызда «Шардара СЭС» АҚ (ШСЭС) Еуропа Қайта жаңғырту және даму банкімен (ЕҚДБ) 9,150,000 мың теңге сомасына кредиттік келісім жасады. 2014 ж. 28 ақпанда сома 14,350,000 мың теңгеге дейін ұлғайтылды (транш №1). №1 траншқа қаражат 2015-2017 жылдар аралығында толық көлемде алынды. 2019 жылдың 18 сәуірінде № 2 траншты ұсыну туралы № 7 қосымша келісімге қол қойылды - 11,520,000 мың теңгеге дейінгі сомаға, қаражат 2019 жылдың мамыр айында Компания толық көлемде алды. №1 транш бойынша негізгі қарыз тоқсан сайын 40 тең мөлшерде төленеді. Бірінші төлем күні 2018 жылдың 3-ші тоқсаны, соңғысы 2028 жылдың 2-тоқсаны. № 2 транш бойынша негізгі қарыз 33 тең тоқсан сайын төленеді. Бірінші төлем күні - 2020 жылдың 2 тоқсаны, соңғысы 2028 жылдың 2 тоқсаны. Сыйақы тоқсан сайын төленеді, қалған комиссиялар - шот-фактураны алғаннан кейін. Сыйақы ай сайын, өзге комиссиялар – шот алған кезде төленуі тиіс.

Екібастұз ГРЭС-1**«Сбербанк» АҚ ЕБ**

2017 жылғы тамызда Компания «Ресей Сбербанк» АҚ ЕБ-дан жаңартылмайтын екі кредиттік желіні ашты, және де бұл желілер бойынша осындай қарыздар алынды:

- 7,000,000 мың теңге мерзімі 5 жыл, 2022 жылдың 29 тамызына дейін қарыз.
- 21,000,000 мың теңге мерзімі 3 жыл, 2020 жылдың 29 тамызына дейін, 2022 жылдың 29 тамызына дейін ұзартылу мүмкіндігімен қарыз.

2020 жыл ішінде негізгі қарыздың сомасы 5,700,000 мың теңге өтелді, оның 3,500,000 мың теңгесі төлем кестесіне сәйкес және 2,200,000 мың теңгесі мерзімінен бұрын өтелді, ал сыйақысы 1,851,500 мың теңгесі өтелді. Пайыздық мөлшерлеме жылдық 11.5%-ды құрады. 2020 жылдың тамызында «Сбербанк» АҚ ЕБ-мен 10,500,000 мың теңге көлеміндегі негізгі қарызды өтеуді 2021 жылдың 29 қыркүйегіне дейін ұзарту туралы қосымша келісім жасалды.

«Қазақстан Халық банкі АҚ»

2015 жылғы сәуірде «Қазақстан халық банкі» АҚ-мен қарыз шарты жасалды. Шектелімнің жалпы сомасын 43,000,000 мың құрайды, оның ішінде:

- 1 шектелім – 35,000,000 мың теңге, жаңартылмайтын негізде 5 жылға (2021 жылғы 7 сәуірге дейін – транш мерзімі қаржыландыру аяқталғанға дейін);
- 2 шектелім – 8,000,000 мың теңге жаңартылмайтын негізде (3 жылға – транш мерзімі қоса алғанда 12 айға дейін).

2019 жылдың 17 мамырында банктік қарыз шарттарына пайыздық мөлшерлемені 6 айға дейін (қоса алғанда) – 10.3%, 9 айға дейін (қоса алғанда) – 10.5%, 12 айға дейін (қоса алғанда) – 10.75% және 36 айға дейін (қоса алғанда) – 11.25%-ға төмендету туралы №10 қосымша келісім жасалды.

2019 жылдың 3 маусымында несиелік желінің жаңартылатын бөлігін 28,000,000 мың теңгеге дейін ұлғайту үшін банктік қарыз шарттарына № 11 қосымша келісім жасалды, оның қолданыс мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсан.

2015 жылғы 8 сәуірдегі № KS 01-15-06 кредиттік желі туралы кредиттік шарт аясында, 2020 жылдың маусымында несиелік желінің жаңартылатын бөлігін 38,000,000 мың теңгеге дейін (қоса алғанда) ұлғайту үшін «Қазақстан халық банкі» АҚ-мен банктік қарыз шарттарына № 17 қосымша келісім жасалды, оның қолданыс мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсан.

2020 жылдың наурызында банктік қарыз шарттарына пайыздық мөлшерлемені 12 айға дейін (қоса алғанда) – 12.5%, 12 айдан астам (қоса алғанда) – 13.5% төмендету туралы №14 қосымша келісім жасалды. 2020 жылдың сәуірінде банктік қарыз шарттарына пайыздық мөлшерлемені 6 айға дейін (қоса алғанда) – 11.0%, 12 айдан астам (қоса алғанда) – 11.5% төмендету туралы №15 қосымша келісім жасалды.

2020 жылдың тамызында банктік қарыз шарттарына пайыздық мөлшерлемені 6 айға дейін (қоса алғанда) – 10.5%, 12 айға дейін (қоса алғанда) – 11%, 36 айға – 11.5% төмендету туралы №18 қосымша келісім жасалды.

2020 жыл ішінде Компания 25,000,000 мың теңге сомасындағы қарыздар бойынша қарызын өтеді. 2020 жылғы 31 желтоқсанда «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қарыздары 1 жылдық өтеу мерзімі бар жаңартылатын несиелік желісі бойынша алынған қарыздарды білдіреді.

18 Қарыздар (жалғасы)

АлматыЭнергоСбыт

«Қазақстан Халық банкі» АҚ

2015 ж. 22 сәуірінен бастап АлматыЭнергоСбыттың айналым капиталын толықтыру мақсатында «Қазақстан халық банкі» АҚ-мен жасалған қысқа мерзімді кредиттік желісі бар. Осы несие желісі бойынша 2020 жылы Компания жалпы сомасы 8,300,000 мың теңге көлемінде қарыз алды. 2020 жыл ішінде теңге бойынша пайыздық мөлшерлемесі жылдық 12.5%-дан 11.0%-ға дейін төмендетілді. Қарыздар айналым қаражаттарын толықтыруға үшін берілді.

19 Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға байланысты тарихи шығындар	1,704,370	1,914,756
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек	1,470,769	1,216,356
Барлық қаржылық ұзақ мерзімді міндеттемелер	3,175,139	3,131,112
Алдағы кезеңдердегі табыстар	591,994	995,311
Өзгесі	185,017	204,953
Барлық басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер	3,952,150	4,331,376

1,470,769 мың теңге мөлшеріндегі кредиттік берешек Шардара СЭС-ті жаңарту аясында Топтың мердігерлер алдында ұзақ мерзімді кредит берешегін білдіреді (2019: 1,216,356 мың теңге). Бұл кредиттік берешек 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен еуроға көрсетілген.

Алдағы кезеңдердегі табыстар бастапқы растауда электр желілері мен инфрақұрылым және олардың әділ бағасын қайта құру немесе электр желілеріне қосу үшін электр желілері мен инфрақұрылым құрылысына АЖК тұтынушылары мен қарыздардың нақты бағасы арасындағы айырмашылықты білдіреді. Алдағы кезеңдердегі табыстар кейіннен Негізгі құрал-жабдықтарының пайдалы қызметі кезінде пайда және шығында расталады.

Төменде алдағы кезеңдердегі табыстардың өзгерістері келтірілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	АЖК
2019 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік баға	1,300,278
Алдағы кезеңдердегі табыстарға жатқызылған тұтынушылардан алған несиесінің теңгерімдік бағасының өзгеруі	(44,912)
Табысты растау	(260,055)
2019 ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	995,311
Алдағы кезеңдердегі табыстарға жатқызылған тұтынушылардан алған несиесінің теңгерімдік бағасының өзгеруі	(154,489)
Табысты растау	(248,828)
2020 ж. 31 желтоқсандағы теңгерімдік құн	591,994

20 Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек	19,421,734	23,683,433
Жалақы бойынша берешек	1,566,489	1,477,862
Дивиденділер бойынша қарыз	428,543	892,243
Өзге де қаржылық кредиторлық берешек	3,650,677	1,034,239
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны	25,067,443	27,087,777
Алматы қ, әкімдігі алдындағы берешек (4-ескертпе)	5,841,514	5,841,514
Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден алынған алдын ала төлемдер	2,536,883	2,068,623
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша аударылған резервтер	2,141,294	2,109,686
Өзге де қаржылық емес кредиторлық берешек	185,320	1,266,895
Акционердің пайдасына басқа да бөлулер	-	363,571
Негізгі қызмет бойынша барлық кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек жиыны	35,772,454	38,738,066

Қаржылық кредиторлық берешек келесі валюталарда ұсынылған:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Теңге	23,102,788	22,463,080
АҚШ доллары	1,958,616	2,079,942
Еуро	6,039	2,544,541
Басқа валюталар	-	214
Қаржылық кредиторлық берешек жиыны	25,067,443	27,087,777

21 Түсім

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Электр қуатын сату	217,409,856	201,025,893
Электр қуатының дайындығын қолдау қызметінен түсім	31,290,978	11,623,590
Жылу қуатын сату	19,203,836	16,782,196
ЖОЖҚ электр станцияларын жалға беруден түскен кіріс	5,234,553	4,749,788
Инвестициялық меншікті жалға беруден кіріс	4,038,625	3,925,227
Электр қуатын тасымалдау	4,037,649	3,733,505
Химиялық суды сату	1,626,083	1,514,631
Өзгесі	168,868	367,566
Барлық түсім	283,010,448	243,722,396

22 Сатудың өзіндік құны

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Отын	59,108,926	52,339,746
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	57,330,866	54,226,988
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	29,394,461	26,775,072
Сатып алынған электр қуатының бағасы	22,865,434	13,673,289
Электр қуатын тасымалдау қызметтері мен басқа қызметтер	11,493,612	10,331,297
Электр қуатының дайындығын қолдау	10,094,187	7,692,198
Табыс салығынан басқа салықтар	9,320,263	8,924,108
Жөндеу және ұстау	8,519,991	6,878,757
Бөгде ұйымдар қызметтері	6,003,100	5,383,091
Сумен қамтамасыз ету	4,846,782	3,961,883
Материалдар	1,712,542	1,843,531
Күзет қызметтері	1,110,084	1,087,619
Ликвидті емес тауар-материалдық қорлар бойынша резервтерді есептеу	99,869	64,754
Жалдау шығындары	24,403	38,815
Желілердегі шығындар	2,255	193,123
Өзгесі	3,257,818	2,476,508
Барлық сатудың өзіндік құны	225,184,593	195,890,779

23 Іске асыру шығындары

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Диспетчерлеу және электр энергиясын бақылау	7,562,233	5,763,378
Электр энергиясын жеткізу	2,577,301	2,180,471
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	61,108	53,740
Өзгесі	1,296	1,041
Барлық іске асыру шығындары	10,201,938	7,998,630

24 Жалпы және әкімшілік шығындар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Еңбекақы мен онымен байланысты шығындарды төлеу	6,867,990	6,917,457
Табыс салығынан басқа салықтар	2,244,266	342,549
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің амортизациясы	1,125,637	1,140,145
Мемлекеттік баж салықтары	819,647	122,488
Сот ісіндегі резерв	739,801	-
Негізгі қызметтен алынған дебиторлық берешектің және өзге де дебиторлық берешектің, басқа қысқа мерзімді активтердің құнсыздануы бойынша резервтерді есептеу/(қалпына келтіру)	635,390	(28,785)
Консультациялық және басқа кәсіби қызметтер	466,892	1,023,215
Күзет қызметі	450,824	414,604
Материалдар	208,123	194,350
Жөндеу шығындары	152,489	150,354
Іссапар және өкілдік шығындар	116,787	303,350
Жалдау шығындары	114,180	91,145
Сақтандыру	101,798	103,726
Байланыс шығыны	90,438	110,525
Банк жиындары	64,778	75,856
Көлік шығыны	39,254	32,362
Өзгесі	1,587,564	1,716,360
Барлық жалпы және әкімшілік шығындар	15,825,858	12,709,701

Уәкілетті органның "Бұқтырма ГЭС-і" АҚ тексеру нәтижелері бойынша 2014-2018 жылдар кезеңіндегі 1,400,000 мың теңге сомасында ҚҚС қоса есептелді және бюджетке аударылды.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер – 2020 жылғы 31 желтоқсан

25 Өзге табыстар, таза

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Электр энергиясын айырбастау бойынша шығындарды өтеу бойынша табыстар	1,282,133	624,489
Өтеусіз қызметтерден және негізгі құралдардан алған табыс	909,100	1,157,465
Тауарлық-матриалдық қорларды сатудан алған табыс	450,782	450,012
Негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіруден түскен табыс	410,516	-
Айыппұлдар мен айыппұлдардан түсетін табыстар	128,878	354,724
Шығынды алып тастағандағы бағамдық айырмадан табыс	108,274	-
Өзге де операциялық табыстар	770,916	374,514
Қосымша қуаттарды қосқаны үшін табыс	-	260,055
Барлық өзге табыстар	4,060,599	3,221,259
Негізгі құралдардың құнсыздануынан шығын	(541,723)	-
Пайданы есептемегенде негізгі құралдарды құнсыздандыру мен істен шығарудан болған шығын	(341,153)	(546,098)
Айыппұлдар мен айыппұлдардан шығындар	(17,055)	-
Өзге де операциялық шығындар	(676,567)	(1,052,680)
Барлық өзге шығындар	(1,576,498)	(1,598,778)
Барлық өзге табыстар, таза	2,484,101	1,622,481

26 Қаржылық табыстар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыстар	891,722	1,042,361
Дебиторлық берешекті өзгертуден түскен кіріс	661,324	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясынан табыстар	661,045	750,333
Облигациялар және қарыздар бойынша дисконт амортизациясынан табыстар	639,875	363,801
Өзгесі	62,195	220,540
Бағамдық айырмадан табыс	-	434,951
Барлық қаржылық табыстар	2,916,161	2,811,986

27 Қаржылық шығындар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Несиелер бойынша сыйлықақы бойынша шығындар	24,006,729	24,314,855
Еншілес компаниялардың басым акциялары бойынша дивидендтер	141,107	141,107
Келтірілген бағаның дисконтын жоққа шығару:		
- акционердің қарызы мен қаржылық көмегі	5,390,348	4,972,630
- алынған облигациялар	-	404,038
- тұтынушылардан қарыздары	188,838	176,105
- күл үйінділерін қалпына келтіру резерві	135,788	171,413
- қызметкерлер сыйақылары бойынша міндеттемелер	124,464	108,821
- шығарылған облигациялар	19,239	24,635
Табысты алып тастағандағы бағам айырмашылығының шығыны	578,375	-
Өзгесі	1,018,702	2,005,648
Табыста немесе шығында танылған барлық қаржылық шығындар	31,603,590	32,319,252
Кредиттер мен несиелер бойынша капиталдандырылған шығындар (7-ескертпе)	814,179	1,653,151
Барлық қаржылық шығындар	32,417,769	33,972,403

28 Табыс салығы бойынша шығындар

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар	6,978,989	6,959,643
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығындар	(1,323,624)	(2,242,488)
Табыс салығы бойынша барлық шығындар	5,655,365	4,717,155

Төменде салық бойынша шығынның теориялық және факт түріндегі шығынның салыстыруы көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Салық салынғанға дейінгі ХҚЕС бойынша пайда	13,738,790	11,828,504
Қолданыстағы орташа мөлшерлеме 20% бойынша табыс салығына байланысты теориялық шығын (2019ж: 20%)	2,747,758	2,365,701
Түзетулер төменде:		
Табыс салығы салынбайтын бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар пайдасының үлесі	(1,894,703)	(2,238,288)
Өзге де табыс салығынан босатылған шығыны/(табысы)	1,124,946	(104,678)
Салық шығындарының ескіру мерзімінің аяқталуы	1,484,799	-
«Бұқтырма СЭС» АҚ ҚҚС бойынша шығыстар	472,148	-
Төлейтін «көздің» табыс салығы	79,874	248,008
Инвестициялық келісімшарт аяқталысымен расталатын уақытша айырмашылықтар	131,886	227,054
Мойнақ ГЭС табыс салығынан босатылған табысы	(1,811,054)	(82,606)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылмаған активтердегі өзгерістер	3,319,711	(14,907,287)
Акциялар сатып алуға және БЖЭС-ке инвестицияларды есептен шығаруға шығыстар (4-ескертпе)	-	19,209,251
Табыс салығы бойынша барлық шығындар	5,655,365	4,717,155

28 Табыс салығы бойынша шығындар (жалғасы)

ХҚЕС пен ҚР салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар бухгалтерлік есеп пен олардың салық базасындағы активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы арасындағы уақыт айырмашылықтарының қалыптасуына әкеледі. Уақыт айырмашылықтары өзгерістерінің салықтық ықпалы төменде салық мөлшерлемелеріне сәйкес көрсетілген, олар уақыт айырмашылықтарын қалпына келтіру кезеңінде қолданылмақ.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	1 қаңтар 2020 ж.	Табыстар мен шығындар шотына жатқызылды	Өзге де капитал шотына жатқызылды	31 желтоқсан 2020 ж.
Алынып тасталатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері				
Кейінге қалдырылған салық шығындары	16,314,556	675,926	-	16,990,482
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер	226,888	(62,567)	-	164,321
Облигациялар	1,643,557	(947,052)	-	696,505
Күл үйінділерін жою резерві	636,589	41,939	-	678,528
Тауар-материалдық қорлар	85,558	1,430	-	86,988
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық	569,212	258,545	-	827,757
Табыс салығынан басқа салықтар	92,096	12,157	-	104,253
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	458,514	18,049	-	476,563
Инвестициясының құнсыздану резерві	-	-	-	-
Өзгесі	295,756	318,507	-	614,263
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы активтер	20,322,726	316,934	-	20,639,660
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылмаған активтер	(188,898)	(3,319,712)	-	(3,508,610)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есебі алып тастау	20,133,828	(3,002,778)	-	17,131,050
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша расталған активтер	-	-	-	-
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері				
Негізгі құралдар	(86,326,368)	3,036,803	462,550	(82,827,015)
Қарыздар	(14,336,887)	1,289,600	-	(13,047,287)
Өзгесі	-	-	-	-
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(100,663,255)	4,326,403	462,550	(95,874,302)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша активтері бар есебі алып тастау	20,133,828	(3,002,778)	-	17,131,050
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	(80,529,427)	1,323,625	462,550	(78,743,252)

28 Табыс салығы бойынша шығындар (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	1 қаңтар 2019 ж.	Табыстар мен шығындар шотына жатқызылды	31 желтоқсан 2019 ж.
Алынып тасталатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Кейінге қалдырылған салық шығындары	27,995,254	(11,680,698)	16,314,556
Қызметкерлерге сыйақы беру бойынша міндеттемелер	185,225	41,663	226,888
Облигациялар	809,437	834,120	1,643,557
Күл үйінділерін жою резерві	563,115	73,474	636,589
Тауар-материалдық қорлар	177,951	(92,393)	85,558
Негізгі қызмет бойынша дебиторлық қарыз және басқа дебиторлық	745,715	(176,503)	569,212
Табыс салығынан басқа салықтар	76,938	15,158	92,096
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	226,865	231,649	458,514
Инвестициясының құнсыздану резерві	5,514,105	(5,514,105)	-
Өзгесі	335,436	(39,680)	295,756
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы активтер	36,630,041	(16,307,315)	20,322,726
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылмаған активтер	(15,096,186)	14,907,288	(188,898)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша міндеттемелері бар есебі алып тастау	21,533,855	(1,400,027)	20,133,828
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша расталған активтер	-	-	-
Салық салынатын уақыт айырмашылықтарының салық әсері			
Негізгі құралдар	(89,041,834)	2,715,466	(86,326,368)
Қарыздар	(15,263,936)	927,049	(14,336,887)
Өзгесі	-	-	-
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша жалпы міндеттемелер	(104,305,770)	3,642,515	(100,663,255)
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша активтері бар есебі алып тастау	21,533,855	(1,400,027)	20,133,828
Кейінге шегерілген табыс салығы бойынша танылған міндеттемелер	(82,771,915)	2,242,488	(80,529,427)

Топтың ағымдағы құрылымы шеңберінде Топтың түрлі компанияларының салық шығындары мен ағымдағы салық активтері Топтың басқа компанияларының ағымдағы салық міндеттемелері мен салық табыстарымен есептелмейді, және сәйкесінше салықтар шоғырландырылған салық шығыны болғанда да есептелуі мүмкін. Сондықтан, кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер есептеледі, тек олар бір салық салынатын компанияға тиесілі болуы тиіс.

Топтың алдағы кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық шығындарына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері бар. Осы салық шығындарын пайдалану мерзімі 2027 жылы аяқталады.

Топ бірлескен кәсіпорындар инвестициялармен байланысты уақыт айырмашылықтарына қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін мойындаған жоқ (2019 ж.: кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін мойындаған жоқ), себебі Топ осы уақыт айырмашылықтары өзгерістерінің мерзімдерін бақылау мүмкіндігіне ие және оларды жақын аралықта қайта қарастыруды жоспарламайды.

29 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер**Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық жағдай**

Жалпы, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтарға тән кейбір сипаттық ерекшеліктерді көрсетеді. Бұл әсіресе ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газдың және басқа минералды шикізат бағасының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елдің шегінен тыс бос айырбастауға болмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығының төмен өтімділік деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Аймақта сақталып отырған саяси шиеленісушілік, айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуі мен халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиыншылықтарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының экономикасына жағымсыз ықпалын тигізуді жалғастыруда.

2015 жылдың 20 тамызында ҚР Ұлттық банкі мен Үкіметі теңгенің айырбастау курсына қолдау көрсетуді тоқтату және еркін айырбастау бағамына ауысу және валюта коридорынан бас тарту, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-несие саясатын іске асыру туралы шешім қабылдады. Бұл жағдайда айырбас бағамына қатысты Ұлттық банк саясаты бойынша қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт төмендеуін боодырмас үшін интервенциялар жасауда.

Осы есеп күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 414.77 теңгені құрады, салыстырмалы түрде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 420.91 теңге болған (31 желтоқсан 2019 ж.: 1 АҚШ доллары үшін 381.18 теңге). Осылайша, теңгенің айырбастау бағамы және Ұлттық банк пен Үкіметтің болашақ әрекеттеріне, сондай-ақ аталған факторлардың Қазақстан Республикасының экономикасына тигізетін ықпалында тұрақсыздық бар.

2020 жылғы 21 тамызда Fitch Ratings шетелдік валютадағы Қазақстан эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін (ЭДР) «BBB» деңгейінде «Тұрақты» болжамымен растады. Қазақстанның ЭДР «BBB» деңгейі, бір жағынан, шоғырланған мұнайдың бюджеттік кірістері мен мемлекеттің күшті таза шетелдік активтеріне бекітілетін ірі фискалды және сыртқы буферлік резервтерге, ал екінші жағынан, шикізат секторына мейлінше тәуелділікті, салыстырылатын елдерге қатысты әлсіз банктік секторды, сондай-ақ «BBB» рейтингіндегі елдерге арналған медианаға қатысты басқару сапасы бойынша неғұрлым төмен скорингтік балдарды білдіреді. Мұнай бағалары мен коронавирусқа байланысты күйзелістерге қарамастан, мемлекеттік қарыз төмен, ал фискалды және сыртқы буферлік резервтер жоғары болып қала береді.

Ресми бағалауларға сәйкес, 2020 жылдың тоғыз айында нақты ЖІӨ 3.1%-ды құрады. 2020 жылдың тамызында Fitch коронавирусты тежеу шаралары бойынша ішкі сұраныс және ОПЕК + таза экспорт келісімі бойынша мұнай өндірісінің қысқаруына теріс әсер еткен жағдайда 2020 жылы ЖІӨ-нің 2.0%-ға нақты қысқаратынын болжады (2019 ж.: + 4.5%).

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық сектор Қазақстан Республикасында саяси, заңнамалық, салықтық және реттегіштік өзгерістерге бейіл болып қала береді. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары белгілі бір деңгейде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ құқықтық, бақылаушы және саяси жүйелердің дамуына, яғни Топтың бақылау саласынан тыс жағдайларға байланысты.

Компанияның болашақ кредиттік шығындарын бағалау үшін Топ макроэкономикалық көрсеткіштер болжамымен қоса расталатын болжамдық ақпаратты пайдаланады. Дегенмен, кез келген өзге де экономикалық болжамдар секілді олардың орындалу ықтималдылығы жоғары деңгейдегі белгісіздікке келіп тіреледі, сондықтан да нақты нәтижелер болжамдық нәтижелерден едәуір өзгеше болуы мүмкін.

2019 жылдың желтоқсанында Қытайда алғаш рет жаңа вирус ошағының пайда болғаны туралы жаңалықтар тарады. 2020 жылы 11 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы COVID-19 коронавирусының жаңа түрінің таралуын пандемия деп жариялады. «Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 жарлығына сәйкес, елімізде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап 2020 жылдың 11 мамырына дейін төтенше жағдай енгізілді.

Қазақстанның көптеген қалаларында карантин жарияланды, ал өнеркәсіптік кәсіпорындардың көпшілігінің жұмысы 2020 жылдың 30 наурызынан 11 мамырына дейін тоқтатылды. Карантин кезеңінде Топтың қызметі тоқтатылған жоқ, кеңсе қызметкерлерінің жұмысы қашықтан ұйымдастырылды.

Пандемияға жауап ретінде Қазақстан билігі COVID-19-дың таралуы мен әсерін тоқтатуға бағытталған көптеген шараларды қабылдауда, мысалы, жол жүруге тыйым салу, карантин, іскерлік белсенділікке шектеулер және т.б. Бұл шаралар, басқалармен қатар, Қазақстандағы экономикалық белсенділікті және бизнеске, нарық қатысушыларына, Топтың клиенттеріне, сондай-ақ қазақстандық және әлемдік экономикаға белгісіз уақыт кезеңінде тигізуі мүмкін жағымсыз әсерді қатаң түрде шектейді.

Сонымен бірге, 2020 жылғы 9 наурызда ОПЕК-ке мүше елдер мен басқа да ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы келіспеушіліктер салдарынан мұнайға баға белгіленімдері құлдырады, Brent маркалы мұнайдың бағасы 2020 жылдың наурыз айында барреліне 25 доллардан төмендеді.

29 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Теңге АҚШ долларына қатысты 2020 жылдың басынан бастап шамамен 10%-ға құнсызданды.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің есептік күніне Brent маркалы мұнай бағасы барреліне 51,80 АҚШ долларын құрады, бұл - бағаның одан әрі болжамды өсуін ескергендегі баға.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің шыққан күнгі жағдай әлі де даму үстінде. Қазіргі кезде Топтың түсімі мен жеткізіліміне қандай да бір айтарлықтай әсері байқалған жоқ.

2020 жылы Топта электр энергиясын өндіру көлемі 31,4 млрд. КВтсағ құрады, бұл жоспардан 3% -ға және алдыңғы кезеңдегі көрсеткіштен 4% -ға жоғары. Өткен жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің ұлғаюының негізгі факторы Қазақстан Республикасының солтүстігі мен оңтүстігінде электр энергиясын тұтынудың 2,3% -ға өсуі болып табылады. Сонымен қатар, 2020 жылдың деректері бойынша, Қазақстан республикасында электр энергиясын өндірудегі Топтың үлесі 29% -ды құрады, бұл алдыңғы жылдағы көрсеткіштен 2% -ға жоғары.

2020 жылы түсім 283 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 16% -ға жоғары. Топтың EBITDA-дағы көрсеткіші 99.7 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 21%-ға жоғары. Өткен жылмен салыстырғанда түсім мен EBITDA өсуінің негізгі драйвері электр энергиясына тарифтің және өндіріс көлемінің өсуі болып табылады.

Дегенмен болашақ әсерді болжау қиын. Басшылық жоғарыда аталған оқиғалардың әлеуетті әсерін бақылауды жалғастырады және бизнес үшін жағымсыз салдарлардың алдын алу үшін барлық қажетті шараларды қолданады, алайда:

- COVID-19 пандемиясына байланысты тоқтап тұрудың / карантиннің салдарлары жалпы іскерлік белсенділіктің баяулауына әкеледі, бұл, тұтастай алғанда, болашақта Топтың қаржылық көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін;
- ОПЕК мүшелері мен басқа ірі мұнай өндіруші елдер арасындағы жаңа уағдаластықтар шеңберінде Қазақстан мен Ресей өндіру деңгейін азайту міндеттемелер алды;
- теңгенің АҚШ долларына қатысты одан әрі құнсыздануы Компанияның қаржылық нәтижелеріне кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, Топтың қаржылық тұрақтылығына оң әсер ететін мынадай оқиға болды:

- Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен 2021 жылдан бастап пайдалануға беріле отырып, электр энергиясының тарифінде ескерілетін тіркелген пайданы анықтау әдістемесі бекітілді, бұл өзіндік құнды толығымен жабудан бөлек, ЭӨҰ-ның электр энергиясын сатудан пайда алуына қосымша мүмкіндік береді.

Басшылық Қазақстан экономикасындағы өзгерістердің деңгейін де, ұзақтығын да болжай алмайды немесе олардың болашақта Топтың қаржылық жағдайына тигізетін әсерін де бағалай алмайды. Басшылық қазіргі жағдайда Компания қызметінің тұрақтылығы мен өсуін сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдап жатқанына сенімді.

Салық заңнамасы

Қазақстан заңнамалары мен салық салу тәжірибесі үздіксіз даму үстінде, сондықтан оны әр түрлі түсіндіруге болады және кері күші болуы мүмкін жекелеген өзгерістерге ұшырайды. Кейбір жағдайларда, салық салынатын базаны анықтау мақсатында салық заңнамасы ҚХЕС ережелеріне сүйенеді, мұнда Қазақстанның салық органдарының ҚХЕС-тің тиісті ережелерін түсіндіруі басшылықтың осы қаржылық есептілікті дайындаған кезде қолданған есепке алу саясатынан, пайымдаулары мен бағаларынан ерекшеленуі мүмкін. Ол Топтың қосымша салық міндеттемелерінің туындауына алып келуі мүмкін. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Топ басшылығы тиісті заңнамалардың түсіндіру қолайлы және Топтың салықтық ұстанымы негізді деп санайды. Басшылықтың пікірінше, Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте қалыптастырылған резервтен асатын ағымдағы және әлеуетті салықтық тәуекелдер бойынша маңызды шиян шекпейді.

Сот талқылаулары

ЕГРЭС-1-дің «Майкөбе-Вест Холдинг» АҚ-мен сот талқылауы

2016 жылдан бастап Компания «Майкөбе-Вест Холдинг» АҚ-мен («Майкөбе-Вест» ЖШС қатысушысы) сот талқылауына тартылған. Компания Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (МАЭС) «Майкөбе-Вест» ЖШС-дан 333 миллион теңге мөлшеріндегі берешегін өндіріп беру, сондай-ақ 10 миллион теңге сомасында мемлекеттік баж салығы туралы талап-өтініш берді.

29 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Павлодар облысы МАЭС-інің 2016 жылғы 10 маусымдағы шешімі бойынша талап-өтінім толық қанағаттандырылды. «Майкөбе-Вест» ЖШС-дан 28 миллион теңге мөлшерінде берешектің бір бөлігі өндіріліп алынды. «Майкөбе-Вест» ЖШС берешегінің 315 миллион теңге мөлшеріндегі қалған бөлігіне қатысты мынадай шаралар қолданылды: «Майкөбе-Вест» ЖШС-ның ақшалай қаражаты мен мүлкіне тыйым салынды, Павлодар облысы МАЭС-іне «Майкөбе-Вест» ЖШС-ге берілген лицензия мен рұқсаттардың күшін тоқтата тұру туралы ұсыныс жіберілді.

2019 жылдың 15 шілдесінен 2020 жылдың 22 ақпанына дейінгі кезеңде, «Майкөбе-Вест» ЖШС-ның сотқа оңалту шараларын қолдану бойынша талап – қуыным беруіне байланысты атқарушылық өндіріс тоқтатылды.

2019 жылы Компания Павлодар облысы МАЭС-іне «Майкөбе-Вест» ЖШС-дан 1,324,023 мың теңге болатын негізгі берешекті қоса алғанда, 1,632,148 миллион теңге сомдағы берешекті өндіріп алу туралы талап-өтінім берді, алынбай қалған пайда - 161,286 мың теңге, тұрақсыздық төлемі (айыппұл) 99,302 мың теңге және мемлекеттік баж салығы - 47,538 мың теңге.

2019 жылы 11 маусымда Павлодар облысының МАЭС-і Компанияның талап-өтінімін толық көлемде қанағаттандыру туралы шешім шығарды. 2019ж. 3 желтоқсанда «Майкөбе-Вест» ЖШС-дан 1,6 миллиард теңге мөлшерінде берешекті өндіріп алу бойынша атқару өндірісі қозғалды.

Тараптар арасында созылып келе жатқан сот талқылауларына байланысты «Майкөбе-Вест» ЖШС-ның дебиторлық берешегі 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен құнсызданды (2019 ж. 31 желтоқсан: толығымен құнсызданды).

«Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасындағы сот талқылаулары

2020 жылдың екінші тоқсанынан бастап Компания "Транстелеком" АҚ-мен сот талқылауына тартылды. "Транстелеком" АҚ 1,100,045 мың теңге мөлшерінде "Самұрық-Энерго" АҚ нысаналы (базалық) процестерін енгізу бойынша консультациялық қызметтер " сатып алу туралы шарт бойынша нақты көрсетілген қызметтерді және келтірілген шығыстарды өндіріп алу туралы талап арыз берді. 2020 жылғы 16 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-те сот отырысына дайындық өтті. 2020 жылғы 3 тамызда Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-інде "Транстелеком" АҚ-ның "Самұрық-Энерго" АҚ-ға берешек сомасын өндіріп алу туралы талап арызы бойынша азаматтық іс бойынша сот отырыстары өтті. Соттың 2020 жылғы 3 тамыздағы және 2020 жылғы 25 тамыздағы ұйғарымымен бұл іс бойынша соттың экономикалық және сот тауартану сараптамасы тағайындалды.

2020 жылы 15 желтоқсанда сот талап арызды ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдады. Сот «Самұрық-Энерго» АҚ-дан «Транстелеком» АҚ-ның пайдасына 718,254 мың теңге, ал мемлекеттік бажды төлеу бойынша 21,548 мың теңге мөлшерінде сот шығындарын өндіріп алу туралы шешім шығарды. «Транстелеком» АҚ-ның 381,791 мың теңге көлеміндегі талаптарының қалған бөлігінен сот бас тартты. 2021 жылғы 3 ақпанда сот «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасында 2021 жылғы 2 ақпанда жасалған медиативті келісімді мақұлдады, соған сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылдың 8 ақпанында нақты орындалған жұмыс көлемі үшін төлем 700,000 мың теңге мөлшерінде төлем жасады. Компания 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, жалпы әкімшілік шығыстар шеңберінде 739,802 мың теңге көлемінде резерв құрды. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күні «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасындағы келісім орындалды.

Сақтандыру

ҚР сақтандыру нарығы енді ғана дамуда және басқа елдерде кең тараған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда жоқ. Топ өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында қызметтің немесе міндеттемелердің тоқтауынан шығындарға батуы, Топ апаттар немесе операциялар салдарынан жылжымайтын мүлік немесе қоршаған ортаға келетін зардаптан толық сақтандырылмаған. Топтың толық сақтандыруы жоқ, тек жеке активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Топ қызметі мен қаржылық жағдайына біршама кері әсерін тигізеді деген қауіп бар.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Қоршаған ортаны қорғау мәселелері мұнда және басқа елдерде кең тараған көптеген сақтандыру түрлері Қазақстанда жоқ. Топ өзінің өндірістік ғимараттары, үшінші тұлғалар алдында қызметтің немесе міндеттемелердің етумен байланысты өз міндеттемелерін кейде бағалап отырады. Міндеттеме анықталған кезде бірден есепте көрсетіледі. Қолданыстағы нормативтік актілерде азаматтық талап арыз немесе заңнама аясындағы нәтиже бойынша өзгерістер енгізу арқылы пайда болуы мүмкін әлеуетті міндеттемелер бағаланбайды және маңызды болуы мүмкін. Дегенмен, басшылық қолданыстағы заңнаманы ағымдағы түсіндіру жұмыстарына сәйкес Топ аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілікке аударылған және көрсетілген сомаларға қосымша ретінде, Топтың операциялық қызметінің нәтижесіне немесе қаржылық ережесіне елеулі теріс әсерін тигізуі мүмкін ешқандай маңызды міндеттемелер жоқ деген пікірде.

2021 жылы 2 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексіне қол қойды. Жаңа Экологиялық кодекске сәйкес, 2025 жылдан бастап ТОП-50 кәсіпорын өз еркімен Кешенді экологиялық рұқсатқа (бұдан әрі - КЭР) көшеді. ТОП-50 кәсіпорын қатарына «АлЭС» АҚ мен ЕГРЭС-1 кірді.

29 Шартты және келісімшартты міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер (жалғасы)

Бұл құжат кәсіпорындардан үздік қол жетімді технологияларды (бұдан әрі - ҰҚТ) енгізуді және ҰҚТ-ға тән эмиссиялардың нормативтеріне сәйкес болуды талап етеді. ҰҚТ тізбесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін әзірлеуі тиіс. Кәсіпорындардың КЭР-ге өту процесі тұтастай ерікті болып табылады, бірақ егер кәсіпорын КЭР-ге көшу туралы шешім қабылдаса, онда ынталандыру шарасы ретінде эмиссия төлеуден босатылады, ал егер ол бас тартса, онда эмиссия үшін төлемдер 2025 жылдан бастап 2 есеге, 2028 жылдан бастап 4 есеге, 2031 жылдан бастап 8 есеге өседі. Қазіргі уақытта Топ Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің Топ жұмысына қалай әсер ететінін бағалап жатыр.

Күл үйінділерін қалпына келтіру резерві

Топ табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес, Топтың операциялық қызметінің қалдықтарын орналастыру полигондарын білдіретін күл жинақтауыш учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңдық міндеттеме бар. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің теңгерімдік бағасы 3,423,974 мың теңгені (31 желтоқсан 2019 ж.: 2,331,591 мың теңге) құрады. Күл жинақтауыштарды қалпына келтіру резервінің бағалауы Топтың ҚР қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамасын түсіндіруіне негізделген. Және ол рекультивация бойынша жұмыстарды қалпына келтіру және өткізудің ағымдағы нормалары мен қалпына келтіру әдістеріне сәйкес, техникалық-экономикалық негіздемемен және инженерлік зерттеулермен қамтылған. Аталмыш бағалау келесі табиғатты қорғау саласын зерттеу жұмыстарын аяқтау және рекультивация мен қалпына келтіру бойынша бағдарламаларды қайта қарастыру кезінде өзгеруі мүмкін.

Капиталды сипаттағы міндеттемелер

Топ өзінің маусымдық және басқа да туындайтын бизнес-тәуекелдерге ұшырауына талдау жасады, бірақ 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржылық нәтижелеріне немесе жағдайына әсер етуі мүмкін тәуекелдерді анықтаған жоқ. Топ міндеттемелерді орындау және айналым қаражаттарымен қамтамасыз ету үшін қажетті қаражат пен қаржыландыру көздері бар.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың 76,074,066 мың теңге (31 желтоқсан 2019 ж.: 160,605,255 мың теңге) жалпы сомасындағы негізгі құралдарды сатып алу бойынша ұзақ мерзімді шартты міндеттемелері болды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың капиталды сипатының міндеттемелері

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Топтың Forum Muider, СЕГРЭС-2 ұзақ мерзімді шарттық міндеттемелеріндегі үлесі 13,800,248 мың теңгені және тиісінше 13,198,220 мың теңгені (31 желтоқсан 2019: 16,748,835 мың теңге және 23,937,977 мың теңге) құрады.

Алматы 3-ЖЭО-ны қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту арқылы жаңғырту

2020 жылы «Алматы 3-ЖЭО-ны қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайту арқылы жаңғырту» жобасы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі жол картасына енгізілді. Жол картасына сәйкес, Самұрық-Энерго, Энергетика министрлігі, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдіктері ЖЭО-3-тегі шығарындыларды азайту жобасын іске асыру туралы шешімді қабылдау үшін жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуі және 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін уәкілетті органмен келісуі тиіс.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Топтың несиелер мен облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Аталған ковенанттарды сақтамау Топ үшін несиелер бойынша шығындардың өсуі мен дефолт жариялауды қоса алғанда жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін. 2020 жылдың соңында Топ заемдар бойынша шарттардың нормативтік мандерін сақтады, сондай-ақ бұзушылық оқиғасының орны болжанған жағдайда шекті төмендетуден бас тартты.

30 Бақыланбайтын үлес

Төмендегі кестеде Топ үшін маңызды бақыланбайтын үлес бар барлық еншілес кәсіпорындар туралы ақпарат ұсынылған.

Қазақстандық мың теңгемен	Қызмет ететін жер (қызмет ететін жер тіркелгеннен жерден ерекшеленсе, тіркелген өл де көрсетіледі)	Бақыланбайтын үлес пайызы	Бақыланбайтын үлеске тиесілі дауыс құқығының пайызы	Бақыланбайтын үлеске тиесілі пайда немесе шығын	Еншілес кәсіпорындарда жинақталған бақыламайтын үлес	Бір жыл ішінде бақылмайтын үлеске төленген дивидендер
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл						
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10%	10%	77,034	1,215,074	754,700
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	7.86%	7.86%	(882)	25,922	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10.01%	10.01%	(350)	2,872	-
Барлығы				75,802	1,243,868	754,700
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл						
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10%	10%	278,112	1,138,042	200,476
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	7.86%	7.86%	(1,053)	26,805	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Қазақстан	10.01%	10.01%	(585)	3,219	-
Барлығы				276,474	1,168,066	200,476

Қазақстандық мың теңгемен	Қысқа мерзімді активтер	Ұзақ мерзімді активтер	Қысқа мерзімді міндеттемелер	Ұзақ мерзімді міндеттемелер	Түсім	Пайда/ (шығын)	Барлық жиынтық пайда	Ақшалай қаржы ағымы
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл								
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	1,293,675	1,224,305	130,129	146,722	4,040,147	770,336	911,443	174,610
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	-	-	570,444	8,701	-	(11,226)	(11,226)	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	-	-	115,919	8,519	-	(3,484)	(3,484)	-
Барлығы	1,293,675	1,224,305	816,492	163,942	4,040,147	755,626	896,733	174,610
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл								
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	2,401,229	1,219,194	477,779	147,426	3,924,337	2,781,116	2,922,223	789,124
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	-	-	558,735	9,184	-	(13,403)	(13,403)	-
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	150	-	111,982	8,972	-	(5,833)	(5,833)	-
Барлығы	2,401,379	1,219,194	1,148,496	165,582	3,924,337	2,761,880	2,902,987	789,124

31 Негізгі еншілес, қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар

Кәсіпорын атауы	Қызмет түрі	% дауыс құқығы	Қатысу үлесі	Тіркелген ел
Еншілес кәсіпорындар:				
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша электр қуатын беру және бөлу	100%	100%	Қазақстан
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қаласы мен Алматы облысында электр жылу қуаты мен ыстық су өндіру	100%	100%	Қазақстан
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында электр қуатын сату	100%	100%	Қазақстан
«Шардара СЭС-і» АҚ	Оңтүстік Қазақстандағы гидроэлектр станциясындағы электр қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Мойнақ СЭС-і» АҚ	Алматы облысындағы гидроэлектр станциясындағы электр қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1 станциясы	Көмір негізіндегі электр және жылу қуатын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Бұқтырма ГЭС-і» АҚ	Жалға берілген Бұқтырма гидроэлектр станциясының меншік иесі саналады	90%	90%	Қазақстан
«Өскемен ГЭС-і» АҚ	Гидроэлектр станцияларды жалға берген кезден бастап аталған компаниялар жұмыс істемейді	89.99%	89.99%	Қазақстан
«Шүлбі ГЭС-і» АҚ	Гидроэлектр станцияларды жалға берген кезден бастап аталған компаниялар жұмыс істемейді	92.14%	92.14%	Қазақстан
Samruk Green Energy ЖШС	Жаңартылатын электр қуатын дамыту	100%	100%	Қазақстан
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Жел электр станциясында қуат өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Қазгидротехэнерго» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласында жобаларды іске асыру	100%	100%	Қазақстан
«Теплоэнергомаш» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласында жобаларды іске асыру	95%	95%	Қазақстан
«Energy Solutions» ЖШС	Тасымалдау және өзге де қызметтер	100%	100%	Қазақстан
«Тегіс Мұнай» ЖШС және «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС	Газ кен орнын барлау және әзірлеу	100%	100%	Қазақстан
«Балқаш ЖЭС» АҚ	Балқаш ЖЭС-ін салу	100%	100%	Қазақстан
«Ereymenau Wind Power» ЖШС	Жел электр станциясында қуат өндіру	100%	100%	Қазақстан
Қауымдасқан кәсіпорындар:				
«Энергия Семиречья» ЖШС	Алматы жанында күн электр станциясында электр қуатын өндіру	25%	25%	Қазақстан
Бірлескен кәсіпорындар:				
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы»	Көмір негізінде электр және жылу қуатын өндіру	50%	50%	Қазақстан
Forum Muider BV	Компания Богатырь Көмір және маңызды операцияларды жүзеге асырмайтын Ресей Федерациясы мен Кипр Республикасында, тіркелген бірқатар компаниялардың жарғылық капиталының 100% үлесіне ие (Компания энергетикалық көмір өндірумен айналысады)	50%	50%	Нидерланды

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару

Қаржылық тәуекел факторлары

Топ қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге әкеледі: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеме өзгерісінің әсер ету тәуекелі), несие тәуекелі және өтімділік тәуекелі. Топ деңгейіндегі тәуекелдердің басқару бағдең жоғары мөлшерде қысқартуға бағытталған. Топ тәуекелге ұшырауды хеджирлеу үшін қаржылық құралдарды пайдаланбайды.

Тәуекелдерді басқару Топтың бас компаниясы бекіткен саясат несие тәуекелі, өтімділік тәуекелі және нарық тәуекелі сияқты арнайы салаларды қамтитын және тәуекелдерді басқару принциптерін қарастыратын саясатқа сәйкес жүргізіледі (1-ескертпе).

(а) Кредит тәуекелі

Топ кредит тәуекеліне ұшырауы мүмкін, атап айтқанда қаржылық құрал бойынша бір тарап басқа тарапқа қаржылық шығын әкелу тәуекеліне ұшырауы мүмкін, себебі ол өз міндеттерін орындай алмайды.

Кредит тәуекелі Топтың контрагенттермен жасалатын кредиттік және басқа да операциялары нәтижесінде туындайды, соның салдарынан қаржылық активтер туындап отырады.

Топтың ең жоғарғы кредиттік тәуекелі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық активтердің теңгерімдік құнынан көрінеді.

Кредиттік тәуекелді басқару

Кредиттік тәуекел Топ бизнесі үшін барынша елеулі тәуекел болып табылады. Сондықтан да басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше көңіл бөледі.

Тәуекелдерді басқару мақсатында кредиттік тәуекелді бағалау маңызды процесс болып табылады және нақты модельдерді пайдалануды талап етеді, себебі тәуекелдер нарық жағдайына, күтілетін ақшалай қаражат айналымына және уақыт ағымына тәуелді. Активтер портфелі бойынша кредиттік тәуекелді бағалау дефолт болу ықтималдылығына байланысты қосымша бағалауды, тиісті шығын коэффициенттерін белгілеуді және контрагенттер арасындағы дефолт жағдайларына түзетулер жасауды талап етеді.

Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі

Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржылық құралдарды жіктеу және кредит тәуекелін бағалау мақсатында Топ екі жұмыс бағытын пайдаланады: тәуекелдер негізінде жасалатын ішкі рейтинг жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтинг агенттіктері (Standard & Poor's [S&P], Fitch, Moody's) бағалайтын тәуекел деңгейінің бағасы. Ішкі және сыртқы рейтингтері бірыңғай ішкі шкала бойынша салғастырылады, дефолт тууы ықтималы анықталады. Рейтингтердің тәуекелдерге негізделген ішкі жүйесі ішкі әзірлеме болып табылады, және рейтингтер басшылық тарапынан бағаланады. Топ кредиттік тәуекелді бағалаудың активтер топтамасына қарай түрлі әдістерін қолданады.

Топ ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелді бағалау үшін тәуекелдерге негізделген ішкі рейтинг жүйесін қолданады.

Рейтинг модельдері жиі қайта қаралып отырады, дефолттар туралы нақты деректер негізінде тестілеуден өткізіледі және қажеттілік туған жағдайда жаңартылып отырады. Қолдану әдістемесіне қарамастан Топ рейтинг нақтылығын растап отырады, модельдердің болжамдық қабілеттерін есепке алып, бағалап отырады.

Сыртқы рейтингтер S&P, Moody's и Fitch секілді тәуелсіз халықаралық рейтинг агенттіктерінің контрагенттері арқылы беріледі. Бұл рейтингтер ашық түрде, қол жетімді. Мұндай рейтингтер және дефолттың болу ықтималдылығының тиісті диапазондары барлық қаржылық активтер үшін қолданылады, тек саудалық дебиторлық берешек пен ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер өзгеше қаралады.

Күтілетін кредит шығындарын бағалау (ККШ)

Күтілетін кредиттік шығындар – ықтималдылық деңгейі ескеріле отырып, болашақ алынбаған ақшалай қаражат құны есептелген бағалау нысаны (яғни белгілі бір кезең ішінде туындаған дефолттың тиісті тәуекелдері пайдаланылып есептелген кредиттік шығындардың орташа өлшемдік шамасы). Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау объективті болып табылады және туындауы мүмкін шешімдер ауқымы есебімен анықталады. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау Топта қолданылатын төрт компонент негізінде орындалады: дефолт ықтималдылығы, кредиттік талап көлемі, тәуекелге негізделген дефолт, дефолт жағдайындағы шығын және дисконттау мөлшерлемесі.

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Дефолт сәтіндегі берешек – есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасында болуы мүмкін өзгерістер ескеріліп дефолттың болашақ болар күні тәуекелін бағалау, негізгі қарыз сомасы мен пайыздарын өтеу, және кредиттік міндеттемелер бойынша қаражатты пайдалану қоса ескеріледі. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша дефолт сәтіндегі берешек кредиттік конверсия коэффициенті арқылы (CCF) бағаланады. Кредиттік конверсия коэффициенті – белгілі бір уақыт кезеңіндегі шарт бойынша міндеттемелер сомасының теңгерімдік міндеттемеге қатысты конверсия ықтималдылығын көрсететін коэффициент. *Дефолт ықтималдылығы (PD)* – белгілі бір уақыт кезеңіндегі дефолттың туындау мүмкіндігін бағалау. *Дефолт жағдайындағы шығын (LGD)* – дефолт кезіндегі туындайтын шығынды бағалау. Бұл шама шартта көзделген төлеуге бағытталған ақшалай қаражат ағыны мен кредитордың алуы күтілетін ақша арасындағы айырмаға негізделеді. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт кезіндегі берешек пайызымен (EAD) белгіленеді. Күтілетін шығындар есепті мерзім аяғындағы көрсетілген құнға сәйкес дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржылық құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемні (ТПМ) немесе оған ұқсас шаманы білдіреді.

Күтілетін кредиттік шығындар қаражат құралының барлық қолданыс мерзімі ішінде модельденеді. Құралдың барлық қолданыс мерзімі шарттың күтпеген мерзімінен тыс өтелуін есепке алғанда, егер ондай болған болса, қарыз құралдарын өтеу мерзіміне дейінгі қалған қолданыс мерзіміне тең.

Басқару моделінде *«Барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындар»* ретінде қаржылық құралдың қалған қолданыс мерзімі ішіндегі барлық мүмкін боларлық дефолт жағдайларының туындауы нәтижесінде пайда болатын шығындар бағаланады. *«12 айда күтілетін кредиттік шығындар»* моделі қаржылық құралдар бойынша есепті кезеңнің аяғынан бастап 12 ай ішіндегі болуы мүмкін дефолт жағдайының пайда болуы нәтижесінде туындайтын немесе қаржылық құралдың бір жылдан кем болуы мүмкін мерзіміндегі күтілетін кредиттік шығындардың бір бөлігін қамтиды.

Басшылықтың Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу үшін күтілетін кредиттік шығындарды бағалауы әдетте реттеу мақсатында пайдаланылатын барлық мерзім ішіндегі бағалауға емес, белгілі бір мерзімдегі бағалауға негізделген. Бағалауда болжамдық ақпарат қолданылады. Осындай ретпен КШБ кредит тәуекеліне ықпал ететін ықтималдылық ескеріле отырып, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердегі өзгерістерді көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған қаржылық активтер үшін КШБ модельдеуі (POCI) осындай ретпен орындалады, бұл қатарға жалпы теңгерімдік құны (а) дисконттау мөлшерлемесінің активтің алғашқы танылуы сәтінде алынған ақшалай ағын негізінде анықталу жағдайы, және (б) КШБ әрқашан барлық мерзімдегі КШБ тең болу жағдайы кірмейді. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер – өткен мерзімде бизнестің бірігуі нәтижесінде сатып алынған құнсызданған активтер секілді алғашқы танылуы сәтінде құнсызданған қаржылық активтер.

Дефолт ықтималдылығын бағалау үшін Топ дефолтты төменде көрсетілген критерийлердің біреуіне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін тәуекел жағдайы ретінде белгілейді:

- Қарыз алушының шартта көзделген өтеу мерзімін 90 күннен аса уақытқа созуы;
- халықаралық рейтинг агенттіктері қарыз алушыны дефолт рейтингіндегі сыныпқа жатқызады;
- қарыз алушы төменде көрсетілген төлемсіздік қабылеті ықтималының белгісіне сәйкес келеді:
 - қаржылық актив бойынша пайыз есептемесінің тоқтатылуы/ пайыз мөлшерлемесінің төмендеуі;
 - негізгі қарыздың есептен шығарылуы;
 - қаржылық активтің номинальды құнына қарағанда елеулі дисконтпен сатылуы;
 - қарыз құнының төмендеуіне/есептен шығарылуына, берешектің кешірілуіне әкелетін қайта құрылымдау;
 - қаржылық активті өтеу мерзімінің ұзартылуы;
 - негізгі қарыз/пайыздық төлем бойынша төлем мерзімінің мейлінше кейінге шегерілуі;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес контрагенттің банкрот деп танылуы;
 - контрагенттің банкроттық туралы өтініш бойынша талап арызын беруі;
 - кепілдік шартымен немесе шарт бойынша кепілдік ақысының төленуімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша мерзімнің ұзартылуы 90 күннен асады.

Ақпаратты жария ету үшін Топ дефолт анықтамасын құнсызданған активтер анықтамасына сәйкестендірді. Дефолттың жоғарыда берілген анықтамасы Топтың барлық қаржылық активтеріне қатысты қолданылады.

Егер құрал үш ай қатарынан қандай да бір дефолт критерийіне жатқызылмаған болса, дефолт деп есептелмейді (яғни төлемнің ұзартылуы жойылады). Бұл кезең талдау негізінде анықталды, талдау барысында ұзарту мерзімін жоюдың түрлі анықтамалары пайдаланылып, төлемді ұзарту жойылғаннан кейінгі қаржылық құралға дефолт мәртебесін беруді қайтару ықтималдылығы ескерілді.

Кредит тәуекелінің елеулі мөлшерде ұлғаюының болуы немесе болмауының бағалануы (SICR) алғашқы танылған сәттен бастап жеке түрде де, портфельді негізде де орындалады.

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Осы шоғырландырылған қаржылық есепте танылатын күтілетін кредит шығындарының деңгейі қарыз алушының кредит тәуекелінің алғашқы танылған сәтінен бастап елеулі ұлғаюына байланысты белгіленеді. Бұл бағыт күтілетін кредит шығындарын бағалаудың үш кезеңдік моделіне негізделген. 1 кезең – алғашқы танылу сәтінде құнсызданған санатына жатқызылмаған және сол сәттен бастап оған қатысты кредит тәуекелі елеулі түрде өспеген қаржылық құрал үшін.

2-кезең – егер алғашқы танылу сәтінен бастап кредит тәуекелі елеулі түрде өскені анықталса қаржылық құрал 2-кезеңге ауыстырылады, бірақ әзірше құнсызданған болып есептелмейді, бірақ кредит шығындарына қатысты бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. 3-кезең – егер қаржылық құрал құнсызданған болып табылса, ол 3-кезеңге ауыстырылады, және бағалау резерві барлық мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар негізінде құрылады. Актив 3-кезеңге ауысуы нәтижесінде ұйым пайыздық табысты жалпы теңгерімдік құны негізінде тануды доғарады және пайыздық кірісті есептеу кезінде теңгерімдік құнға қатысты күтілетін кредит шығындарын алып тастағандағы активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының критерийі орындалмағаны туралы дәлелдер болса, құрал қайтадан 1-кезеңге ауыстырылады. Егер тәуекел сапалық белгісі негізінде 2-кезеңге ауыстырылса, Топ бұл белгіге қатысты, оның сақталуы немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін мониторинг жасайды.

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржылық активтер бойынша кредиттік шығындарды бағалау әрдайым тұтас мерзімге бағаланады. Осылайша Топ барлық мерзімдегі күтілетін кредиттік шығындардың шоғырландырылма өзгерістерін таниды.

Төмендегі кестеде өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек секілді құнсыздану моделінің жекелеген кезеңдері бойынша бағаланатын қаржылық активтер жіктемесі келтірілген. Өзге қаржылық активтердің кредиттік шығындарына қатысты бағалау резерві 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша маңызды емес болып табылады.

	Кредиттік шығындармен байланысты бағалау резерві			Барлығы	Жалпы баланстық құны			Барлығы
	1 кезең	2 кезең	3 кезең		1 кезең	2 кезең	3 кезең	
	(12 айға ККШ)	(кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(құнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)		(12 айға ККШ)	(кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(құнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)	
Қазақстандық мың теңгемен				Барлығы				Барлығы
Өзге де дебиторлық берешек 2020ж. 1 қаңтар	(99,893)	-	(137,906)	(237,799)	10,686,603	-	1,038,725	11,725,328
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(1,717,681)	-	-	(1,717,681)	-	-	-	-
Кезең ішінде танылудың тоқтатылуы	238,016	-	-	238,016	(807,177)	-	(3,437,606)	(4,244,783)
Дисконттың амортизациясы	-	-	-	-	1,358,193	-	-	1,358,193
Өзге де өзгерістер	-	-	-	-	-	-	34,165	34,165
Кезеңдегі кредиттік шығынды кредиттік бағалау аударымына ықпал ететін өзгерістердің барлығы	(1,479,665)	-	-	(1,479,665)	551,016	-	(3,403,441)	(2,852,425)
2020ж. 31 желтоқсан	(1,579,558)	-	(137,906)	(1,717,464)	11,237,619	-	(2,364,716)	8,872,903

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

	Кредиттік шығындармен байланысты бағалау резерві				Жалпы баланстық құны			
	1 кезең	2 кезең	3 кезең	Барлығы	1 кезең	2 кезең	3 кезең	Барлығы
	(12 айға ККШ)	(күнсызданған кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(күнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)		(12 айға ККШ)	(күнсызданған кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы жағдайындағы ККШ)	(күнсызданған активтер бойынша барлық мерзімге ККШ)	
Өзге де дебиторлық берешек 2019ж. 1 қаңтар	(226,785)	-	(716,319)	(943,104)	12,021,724	-	2,934,450	14,956,174
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған	(21,551)		(7,146)	(28,697)	-	-	-	-
Кезең ішінде танылудың тоқтатылуы	148,443	-	585,559	734,002	(2,085,454)	-	(1,895,725)	(3,981,179)
Дисконттың амортизациясы	-	-	-	-	750,333	-	-	750,333
Есептелген пайыздардағы өзгерістер	-	-	-	-	-	-	-	-
Кезеңдегі кредиттік шығынды кредиттік бағалау аударымына ықпал ететін өзгерістердің барлығы	126,892	-	578,413	705,305	(1,335,121)	-	(1,895,725)	(3,230,846)
2019ж. 31 желтоқсан	(99,893)	-	(137,906)	(237,799)	10,686,603	-	1,038,725	11,725,328

Сауда-саттық дебиторлық берешектен басқа қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін Топ үш бағытты қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельді негізде бағалау: ішкі рейтингтер жеке негізде бағаланады, бірақ кредит тәуекелінің бірдей рейтингтері және кредит портфелінің бірдей сегменттері үшін күтілетін кредиттік шығындарды есептеу процесінде кредит тәуекелінің бірдей параметрлері қолданылады (мәселен, дефолт ықтималдылығы, дефолт жағдайындағы шығындар); (iii) сыртқы рейтингтер негізінде бағалау.

Тұтастай алғанда күтілетін кредиттік шығындар кредит тәуекелінің төмендегідей параметрлерінің қосындысына тең: дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдылығы және дефолт жағдайындағы шығындар, олар құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесі арқылы келтірілген құнына дисконтталған нұсқада анықталған. Күтілетін кредиттік шығындар кредит тәуекелдерінің параметрлеріне болжам жасау әдісімен (дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдылығы және дефолт болған жағдайдағы шығын) әрбір жеке қаржылық активтің қолданыс мерзімі ішіндегі әрбір болашақ ай үшін немесе жиынтық сегмент үшін анықталады. Осы үш компонент «сақталып қалу» ықтималдылығы ескеріле отырып көбейтіледі және түзетіледі (яғни қаржылық актив өткен айда жабылды ма немесе дефолт болды ма). Бұл көрсеткіш әрбір болашақ кезең үшін күтілетін кредиттік шығындарды нақты есептеуді қамтамасыз етеді, олар сосын есепті күнге орай қайта дисконтталады және жинақталады. Күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі алғашқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның жуық шамасын білдіреді.

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төменгі кестеде тиісті есепті кезең соңындағы сыртқы (болған жағдайда) және ішкі кредиттік рейтингтер көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат		Жедел депозиттер	Облигациялар және қарыздар
	Ақшалай қаражат	Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат		
31 желтоқсан 2020 жылы				
BBB+ (S&P)	-	-	-	-
BBB- (тұрақты) (S&P)	4,373,625	-	140,016	-
BB+ (тұрақты) (S&P)	943,847	-	13,235	-
BB (тұрақты) (S&P)	3,243,134	799	-	-
BB- (тұрақты) (S&P)	1,266,011	5,000	9,981	-
B+ (тұрақты) (S&P)	7,215	-	-	-
B (тұрақты) (S&P)	-	-	-	-
B (жағымсыз) (S&P)	-	-	-	749,791
B- (тұрақты) (S&P)	25,318	-	4,970	-
CCC (жағымсыз) (S&P)	-	-	-	-
D (жағымсыз) (S&P)	-	-	-	-
Болмаған (S&P)	34,728	48,880	-	1,173,004
Барлық қаржылық активтер	9,893,878	54,679	168,202	1,922,795

Қазақстандық мың теңгемен	Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат		Жедел депозиттер	Облигациялар және қарыздар
	Ақшалай қаражат	Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат		
1 қаңтар 2020 жылы				
BBB+(S&P)	-	-	-	-
BBB- (жағымсыз) (S&P)	-	-	-	-
BB+ (тұрақты) (S&P)	7,267,762	1,153	133,434	-
BB (тұрақты) (S&P)	-	-	-	-
BB- (тұрақты) (S&P)	459,399	-	673,000	-
B+ (тұрақты) (S&P)	3,862,920	-	-	1,217,263
B (жағымсыз) (S&P)	-	-	1	-
B- (тұрақты) (S&P)	392,473	-	1,125,956	527,539
CCC (жағымсыз) (S&P)	-	-	-	-
D (жағымсыз) (S&P)	-	-	-	-
Болмаған	24,483	371,654	408,984	352,973
Барлық қаржылық активтер	12,007,037	372,807	2,341,375	2,097,775

Топ дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарды есептеу үшін резервтеу матрицасын қолданады. Күтілетін кредиттік шығынды бағалау үшін сауда-саттық дебиторлық берешек кредит тәуекелі мен мерзімі ұзартылған кезең сипаттамасына байланысты жіктелген.

Төменгі кестеде дефолт деңгейі және тиісті есепті кезең аяғындағы шығынға арналған резерв көрсетілген:

Қазақстандық мың теңгемен	Заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Ағымдағы	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2020 жылғы 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	33,109,246	18,266,039	6,099,077	2,763,886	1,255,412	4,724,832
Дефолт деңгейі		0.114%	0.307%	0.981%	1.585%	2.708%-100%
Күтілетін кредиттік шығындар	(1,584,539)	(20,774)	(18,703)	(27,115)	(19,904)	(1,498,043)
Барлығы	31,524,707	18,245,265	6,080,374	2,736,771	1,235,508	3,226,789

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қазақстандық мың теңгемен	Заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Ағымдағы	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2019 жылғы 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	20,406,780	12,639,943	1,849,943	1,778,570	852,402	3,285,922
Дефолт деңгейі		0.046%	0.26%	1%	1.34%	32%
Күтілетін кредиттік шығындар	(861,453)	(5,865)	(4,757)	(14,135)	(11,460)	(825,236)
Барлығы	19,545,327	12,634,078	1,845,186	1,764,435	840,942	2,460,686

Қазақстандық мың теңгемен	Жеке тұлғалардың дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Текущая	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2020 жылғы 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	5,508,024	5,195,286	134,879	37,670	12,663	127,526
Дефолт деңгейі		0.254%	3.30%	9%	21%	37,18-100%
Күтілетін кредиттік шығындар	(136,894)	(13,200)	(4,446)	(3,538)	(2,683)	(113,027)
Барлығы	5,371,130	5,182,086	130,433	34,132	9,980	14,499

Қазақстандық мың теңгемен	Жеке тұлғалардың дебиторлық берешегі					
	Барлығы	Текущая	1-30 күн	31-60 күн	61-90 күн	>90 күн
2019 жылғы 31 желтоқсандағы дебиторлық берешек	9,226,718	5,753,759	2,929,548	359,346	175,507	8,558
Дефолт деңгейі	-	0.59%	4.14%	10.73%	22.32%	100%
Күтілетін кредиттік шығындар	(241,517)	(33,945)	(121,283)	(38,558)	(39,173)	(8,558)
Барлығы	8,985,201	5,719,814	2,808,265	320,788	136,334	-

Төменде қаржылық дебиторлық берешек талдауы топ тұтынушыларына қатысты көрсетілген (мерзімі ұзартылмаған және құнсызданбаған):

Қазақстандық мың теңгемен	Сауда-саттық дебиторлық берешек
31 желтоқсан 2020 жыл	
Ірі кәсіпорындар	202,767
Шағын және орта кәсіпорындар	18,042,498
Жеке тұлғалар	5,182,086
Барлығы	23,427,351

Қазақстандық мың теңгемен	Сауда-саттық дебиторлық берешек
31 желтоқсан 2019 жыл	
Ірі кәсіпорындар	169,013
Шағын және орта кәсіпорындар	12,431,120
Жеке тұлғалар	5,753,759
Барлығы	18,353,892

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Күтілетін кредиттік шығындар моделіне енгізілген болжамдық ақпарат

Кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюын бағалау және күтілетін кредиттік шығындарды есептеу расталатын болжамдық ақпараттың қосылуын білдіреді. Топ төмендегідей ауыспалы экономикалық мәселелерді анықтайды: олар кредиттік тәуекелдің өзгеруімен және күтілетін кредиттік шығындардың ескерілуімен түзетеледі: жалпы ішкі өнім, инфляция, айырбас бағамы, мұнай бағасы және базалық сектордың өнімділігінің өзгерісі негізіндегі экономикалық дамуды сипаттау үшін қолданылатын қысқа мерзімді экономикалық индикатор.

Осы экономикалық ауыспалы нысандардың дефолт ықтималдылығына әсері, дефолт кезіндегі берешек және дефолт жағдайындағы шығын статистикалық регрессионды талдау арқылы анықталады, бұл шара осы ауыспалы шамалардың өткен кезеңдердегі дефолт деңгейіне тигізген әсерін түсіну үшін жасалады.

Кез келген басқа экономикалық болжамдардағы секілді, олардың жүзеге асырылу болжамы мен ықтималдылығы жоғары деңгейдегі белгісіздіпен айқындалады, сондықтан да нақты көрсеткіштер болжамды көрсеткіштерден елеулі түрде өзгешеленуі мүмкін.

Топ қаржылық активтер бойынша бағалау мен нақты шығын арасындағы айырмашылықтарды азайту үшін есеп барысында қолданылатын өз әдістемесін тұрақты түрде тексеріп отырады. Мұндай тестілеу жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау әдістемесін бэк-тестілеу нәтижелері Басшылық назарына жеткізіледі, сосын уәкілетті органдармен талқыланғаннан кейін модельдерді одан әрі жетілдіру қадамдары жасалады.

(б) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топтың қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтармен кездесу тәуекелі. Топтың қолданыстағы Даму жоспарларын қалыптастыру және мониторингілеу ережелеріне сәйкес, ақша ағымдарының қозғалысын жоспарлау және мониторингілеу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде және 5 жылға қызметті орта мерзімді жоспарлауды қалыптастыру аясында жүзеге асады. Сондай-ақ, Компанияда 10 жылға Топты дамыту стратегиясы әзірленіп, бекітілуде. Ақша ағымдарын жоспарлаған кезде депозиттерге бос ақша қаражатын орналастырудан түскен пайда есептеледі.

Төмендегі кестеде есепті кезеңнің аяғынан шарттарда көрсетілген өтеу мерзімдері талаптарының аяғына дейін қалған мерзімді көрсете отырып, Топтың қаржылық міндеттемелерінің өтеу мерзімдеріне бөлгендегі талдауы көрсетілген. Өтеу мерзімі бойынша талдау қарыз пайыздары мен негізгі сомасын қоса алғандағы дисконтталмаған сомаған негізделген.

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Қазақстандық мың теңгемен	Қажет болғанға дейін және 1 айдан кем мерзімде	1– 3 ай	3 – 12 ай	12 ай – 5 жыл	5 жылдан астам
<i>2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</i>					
Қарыздар	7,326,243	12,964,946	51,222,955	190,889,015	154,738,306
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	1,704,370	-
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	23,259,667	830,423	977,353	1,470,769	-
Қаржылық жалдау	96,141	192,282	865,264	2,680,888	312,394
Туынды қаржы құралдары	-	-	-	-	-
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	30,682,051	13,987,651	53,065,572	196,745,042	155,050,700
<i>2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</i>					
Қарыздар	11,443,698	11,844,291	61,898,462	171,939,185	187,901,994
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	89	892,243	-	-
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және басқа кредиторлық берешек	26,406,470	5,184,463	524,026	1,216,356	-
Қаржылық жалдау	240,149	491,845	484,603	1,672,351	266,051
Туынды қаржы құралдары	-	-	-	29,622,719	-
Негізгі сома мен пайыздың болашақ төлемдерін қоса алғандағы барлық болашақ төлемдер	38,090,317	17,520,688	63,799,334	204,450,611	188,168,045

(в) Нарық тәуекелі

Топ (а) валюталық және (б) пайыздық құралдар бойынша ашық ұстанымдармен байланысты нарық тәуекеліне тап болып отырады, олар нарықтағы жалпы және арнайы өзгерістер тәуекелімен тығыз байланысты.

Валюталық тәуекел. Топтың кейбір қарыздары (18-ескертпе) және негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешегі (20-ескертпе) шетелдік валютада (АҚШ доллары мен еуро) көрсетілген, сондықтан Топ валюталық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Қазақстан нарығында туынды қаржылық құралдарды таңдау шектеулі және бұндай құралдар қымбат болғандықтан, басшылық Топтың валюталық тәуекелін хеджирлеу туралы шешім қабылдады, себебі мұндай құралдардың табыстары сәйкес шығындарды жаппайды. Бұған қарамастан Топ болашақта және қажет болған кезде хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржылық нарықтағы өзгерістерді одан әрі бақылауды жалғастыруда.

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Төмендегі кестеде валюталық тәуекелге ұшыратуы мүмкін шетелдік валюталарда белгіленген жалпы сомалар көрсетілген:

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	АҚШ доллары	Еуро	Ресей рублі	Барлығы
<i>2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</i>				
Активтер	2,487,283	1,470,898	5	3,958,186
Міндеттемелер	(6,818,729)	(1,476,808)	-	(8,295,537)
Таза жайғасым	(4,331,446)	(5,910)	5	(4,337,351)
<i>2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша</i>				
Активтер	2,361,220	4,193,606	6	6,554,832
Міндеттемелер	(5,786,731)	(3,760,897)	(214)	(9,547,842)
Таза жайғасым	(3,425,511)	432,709	(208)	(2,993,010)

Төменде кестеде Топ ұйымдарының қызметтік валютасы үшін есепті кезең аяғында қолданылатын айырбас бағамының болуы мүмкін өзгерістері нәтижесінде болуы мүмкін қаржылық нәтиже мен өзіндік капиталдың өзгерістері келтірілген, бұл ретте барлық ауыспалы сипаттамалар өзгеріссіз қалады.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Пайдаға немесе шығынға және капиталға әсері	
	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
АҚШ долларының [14]% бекуі (2019 ж.: [12]% бекуі)	(485,122)	(328,849)
АҚШ долларының [11]% әлсіреуі (2019 ж.: [9]% әлсіреуі)	381,167	246,637
Еуроның [14]% бекуі (2019 ж.: [12]% бекуі)	(662)	41,540
Еуроның [11]% әлсіреуі (2019 ж.: [9]% әлсіреуі)	520	(31,155)
Ресей рубльдың [15]% бекуі (2019 ж.: [12]% бекуі)	1	(171,633)
Ресей рубльдың [15]% әлсіреуі (2019 ж.: [12]% әлсіреуі)	(1)	445,820

Жалпы, Топтың маңызды валюталық тәуекелдері жоқ және теңге бағамының құбылмалылығындағы жағымсыз өзгерістерге ұшырамайды, өйткені шетел валютасындағы қаржылық міндеттемелер 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша барлық міндеттемелердің шамамен 2%-ын құрайды. Алдыңғы кезеңдерде шетел валютасындағы қарыздарды қайта қаржыландыру арқылы валюталық тәуекелдер барынша азайтылды, ал 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың Қазақстан Даму Банкінің АҚШ долларымен алынған траншы бойынша бір ғана валюта заемы бар, оның баланстық құны теңгемен есептегенде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4,860,113 мың теңгені құрады.

Пайыздық тәуекел.

Топ қаржылық жағдайына және ақша ағындарына нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің басым деңгейінің ауытқуының әсерін қабылдайды.

Пайыздық мөлшерлемені өзгерту тәуекелі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелерден туындайды. Топ ауыспалы пайыздық мөлшерлемесі бар несиелерға қатысты Лондон биржасындағы LIBOR квоталарының нарықтық тәуекеліне ұшырауы мүмкін. LIBOR-дың ұлғаюы Топтың ақшалай қаржысының қозғалысына кері әсер етуі мүмкін. Топ ауыспалы мөлшерлемелердің өзгерістеріне мұқият мониторинг жүргізеді. Топтың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекелдерді талдау және жеңілдету бойынша ресми келісімдері жоқ.

32 Қаржылық тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Егер 2020 жылғы 31 желтоқсанда пайыздық мөлшерлемелер 20 базистік пунктке жоғары/төмен болса және барлық басқа ауыспалы сипаттамалар өзгеріссіз қалар еді, ауыспалы пайыздық мөлшерлеме міндеттемелері бойынша аса жоғары/төмен пайыздық шығыстар нәтижесінде жылдық пайда 97,202 мың теңгеге аз/көп болушы еді (31 желтоқсан 2019 ж.: 387,190 мың теңге).

Капиталды басқару

Топтың капиталды басқарудағы міндеттері акционерлер үшін пайданы және басқа мүдделі тараптар үшін табыстарды қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігі қағидаттарына сәйкес Топтың өз қызметін жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету болып табылады. Топ капитал құрылымын ұстап немесе түзету үшін акционерлерге төленетін дивиденділер сомасын өзгерте алады, сондай-ақ акционерлерге капиталды қайтара алады немесе қарыз ақшаны азайту үшін активтерді сата алады. Топ саланың басқа да компаниялары сияқты Топ өзінің және несиелік капиталының арақатынасы негізінде капитал мониторингін жүргізеді. Бұндай арақатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза қарыз ақша ретінде анықталады. Таза қарыз ақша қарыздардың жалпы сомасы ретінде анықталады, (оған қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «қысқа мерзімді қарыздар» мен «ұзақ мерзімді қарыздар» да жатады). Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген «Барлық капитал» ретінде анықталады, оған таза қарыз ақша да кіреді. Басшылық қарыз қаражаты мен өз капиталының ара қатысын Топ тәуелділігінің деңгейі үшін 50% тең мөлшерде қолайлы деп қарастырады.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	Ескер.	31 желтоқсан 2020 ж.	31 желтоқсан 2019 ж.
Барлық қарыздар	18	263,953,176	269,939,683
<i>Алып тастағанда:</i>			
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	15	(9,893,878)	(12,007,037)
Таза қарыздық қаражат		254,059,298	257,932,646
Барлық меншікті капитал		490,575,636	485,016,370
Барлық капитал		744,634,934	742,949,016
Қарыздық және меншікті капиталдың арақатынасы		34%	35%

33 Әділ құн туралы ақпаратты ашу

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады. Төменде әділ баға бойынша бағаланбайтын активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік бағасы мен әділ баға иерархиясы деңгейлері бойынша әділ бағаның талдауы келтіріледі:

33 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

Қазақстандық мың теңгемен	31 желтоқсан 2020 ж.				31 желтоқсан 2019 ж.			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Төңгерімдік құны	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Төңгерімдік құны
АКТИВТЕР								
Ақшалай қаражат және оның эквиваленттері	-	9,893,878	-	9,893,878	-	12,007,037	-	12,007,037
Пайдаланылуы, шектелген ақшалай қаражат	-	367,608	-	367,608	-	372,807	-	372,807
Тіркелген мерзімі бар депозиттер	-	168,202	-	168,202	-	2,289,339	-	2,289,339
Қаржылық дебиторлық берешек	-	36,895,837	-	36,895,837	-	28,530,528	-	28,530,528
Өзге де қаржылық дебиторлық берешек	-	8,422,204	-	8,422,204	-	10,765,295	-	10,765,295
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	-	664,030	-	621,903	-	532,490	-	722,234
Алынатын дивидендтер	-	-	449	449	-	-	405	405
Қарыздар	-	-	-	-	-	-	-	-
Облигациялар	1,110,280	-	915,193	1,922,795	1,143,649	-	860,517	2,097,775
Барлық қаржылық активтер	1,110,280	56,411,759	915,642	58,292,876	1,143,649	54,497,496	860,922	56,785,420
Міндеттемелер								
Қарыздар	-	263,116,478	-	263,953,176	-	244,714,885	-	269,939,683
Қаржылық кредиторлық берешек	-	25,067,443	-	25,067,443	-	31,978,264	-	31,978,264
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	-	-	1,470,769	1,470,769	-	-	1,216,356	1,216,356
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	288,183,921	1,470,769	290,491,388	-	276,693,149	1,216,356	303,134,303

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдардың әділ құны олардың баланстық құнына тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделіне негізделеді. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін міндеттемелер

Облигациялардың әділ құны нарықтық баға белгілеулерге негізделеді. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы несиелердің әділ құны шамамен баланстық құнға тең. Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың есептік әділ құны осы сияқты кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімімен жаңа құралдарға арналған күтілетін дисконтталған ақша ағынына негізделеді.

Инвестициялық мүліктің әділ құны

Инвестициялық мүлік Бұқтырма СЭС нысанын жалға алу шартын білдіреді, бұл нысанның бағасы болашақтағы жалдау ақысы негізінде анықталды. Инвестициялық мүліктің әділ құны 4,744,719 мың теңгеге тең (2019 жылы: 7,060,789 мың теңге).

34 Есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар

2021 жылдың 25 қаңтарында «Самұрық-Энерго» АҚ Еуропа Қайта құру және Даму Банкімен 2016 жылғы 9 желтоқсандағы №48308 Кредиттік келісімнің 2-траншы бойынша жалпы сомасы 1,986,194 мың теңгені құрайтын қарызды, оның ішінде 1,521,118 мың теңге негізгі қарызды, 465,076 мың теңге сыйақыны қоса алғанда, жоспарлы түрде өтеуді аяқтады, сондай-ақ 2,538,200 мың теңге мөлшеріндегі негізгі қарызды мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылдың 25 қаңтарында «Самұрық-Энерго» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2011 жылғы 14 қаңтардағы кредиттік заемы бойынша 205,746 мың теңге көлеміндегі негізгі қарызын мерзімінен бұрын өтеді.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 22 ақпанына дейінгі кезеңде «Жинақ банкі» АҚ ЕБ 2016 жылғы 16 маусымдағы №16-14285-01-КЖ кредиттік желісі бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ жалпы сомасы 14,000,000 мың теңгені құрайтын транштар алды.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 18 ақпанына дейінгі аралықта «ГРЭС-1» ЖШС «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның 8,600,000 мың теңге кредиттік қаражатын игерді, сонымен қатар «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы 17,590,000 мың теңге негізгі қарыз бен 3,414,236 мың теңге сыйақыны жоспар бойынша төледі,

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 22 қаңтарына дейінгі аралықта «АлЭС» АҚ топшілік қарыздарды төлеу және отын сатып алу үшін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен 2014 жылғы 26 қарашада жасасқан № KS 02-14-39 Кредиттік желі беру туралы келісім бойынша жаңартылатын кредиттік лимиттер шеңберінде 4,243,305 мың теңге көлемінде қарыз қаражатын тартты. Сондай-ақ, осы кезеңде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы жалпы сомасы 1,083,333 мың теңгені құрайтын жаңартылмайтын кредиттік лимит бойынша қарыз жоспар бойынша өтелді.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 15 ақпанына дейінгі аралықта «АЭС» ЖШС «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен 2015 жылғы 22 сәуірде жасасқан № KS 02-15-09 Кредиттік желі беру туралы келісім бойынша жаңартылатын кредиттік лимиттер шеңберінде 900,000 мың теңге көлемінде қарыз қаражатын тартты.

2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 18 ақпанына дейінгі аралықта «Мойнақ СЭС» АҚ «Қазақстан Даму Банкі» АҚ алдындағы 1,172,558 мың теңге сомасындағы негізгі қарыз бен сыйақыны жоспар бойынша өтеді.

2021 жылы 4 ақпанда «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-дан №679 хат келіп түсті, онда хат тапсырылған күнгі жағдай бойынша «Мойнақ СЭС» АҚ-ның 3,600,371 мың теңге мөлшеріндегі негізгі құралдары мен аяқталмаған құрылысы бұдан әрі Қазақстан Даму Банкінің кепілдігінен шығарылғаны расталған.

35 Акцияға тиесілі пайда және бір акцияның теңгерімдік құны

Акциялардың базалық пайдасы Топ акционерінің үлесіндегі ағымдағы жыл ішінде айналымда болған жай акциялардың орташа шамадағы санына сәйкес пайдасы немесе шығыны ретінде есептеледі. Топтың табысы көбейтілетін әлеуетті жай акциялары жоқ, сондықтан да акцияларға шаққандағы көбейтілетін пайда акциялардың базалық пайдасымен бірдей.

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Жыл ішінде топ иелеріне тиесілі түскен пайда (қазақстандық мың теңгемен)	8,007,623	6,834,875
Айналымдағы жай акциялардың орташа шамадағы саны	5,601,812	5,601,687
Топ иелеріне тиесілі, акциялардың базалық және көбейтілген пайдасы (теңгеге дейін дөңгелектегенде)	1,429	1,220

Бір акцияның теңгерімдік құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – ҚҚБ) Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешімімен сәйкес, қаржылық есептілік ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерден тұруы тиіс. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, осы қаржылық есептілік негізінде Компания басшылығы есептеген бұл көрсеткіш 86,937 теңгені (2019 жылғы 31 желтоқсан: 85,925 теңгені) құрады. Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілді:

35 Акцияға тиесілі пайда және бір акцияның теңгерімдік құны (жалғасы)

<i>Қазақстандық мың теңгемен</i>	2020 ж.	2019 ж.
Барлық активтер	885,705,149	889,217,254
Алып тастағанда: материалдық емес активтер	(3,570,398)	(3,691,945)
Алып тастағанда: барлық міндеттемелер	(395,129,513)	(404,200,884)
Жай акцияларға арналған таза активтер	487,005,238	481,324,425
31 желтоқсандағы жағдай бойынша жай акциялар саны	5,601,812	5,601,687
Бір акцияның теңгерімдік құны, теңге	86,937	85,925
